

Габдуллин Н.И.

Басқару есебі 2

Оқу құралы

Алматы, 2021

«Қайнар» Академиясы

Габдуллин Н.И.

Басқару есебі 2

Оқу құралы

«Нур-пресс» басылымы

Алматы 2021

ӘОЖ 336.1; 336.22

ББК 65.261.4

Г17

Рецензенттер:

Давлетова Майра Турысбековна – Абылай хан атындағы Қазақ Халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті «Экономик және менеджмент» кафедрасының меңгерушісі

Сапарбаев Әбдіжапар Жұманұлы – э.ғ.д., «Кайнар» академиясының профессоры, «Экономика және бизнес» кафедрасы

Г 17 Габдуллин Н.И. Салықтық есеп саясаты: Оқу құралы. – Алматы: «Нур-пресс» басылымы, 2021. – 130 б.

ISBN 978-601-212-089-9

Оқу құралының мақсаты - студенттердің басқару есебі ғылымының жүйесінде орын алатын «Басқару есебі 2» пәнінің теориялық және тәжірибелік білімдерін қалыптастыру. Оқу құралында «Басқару есебі 2» пәнінің негізгі түсініктері, мәні, қағидалары мен міндеттері келтірілген. Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексінің талаптарына және өзгеде кәсіпкерлікті реттейтін заңнамаларға сәйкес басқару есеп саласында қолданылатын есептемелер, талдау әдістемелері мен тәсілдері ашып көрсетілген.

Оқу құралының тәжірибе бөлімінде оқырмандарға арналып өзін өзі тексеру тапсырмалары, тесттер және сауалнамалар ұсынылған. Берілген дәрістердің мазмұны қабылдауға жеңіл болу үшін оқу құралында түрлі кестелермен сызбалар және құжаттамалар келтірілген.

Оқу құралы жоғары оқу орындарының экономикалық мамандықтарының студенттеріне, сондай-ақ экономика саласында мамандарды кәсіби даярлау және қайта даярлау жүйесіндегі экономикалық пәндерді жүргізетін оқытушыларға арналған.

ӘОЖ 336.1; 336.22

ББК 65.261.4

ISBN 978-601-212-089-9

©Габдуллин Н.И., 2021

© ЖШС «Нур-пресс» басылымы, 2021

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ.....	6
I ТАРАУ. БАСҚАРУ ЕСЕБІ 2: ПӘНІ ЖӘНЕ НЕГІЗДЕРІ.....	8
1.1 Қазіргі жағдайдағы басқару есебінің ерекшелігі.....	8
1.2 Басқару есебінің объектілері, тәсілдері және құрамдас бөліктері.....	11
1.3 Басқару есебінің қағидалары, мақсаттары мен міндеттері.....	14
1.4 Басқару есебі мен қаржы есебінің салыстырмалы сипаттамасы.....	16
II ТАРАУ. ӨНДІРІСТІК ШЫҒЫНДАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ БАСҚАРУ ЕСЕБІН ҰЙЫМДАСТЫРУ.....	25
2.1 Шығыс және өндірістік шығын.....	25
2.2 Өндіріс шығындарың талдамалық есебі.....	29
2.3 Өндірістегі шығындардың жиынтық есебі.....	33
2.4 Басқару есебіндегі калькуляциялау негіздері.....	36
III ТАРАУ. БАСҚАРУ ЕСЕБІНДЕГІ ҮРДІСПЕ – ҮРДІС КАЛЬКУЛЯЦИЯЛАУ ТӘСІЛІ.....	42
3.1. Үрдіспе – үрдіс калькуляциялау тәсілінің ерекшеліктері, тәсілді қолдану аясы.....	42
3.2 Үрдіспе – үрдіс калькуляциясының қарапайым әдісінің бірінші нұсқауы.....	43
3.3. Үрдіспе – үрдіс калькуляциясының қарапайым әдісінің екінші нұсқауы.....	45
3.4 Үрдіспе – үрдіс калькуляциясының қарапайым әдісінің үшінші нұсқауы.....	47
3.5 Үрдіспе – үрдіс калькуляциясының қарапайым әдісінің төртінші нұсқауы.....	48
IV ТАРАУ. ТАПСЫРЫСТЫҚ КАЛЬКУЛЯЦИЯ.....	54
4.1. Тапсырыстық әдістің қолдану өрісі.....	54
4.2. Тапсырыс бойынша шығындардың есебі.....	55
V ТАРАУ. ФУНКЦИОНАЛДЫҚ КАЛЬКУЛЯЦИЯ.....	61
5.1. Функционалдық калькуляция негіздері.....	61
5.2. Функционалдық калькуляция әдістері.....	63
VI ТАРАУ. НОРМАТИВТІК КАЛЬКУЛЯЦИЯ.....	68
6.1 Нормативтік калькуляциялау әдісінде нормаларды есепке алу.....	68
6.2. Нормалардың ауытқуларын тарату әдістері.....	71
VII. ТАРАУ. ШЫҒЫНДАРДЫ БАПТАРЫ БОЙЫНША БАСҚАРУШЫЛЫҚ ЕСЕПКЕ АЛУ.....	76
7.1 Материалдық шығындарды басқарушылық есепке алу.....	76
7.2 Еңбек ақы шығындарды басқарушылық есепке алу.....	78
7.3 Үстеме шығындарды басқарушылық есепке алу.....	80
7.4. «Стандарт - кост» жүйесі.....	83
VIII ТАРАУ. ӨЗІНДІК ҚҰНДЫ ШЫҒЫНДАРДЫ ТОЛЫҚ ҮЛЕСТІРУ БОЙЫНША (АБЗОРБШЕН-КОСТИНГ) ЖӘНЕ АЙНЫМАЛЫ ШЫҒЫНДАР БОЙЫНША КАЛЬКУЛЯЦИЯЛАУ.....	89
8.1 Шығындардың толық таратылуы.....	89
8.2 Өзгермелі шығындар бойынша өзіндік құнның калькуляциясы.....	91

IX ТАРАУ. ЗИЯНСЫЗДЫҚТЫ ТАЛДАУ ЖӘНЕ КЕШЕНДІ ӨНДІРІС ШЫҒЫНДАРЫНЫҢ ЕСЕБІ.....	96
9.1 Өндірістің зиянсыздығын талдау.....	96
9.2 Өндірістің ауіпсіздік шегін анықтау.....	97
9.3 Кешенді өндіріс шығындарының есебі.....	99
X ТАРАУ. БЮДЖЕТТЕУ, БЮДЖЕТ ТҮРЛЕРІ ЖӘНЕ БЮДЖЕТТІК БАҚЫЛАУ.....	106
10.1 Бюджет анықтамасы және мәні.....	106
10.2 Бюджет түрлері және оларды жасау ерекшеліктері.....	107
10.3 Басқару шешімдерін қабылдау.....	109
ГЛОССАРИЙ.....	115
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР.....	120

КІРІСПЕ

Кәсіпорынның басқарушылық есебі, есептің бір бөлігі ретінде, жіктеумен, жазумен, талдаумен, қорытумен, ағымдағы және жорамалданған шығындар бойынша есеп берумен байланысты жүргізіледі.

Басқарушы есебі салаға, қызмет түрлеріне, кәсіпорынға лайықтап шығындарды есепке алудың және өнімнің, жұмыстар мен көрсетілген қызметтердің өзіндік құнын есептеп шығарудың жүйелі әдістерін талдап еңгізуді көздейді.

Мұнда цехтар, функционалдық бөлімшелер, жауапты адамдар, қызмет түрлері, бұйымдар, кезеңдер және басқа да көрсеткіштер бойынша шығындарды есепке алу және өнімнің өзіндік құнын алдын ала есептеп шығару жүзеге асырылады.

Басқарушылық есеп келесі кезеңдерге өнімнің өзіндік құнын, стандарттық немесе өзі қалайтын өзіндік құнды болжайды, түрлі кезеңдер ішіндегі элементтер мен баптар бойынша өзіндік құнды салыстыруды жүзеге асырады және түрлі жағдайлардағы өнімнің өзіндік құн бойынша бар нұсқауларға талдау жасап, кәсіпорынды басқару органдарына өзіндік құн туралы деректер береді, бұл деректер осы органдар үшін ағымдық және болашақ операцияларды бақылауды жүзеге асыру құралы болып табылады.

Кәсіпорынды басқарудың екі нұсқасын кездестіруге болады.

Бірінші нұсқада тек есептік функция орындалады: жауапкершілік ортплығы бойынша өндіріске кеткен шығындардың есебін жүзеге асырады және өнімнің, жұиыстың және қызметтің өзіндік құнын калькуляциялайды.

Ал екінші нұсқада таза есептік функция мен қатар өндіріске кеткен шығындардың сметасын жасауды, сондай-ақ норматив пен норманы әзірлеуді жүзеге асырады, яғни кәсіпорынның барлық нормативтік шаруашылығын жүзеге асырып, жасалған шығындарды талдап, оларды стандартпен салыстырып, өнімнің өзіндік құнын болжайды. Бухгалтерия жұмыстарын осылайша ұйымдастыру кәсіпорынды басқару жүйесінің бір бөлігі болып табылады. Шетел кәсіпорындарында тап осындай нұсқа жиі кездеседі және ол басқарушы есеп деп аталады.

«Басқару есебі 2» пәнінде берілетін дәріс «Басқару есебі 1» пәнінде берілетін ақпарат аясын кеңейтеді және ол негізінен фирманың ішкі операцияларын жүргізу кезінде қолданылады.

Қазақстан Республикасының жүзеге асырылып жатқан бухгалтерлік есептің халықаралық стандарттарына сәйкес жүргізу, жаңа экономикалық жағдайлар бухгалтерлік қызметтің міндеттері мен өкілеттіктерін ұлғайтуда.

Басқару іс-әрекеті тиген есеп қызметкерлерін бухгалтер-талдаушы (бухгалтер-менеджер) немесе талдаушы сараптамашы деп атайды.

Кәсіпорындағы басқару есебін ұйымдастырудағы маңызды жағдайлардың бірі- бухгалтерлік есептің жеке жүйесі ретінде кадрмен қамтамасыз ету болып отыр.

Басқару есебін жүргізу үшін шаруашылық операцияларын тіркеумен ғана шұғылданбай, кәсіпорынды басқаруға да қатысатын білікті бухгалтер-талдаушы талап етіледі.

Басқару процесінің міндетті іс-қызметтерін оқып- білген соң, басқару міндеттерін орындау кезінде менеджерлерге көмек көрсететін бухгалтер-талдаушы атқаратын рөлді қысқаша қарап көрсететін кез келген. Кәсіпорынның ұйымдастырушылық құрылымында жеке бөлімшелер арасында желілік және (штабтық) өндірістік қатынастар болуы мүмкін. Желілік қатынастар бағынышты адамдарға нұсқау беруді көздейді.

Бас бухгалтер-талдаушы барлық бухгалтерлік қызмет, демек желілік қатынастар жұмысы үшін де жауап береді. Желілік емес өндірістік қатынастар бір бөлім екінші бір бөлімдерге (мысалы кадр, жабдықтау, жобалау, қаржымен қамтамасыз ету бөлімдеріне) қызмет көрсеткен кезде пайда болады.

Бухгалтер-талдаушының міндетті іс-қызметі бұл орайда да штабтық сипатқа ие болады, өйткені оған бағынышты қызмет кәсіпорының басқа бөлімшелеріне кеңес береді, қызмет етеді және үйлестіреді.

Өндірісті басқару жүйесінде басқарушы есептің атқаратын ролі ең алдымен "басқарушылық шешімдерді жасау" мәселесін шешумен анықталады, бірақта бұл үшін бір мезгілде, өндірісті басқаруда жақсы жағдайы болу үшін, екі бапты бірден түсіну керек:

Бірінші бабы мынадай басқару элементтерінен тұрады:

а) мәселеленің қойылуы (ақпараттар жинау, басқаруды синтездеу, жоспар құру, шешім қабылдау, яғни басқаша айтқанда бұлардың барлығы инновациялық жәрдем беруді білдіреді);

б) қойылған мәселелерді жүзеге асыруға басшылық ету (ұйымдастыру, мәліметтер алмасу, дәйектеу, шаруашылық субъектінің бағыты бойынша кеңестер беру, яғни басқаша айтқанда бұл, біріншіден, бірінші бағыттың бастапқы екі элементін бір біртұтас бүтінге үйлестіруді, екіншіден, қол астындағыларды оқыту және оларды даярлауды білдіреді);

в) нәтижелерді өлшеу (бақылау, бағалау).

Екінші бабы басқарушы есептің техникалық жақтарымен байланысты, ал егер дәлірек айтсақ, күрделі (капиталдық) жұмсалымдардың сметаларын жасау және олардың өтелімін анықтау, смета-жоспарларын, (нормаларын) құру, запастарды басқару және т. б.

Демек, басқарушы есептің ролі — бұл екі бапты үйлестіру немесе өндірісті басқарудың барлық шешуші элементтерін, бизнесте ірі жетістікке жетуге бағышталған бір бүтінге айналдыру.

1.1 Қазіргі жағдайдағы басқару есебінің ерекшелігі

Басқару есебінің дербес оқу пәні ретінде пайда болуы Американдық бухгалтерлер ассоциациясының (American Accounting Association) түлектерге бухгалтер-талдаушы квалификациясын беріп, басқарушы есеп бойынша диплом алу жөнінде 1972 жылы әзірлеген бағдарламасымен байланысты. Б

Бұл жыл бухгалтерлік есептің қаржы және басқарушы есебі болып, ресми түрде бөлінуін айқындады.

Отандық экономикада басқарушы есепті жаңа құбылыс түрінде қарау қателік болар.

Бухгалтерлік қызметтің атқаратын жұмысы кеңес үкіметінің кейінгі жылдарымен салыстырып қарағанда, 20-30 жылдардың басында едәуір кеңірек болған.

Сол заманның бухгалтері есептікте, сондай-ақ жоспарлы-талдамалық жұмыстарымен де айналысқан.

Социалистік шаруашылық жүргізу жүйесі орталықтандырылған жоспарлауды нығайтуды көздейтін елдердің даму деңгейлерінде біртіндеп бухгалтерлік қызметтен жоспарлы және қаржылық бөлімдерінің бөлінуі, оларға бухгалтерлік өкілеттіктің, бір бөлігін беру орын алды.

Қайта құру кезінде, нарықтық экономиканың пайдасына орталықтандырылған басқару жүйесінен бас тартып, бірақ жоспарлаудың рөлін дәлелсіз төмендетудің салдарынан — кәсіпорынның техникалық өнеркәсіптік-қаржылық жоспарының мәні жойыла бастағаны байқалды.

Басқарушы есебіндегі бюджеттеу, көбінесе отандық тәжірибеде қолданылған техникалық-өнеркәсіптік-қаржылық жоспарды жасаудың тәртібін еске салады. Қазақстандық экономистерге жақсы танымал, факторлық талдау басқарушы есепте, нақты шығындардың сметалықтан ауытқуларын талдау кезінде пайдаланады.

Оңтайлы басқару мен қаржылық шешімдерді қабылдау үшін өз шығындарыңды және бәрінен бұрын өндірістік шығындар жайлы ақпаратты талдай білу керек.

Шығындарды талдау олардың тиімділігін анықтауға, олардың шектен тыс болу болмауын айқындауға, жұмыстың сапалық көрсеткіштерін тексеруге, бағаларды дұрыс қоюға, шығындарды реттеу мен бақылауға, пайда мен өндірістің пайдалы деңгейін жоспарлауға көмектеседі.

Отандық ұйымдарда бүгінгі уақытқа дейін орталықтандырылған мемлекеттік баға белгілеу жағдайында дұрыс болып шыққан бұйымдар арасындағы қосымша шығындарды бөлу арқылы толық өзіндік күн есебі ғана қолданылды.

Меншіктің әр түрлі нысаны ұйымның жекелену, мемлекеттік кәсіпорындарды жекешелендіру процесінің даму, еркін баға белгілеу мен шығарылатын өнімнің ассортиментін өз бетінше жоспарлау тетіктерін енгізу, нарықтық экономиканың басқа жақтарын дамыту шамасы бойынша бухгалтерлік практиканың жаңа және келешектік бағыттарының бірі басқару есебіне деген қажеттілік бірте-бірте өсуде.

Бухгалтерлік басқару есебі - шаруашылық және қаржылық іс-әрекетпен шұғылданатын әркімге қажет білім саласы.

Шаруашылық қатынастардың қандай тобы көрсетілуіне байланысты бухгалтерлік есеп екі құрамдас бөлікке бөлінеді: қаржылық есеп пен басқару есебі.

Қаржылық есептің мәліметтері салыстырмалы және мекеменің қаржылық жағдайына, оның төлемге және несиеге қабілеттілігіне, оған инвестиция салудың пайдалылығына әділетті баға беру үшін ішкі пайдаланушыларға, инвесторларға, кредиторларға және басқа пайдаланушыларға қажетті ақпарат бөлуге тиіс.

Нарықтық экономика елдерінде бухгалтерлік есептің дамуы көрсетілген екі бағыт бойынша өзінің методологиялық, әдістемелік және ұйымдастырушылық дербестігін алды.

Сондықтан басқару есебінің мәні мен белгіленген міндетін, оның ұйым есебінің жүйесіндегі орнын, ақпараттық қамтамасыз ету мен жүргізу тәсілдерін қарау керек.

Сонымен, басқару есебі есептеу, жоспарлау, бақылау, кіріс, шығыстарды жолдау жүйесі мен талдаушылық тұрғыдан қажетті шаруашылық іс-әрекеттің қорытындыларын, қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді келешекте кәсіпорын қызметінің қаржылық нәтижелерін оңтайлындыру мақсатымен әр түрлі басқару шешімдерін шұғыл қабылдау жүйесін көрсетеді.

Басқару есебінің мәні мен мағынасы, оның мақсаттары мен міндеттері.

Кез-келген кәсіпорын басшысының маңызды міндеттерінің бірі – ХХІ ғ. басында өзінің бақылауындағы ресурстарын мүмкіндігінше тиімді пайдалану. Ол үшін сол ресурстардың саны жөнінде ақпараттар қажет.

Стандартты бухгалтерлік есеп ондай ақпараттармен қамтамасыз ете алмайды. Сондықтан ХХ ғасырдың басында индустриалды дамыған елдердегі нарықтық экономиканың дамуы бухгалтерлік есепке қосымша басқару есебінің қажеттілігін тудырды.

Осыған байланысты бухгалтерлік есептің біртұтас жүйесін қаржылық және басқару есебі деп бөлуге тура келді.

«Басқару есебі» терминінің мәнін ашуда екі қадам ұсынылады. Біріншісі management accounting-пен, екіншісі еуропалық «контроллингпен» байланысы.

Бірінші терминмен байланысты кез-келген есеп қызметінің негізгі міндетті-кәсіпорынның басқару персоналдарын (қызметкерлерін) басқару шешімдерін қабылдау үшін өз уақытында және толық ақпараттармен қамтамасыз ету болып табылады. Бұл есеп жөніндегі қызметтің кәсіпорынды тұтас және жеке бөлімдерін басқарумен байланыстылығының ажырамайтындығын көрсетеді. Сондықтан басқару есебінің; талабынан шығып отырғандай, management accounting сөзін есепті ұйымдастыру деп аударуға болады.

Осындай қадамда басқару есебі кәсіпорынның шығындары жөніндегі ақпараттарды талдайтын және жинақтайтын жүйе ғана емес, сонымен бірге қызмет бөлімшелерін бағалау және бюджеттеу жүйесі.

Жалпы алғанда мұнда бухгалтерлік технологияға қарағанда басқару дәрежесі үлкен.

Екінші түсінікке сәйкес басқару есебі – өнімнің өзіндік құны, шығыстар мен шығындар жөніндегі ақпараттарды ашып көрсететін және жинақтайтын жүйе ретінде қарастырылады, яғни ол кәсіпорын қызметіне бақылау жасау мақсатындағы ұйымдастырылған есептің кеңейтілген жүйесі.


Тар мағынада басқару есебін – кәсіпорын қызметімен байланысты шығындар мен табыстардың есебі және оларды бақылау деп түсінуге болады.

Қазақстанның тәжірибесінде басқару есебі көп жағдайда кең мағынада ұйымның қызметін бақылау, басқару және жоспарлау үшін пайдаланылатын, бір кәсіпорын шегінде басқару персоналын ақпараттармен қамтамасыз ететін жүйе ретінде қарастырылады.

Басқару есебінің объектілеріне:

- кәсіпорынның және оның жекелеген құрылымдық бөлімдерінің шығындары;
- жауапкершілік орталықтары;
- жауапкершілік орталықтарымен тұтас кәсіпорынның шаруашылық қызметінің қорытындылары;
- ішкі бағаның құрылуы;
- бюджеттік жоспар жасау;

- бюджет жоспарын орындау үдерісін қадағалау;
- ішкі есеп жүргізуді ұйымдастыру;
- ішкі есеп беру.



Сурет 1.1 – Басқару есебінің ішкі жүйесі

Батыстың басқару есебінің тәжірибесінде басқару және қаржы бухгалтериялары байланысының екі варианты бар. Бұл байланыс қаржы бухгалтериясындағы шығыстар мен табыстар шоттарының жағдайын (қандай екендігін) бақылау шоттарының көмегімен жүзеге асырылады.

Басқару бухгалтериясындағы бақылау сұрақтарымен тікелей корреспонденциялардың бар болуы кәсіпорындағы есептің интегралдық (монистикалық) кіші жүйесінен орын алады. Егер басқару есебінің кіші жүйесі автономды, тұйық болса, онда аттас екі шот қолданылады, яғни көрсетілген шоттар немесе шот-экран.

Басқару есебінде пайдаланылатын әдістер әр түрлі:

- бухгалтерлік есеп (қаржы есебі) әдістерінің кейбір элементтері (шоттар, қосарлы жазу, түгелдеу, құжаттау, баланс, есеп беру);
- статистика мен экономикалық талдауда қолданылатын әдістер мен тәсілдер (индекстік әдіс, факторлық талдау және т.б.)
- математикалық әдістер (корреляция, сызықтық программалау, ең төменгі квадраттар әдісі және т.б.).

Басқару есебінің мақсаттары:

- басқарушыларға жедел басқару шешімдерін қабылдау үшін ақпараттық көмектер көрсету;
- кәсіпорынның және жауапкершілік орталықтарының экономикалық қызметін жоспарлау, болжау және бақылау;
- баға құрылымы үшін базаларды қамтамасыз ету;
- кәсіпорынның тиімді даму жолдарын таңдау.

Нарықтық экономика жағдайында толық шаруашылық және қаржылық

дербестік берілген кәсіпорынды басқару процесі едәуір қиындады. Сондықтан, бухгалтерлік есеп жүйесі алдындағы тұрған міндеттер де күрделенді. Әкімшілік жүйенің бухгалтерлік жүйесі бүгінде қазіргі замандағы «ақпараттық» кәсіпорынның талаптарын қанағаттандыра алмаушы еді. Бухгалтерлік қызметтің дербес саласы жағдайында қаржылық және басқару делініп бөлінетін басқару есебі сөзсіз болады.

Қаржылық есепте кәсіпорынның нарық субъектісі ретіндегі шаруашылық серіктерімен, банктермен, салық жүйесімен және басқа сыртқы ұйымдарымен шаруашылық қатынастары, яғни кәсіпорын қызметінің нәтижелері туралы ақпаратты сыртқы бухгалтерлік есеп беру көрсеткіштері болып көрсетіледі, өңделеді және жинақтап қорытылады.

Басқару есебі қаржылық есепті кеңейтеді және ең алдымен кәсіпорынның ішкі операцияларында қолданылады. Оның мақсаты - басқару аппаратын, менеджерлерді, нақтылы шаруашылық мақсатына жетуге жауаптыларды ақпаратпен қамтамасыз ету. Басшылық пайдалануы үшін дайындалатын бухгалтерлік ақпаратқа тікелей кәсіпорында жұмыс істемейтін сыртқы пайдаланушыларға арналған ақпаратқа қарағанда, басқадай талаптар қойылады. Басқару есебінің мәліметтері кәсіпорынның коммерциялық құпиясы болып табылады.

Сонымен қатар, басқару есебі әдетті бухгалтерлік есептен мәліметтері *сыртқы пайдаланушыларға* (мемлекет, банк, іскер серіктерге) арналмағандығымен, ішкі «қолданыс» үшін екендігімен айрықшаланады. Басқару есебі - жоспарлау, бақылау, шешім қабылдау сияқты түйінді салада менеджердерге көмектесу мақсатымен қаржылық ақпарат беру басқаруды ақпараттық қолдау жүйесінен басқа ештеңе емес.

Басқару есебін назар үйіру деп те айтуға болады. Сонымен қатар уақыты шектеулі менеджерлерге өздері білетін немесе күтетіні жайлы тыңдайтын уақыты жоқ. Олар барлығын бақылай алмайды, сондықтан оларға жоспар бойынша жүріп келе жатқан істер жайлы ақпарат маңызды емес, яғни басқару есебінің мәні - түзетуді талап ететін өрісті айқындау.

Сонымен, басқару есебі есептеу, жоспарлау, бақылау, кіріс, шығыстарды жолдау жүйесі мен талдаушылық тұрғыдан қажетті шаруашылық іс-әрекеттің қорытындыларын, қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді келешекте кәсіпорын қызметінің қаржылық нәтижелерін оңтайлындыру мақсатымен әр түрлі басқару шешімдерін шұғыл қабылдау жүйесін көрсетеді.

1.2 Басқару есебінің объектілері, тәсілдері және құрамдас бөліктері

Басқару есебінің объектілері ұйым мен оның бөлімшелерінің шаруашылық қызметінің қорытындылары мен шығындары; баға белгілеу, бюджеттеу және ішкі есеп беру болып табылады.

Құнды қағаздармен қаржылық операциялар, мүлікті сату мен сатып алу, жал және лизинг операциялары, еншілес және тәуелді қоғамдарға инвестициялар және т.с.с. басқару есебінің шеңберінен шығады.

Бұрын атап көрсетілгендей, басқару есебінің өрісі - есеп беру орталықтарының (ұйым сегментінің) өндірістік іс-әрекеті, сондықтан басқару есебін кейде жауапкершілік орталықтары жөніндегі есеп немесе сегменттік есеп деп те атайды.

Сегменттік есеп - ұйымның жеке құрылымдық бөлімшелерінің қызметі туралы ақпаратты жинау, көрсету және жинақты қорыту жүйесі.

Кәсіпорынның ақпараттық жүйесіндегі басқару есебінің объектілері көрсетілетін әр түрлі әдістер мен амалдар басқару есебінің тәсілдері деп аталады.

Басқару есебінің тәсілдері келесі элементтерден тұрады.

Құжаттама – кәсіпорынның өндірістік қызметін жеткілікті дәрежеде толық көрсететін алғашқы құжаттар мен ақпараттық машиналық атқарушылары. Кәсіпорын ерекшелігіне сәйкес бастапқы есеп қаржышық және басқару есебіне арналған ақпараттың негізгі көзі болып табылады.

Түгендеу - объектінің іс жүзіндегі жағдайын, сондай-ақ есептік мәліметтерден ауытқушылықты, есепке алынбаған құндылықтарды, шығындарды, кем шығуды, ұрлықты анықтау тәсілі.

Топтастыру мен жинақтап қорыту, бақылаушы шоттарды пайдалану - белгілі бір белгілер бойынша объекті туралы ақпаратты жинақтауға және жүйелендіруге мүмкіндік беретін тәсіл. Топтастырылған ақпарат іс-әрекет нәтижелерін бағалау мен шұғыл және стратегиялық шешімдер қабылдау үшін тиімді пайдаланады.

Бақылаушы шоттар - сол кезең операцияларының жиынтық сомасы бойынша жазбалар жасалатын жиынтық шоттар. Бақылаушы шоттар жүйесі қаржылық және басқару есебі арасын байланыстыратын буын болып шығады және есептік жазбалардың толықтығы мен дұрыстығын анықтауға жол ашады.

Мөлшерлеу (нормалау) - ресурстардың барлық түрлерін тиімді пайдалану мен шығындарды өнімге айналдыратын ең өнімді жолдарды іздестіруді қамтамасыз ететін оңтайлы нормалар мен нормативтерді ғылыми негізделген есептеу процесі. Мөлшерлеусіз қорлар мен іс жүзіндегі шығындар жағдайын бақылау мен басқару есебі жүйесін ұйымдастыру мүмкін емес. Мөлшерлер бақылау жүйесінің негізгі ретінде жауапкершілік, азық-түлік және операциялар орталықтары бойынша жіктеледі және топтастырылады.

Ынталандыру - кәсіпорынның мақсаты мен міндеттерін анықтауға, осы мақсаттарға сәйкес шешімдер қабылдауға жетелейтін өндірістік процеске қатысушылардың дәлелдеу (мотивация) құралы. Бұл ретте сметалар мен оларды орындау туралы атқару есептері алға шығады.

Бақылау - пайда болған ауытқуларды ашу мен жоюға мүмкіндік беретін, кәсіпорын қызметін бұрын белгіленген тапсырмаларды орындауға бағыттайтын жоспарлау мен талдауды аяқтау процесі. Басқару есебінің ақпараты оперативті басқаруда бухгалтерлік мәліметтермен нығайтылады және кейде толықтырады. Өз кезегінде қаржылық есеп мәліметтері жанжақты қарастырылады; басқару есебінен түсетін ақпаратпен толықтырылады.

Бағалау - шешім қабылдаудың барлық жүйесін талдаудың соңғы процесі; қойылған мақсатқа (кері байланыс) жету анықталады; ауытқу себептері: жоспарлау кемшіліктері; оперативті шешімдер санын көбейтуге әкелген іс-қимылдың қолайсыз жақтары; бақылау жүйесінің басқару талаптарына сәйкессіздігі; қате мақсатты таңдау айқындалады.

Тәсілдің барлық элементтері бір-бірінен алшақ емес, басқару міндеттерін шешуге бағытталған ішкі шаруашылық байланыстарын ұйымдастыру жүйесінде әрекет етеді.

Бухгалтерлік басқару есебінде қолданылатын топтар сан алуан:

- бухгалтерлік қаржылық есептің жұмыс әдістері (шоттар мен екі жақты жазу, түгендеу мен құжаттама, байланысты қорыту мен есеп беру);
- индекстік тәсіл (статистикада қолданылады);
- экономикалық талдау әдістері (нормативті, тізбекті ұластыру жәнет.б.);
- математикалық тәсілдер (корреляция, желілі бағдарламалау, ең аз шаршы әдісі және т.б.).

Олардың барлығы бір тұтас жүйеге бірігіп кірістіріледі және кәсіпорынды басқару мақсатында қолданылады.


Сонымен, басқару есебінің негізгі мақсаттары мен міндеттерін осылайша тұжырымдауға болады:

- шығындар мен кірістердің біріккен есеп жүйесін құру;

- шығындарды мөлшерлеу (нормалау);
- шығындарды жоспарлау, бақылау және талдау;
- бюджеттеу;
- баға белгілеу үшін негізді қамтамасыз ету;
- жедел басқару шешімдерін қабылдауда қаржылық менеджерлерге ақпараттық көмек беру;
- кәсіпорын қызметінің және жауапкершілік орталығының экономикалық шешімділігін бақылау, жоспарлау және болжау;
- кәсіпорын дамуының ең тиімді жолдарын таңдау.

Кәсіпорынның басқару жүйелерінің жетілдірілуіне байланысты арнайы әдебиетте және өмірде "контроллинг" (басқару дегенді білдіреді) ұғымы жиі-жиі кездесе бастады. Бұл басқарудың барлық саласы мен деңгейін қамтитын шаралар кешені арқылы көрсетілетін, ақпаратты өңдеу, талдау, шаруашылық жоспарлау және тиісті бақылау процестерін біріктіретін тәсілдердің бірі. Контроллинг – кәсіпорынның түпкілікті мақсатын жүзеге асыратын процесті бақылау. бақылау жүргізеді.

Басқару есебі жинау, тіркеу және ақпаратты жинақтап қорыту жүйесі сөзінің тармағынасындағы есебі болып табылмайды. Бұл - бәрінен бұрын әр түрлі жүйе бөліктері мен тәсілдерді бір тұтас мақсатқа жету үшін жұмылдыратын кәсіпорынның басқару жүйесі.



Сурет 1.2 - Басқару есебінің құрамдас бөліктері

Мұндай жүйе бөлігін басқару есебі, пайда басқармасы немесе контроллинг деп атауға болады.

Кәсіпорынның өндірістік ресурстары - басқару есебінің объектілерінің (нысандарының) бірі болып есептеледі.

Өндіріс процесінде жұмыс істейтін өндірістік ресурстардың құрамдас бөліктері статистикалық болып қалмайды, олар айналым жасайды, түрі өзгереді, өнімге айналады, үнемі қозғалыста болады, тозады және басқа өзгерістерге ұшырайды.

Өндіріс құралдарының айналымының барлық кезеңдерінде өндірістік ресурстар (жабдықтау-дайындау қызметі, өндіріс пен өткізу) жүйелі бухгалтерлік есепте көрініс табады.

Алайда бұл көрсету ерекшелікті, ол қозғалыс (мысалы, кәсіпорын қоймасындағы материалдық ресурстардың есебі, жабдықтаушылардан алынған құндылықтар есебі, құндылықтарды өндіріске босату есебі, цехтағы, цех қоймаларындағы материалдардың есебі) негізінде, ресурстардың жағдайы мен бар-жоғына қатысты болады.

Материалдық ресурстар мен негізгі қорлардың сақталуы үшін материалдарға жауапты адамдар жауапкершілігі ғана қарастырылған. Өндірістік ресурстарды пайдалану тиімділігі үшін жауапкершілік жүктелмейді.

Сонымен қатар бұл ресурстар кәсіпорынның әр түрлі саладағы қызметінің белгілі бір операцияларын атқаратын әр қилы құрылымдық бөлімшелерінде қолданылады.

Мұндайда олардың әрқайсысына тиімділікті сипаттайтын көрсеткіштер жүйесі сәйкес келеді.

Бұрын айтылғандай, қазіргі жағдайда басқару есебін ұйымдастыру мен жүргізу жөнінде өзіндік шешімдер болуы мүмкін. Ішкі қажеттіліктер үшін есепке тіркеуді реттейтін құжаттардың болмауы, ұйымдастыру мен есептегі техниканың бар болуы өндірістік есепті басқару есебі етіп қайта құруға мүмкіндік береді.

Басқару есебінің жүйесін жасағанда әрбір саланың тиімділігін анықтаумен бөлінгісіз байланыстағы іс-әрекет өрістері бойынша шығыстарды есептеу негіз қалаушы белгі болып шығады.

Басқару есебін ұйымдастыруға деген мұндай көзқарас оның келесі құрамдас бөліктерін қарастырады:

- жабдықтау-дайындау қызметінің басқару есебі;
- өндірістік қызметінің басқару есебі;
- қаржылық - өткізу қызметінің басқару есебі;
- ұйымдастыру іс-әрекетінің басқару есебі.

1.3 Басқару есебінің қағидалары, мақсаттары мен міндеттері

Басқару есебінің қағидалары:

кәсіпорын қызметінің үздіксіздігі;

жоспарлау мен ептеу (жоспарлы-есептік) үшін кәсіпорын бөлімшелерінің іс-әрекет нәтижелерін бағаларын өлшеу бірдей бірлігін пайдалану;

басқару мақсатымен алғашқы және аралық ақпараттың жалғастығы, сабақтастығы және бірнеше рет пайдаланылуы;

ішкі есеп беру көрсеткіштеріне басқару деңгейлері арасындағы қатынастық байланыс негізі ретінде қалыптастыру;

шығындарды, қаржыны, коммерциялық қызметті басқарудың бюджеттік (сметалық) тәсілдерін қолдану;

есеп объектілері туралы тура ақпаратты қамтамасыз етудің толықтығы мен талдаушылығы;

есеп саясаты белгілеген кәсіпорынның өндірістік және коммерциялық циклдарын көрсететін мерзімділік.

Аталған принциптердің жиынтығы басқару есебі жүйесінің ықпалдылығын қамтамасыз етуі, бірақ есепті процесті бір ізге салмайды.

Кәсіпорын қызметінің үзіліссіздігі кәсіпорынның болашақта дамитындығын білдіретін, өндіріс ауқымын қысқаратын және өзінен-өзі тарайтын ниеті жоқтығымен бейнеленеді.


Бұл принцип бухгалтерлерді ұзақ мерзімді проблемаларды шешуге: өнімді өндірудің бәсекеге қабылеттілігін талдау, шикізат пен материалдарды, ассортиментті өзгерту мен жаңа өнімді игеру, инвестициялар және т.с.с. ақпараттық қызмет етуді жасауға бағыттайды.

Өндірісті жоспарлау мен есептеуде бірыңғай жоспарлы-есептік өлшем бірліктерін пайдалану, олардың арасындағы тікелей кері байланысты қамтамасыз етеді. Жоспарлы-есептік бірліктер жедел (оперативті) өндірістік жоспарлау жүйесінің әр түрлі деңгейіндегі мәнін ашады, олардың көмегімен өндірістің басқару есебі мен шығындардың бухгалтерлік есебі көрсеткіштерінің өзара тығыз байланысына негізделген барлық есеп жүйесінің методологиясын әзірлеу үшін, жекелеген құрылымдық бөлімшелердің - шаруашылық жүргізу нәтижелерін анықтау үшін нақты

мүмкіндіктер пайда болады. Өндірістің басқару есебінің жоспарлы-есептік бірліктері мен бухгалтерлік есеп қолданылатын, қоймаға тапсырылған дайын өнімді өлшеу бірліктері бірдей. Солар арқылы басқару мен орындалған тапсырыстардың қаржылық есептері арасында байланыс байқалады.

Кәсіпорынның құрылымдық бөлімшелері қызметінің нәтижелерін бағалау-басқару есебі жүйесін құрудың негізін қалайтын принциптердің бірі.

Кәсіпорындардағы ұйымдастыру формаларының бір-біріне ұқсамайтын барлық өзгерістері болса да, басқару есебі оперативті - өндірістік және техникалық экономикалық жоспарлаумен байланысты болуға тиіс.



Сурет 1.3 - Басқару есебінің қағидалары

Басқару есебі жоспарлау мен бақылау жүйесімен біріккенде цехтың, участоктың, бригаданың шаруашылық жүргізу механизмі білдіреді. Іс-қызмет нәтижелерін бағалау әрбір бөлімінен өндірістен өнімде өткізуге дейінгі кәсіпорынның пайдасын қалыптастыру тенденциялары мен келекшектерін анықтауды көздейді.

Кәсіпорынның шаруашылық тетігі бөлімшелердегі және олардың ішіндегі оралымды басқару қажеттіліктеріне бейімделуге тиісті.


Алғашқы мәліметтерді жинау, өңдеу және тарату процесінде сабақтастық пен көп қолданыс принциптерін сақтау есеп жүйесін қарапайымдандырады және оны тиімді етеді, аз шамадағы мәліметтерден басқару шешімдеріне арналған ақпараттың ең көп қажетті санын (аз шығын - бухгалтер-талдаушының алдына қойылған мақсатты шешуде атқаратын зор маңызы) алуға мүмкіндік береді.

Басқару есебі алғашқы бастапқы есеп мәліметтері бойынша ішкі есеп берудің көрсеткіштерін соншалықты қалыптастыру мүмкіндіктерін ие болғандықтан, олар кәсіпорын ішіндегі қатынас жүйесіне айналады.

Сонымен, басқару есебінің негізгі мақсаттары мен міндеттерін осылайша тұжырымдауға болады:

- шығындар мен кірістердің біріккен есеп жүйесін құру;
- шығындарды мөлшерлеу (нормалау);

- шығындарды жоспарлау, бақылау және талдау;
- шығындар мен кірістерді бюджеттеу;



Сурет 1.4 - Басқару есебінің негізгі мақсаттары мен міндеттері

- баға белгілеу үшін негізді қамтамасыз ету;
- жедел басқару шешімдерін қабылдауда қаржылық менеджерлерге ақпараттық көмек беру;
- кәсіпорын қызметінің және жауапкершілік орталығының экономикалық шешімділігін бақылау, жоспарлау және болжау менеджерлерге ақпараттық көмек беру;
- кәсіпорын дамуының ең тиімді жолдарын таңдау

кәсіпорын дамуының ең тиімді жолдарын таңдау экономикалық шешімділігін бақылау, жоспарлау және болжау менеджерлерге ақпараттық көмек беру

1.4 Басқару есебі мен қаржы есебінің салыстырмалы сипаттамасы

Басқару есебі қаржылық бухгалтерлік есептің жалғасы болып, онымен тығыз өзара байланыстары және белгілі бір айырмашылықтары бар. Есептің екі түрі де біртұтас бухгалтерлік есептің өзара тәуелді және өзара шарттасқан бөліктері болып табылады.

Есептің екі түрін біріктіретін ең маңызды белгі - олардың ақпараты шешім қабылдау үшін қажет екендігін атап айтқан жөн. Сонымен, қаржылық есептің

мәліметтері инвесторларға кәсіпорынның даму келешегін бағалауда жәрдемдеседі. Басқару есебінің мәліметтері баға белгілеу, шығындарды азайту және т.б. мәселелерді шешуге қолданылады.

Сонымен қатар қаржылық есеп пен басқару есебі арасында негізгі айырмашылықтар бар.

Олардың ең маңыздыларын қарастырайық.

Есептің мақсатына сәйкес салыстырма сипаттама:

Қаржылық есептің мақсаты - ақпаратты сыртқы пайдаланушылар үшін қаржылық есеп беруді жасау.

Басқару есебінің мақсаты - ағымдағы өндірістік-шаруашылық қызметті басқару мен бақылау, жоспарлауға арналған ақпаратты жинау және өндеуді шұғыл қамтамсыз ету.

Ақпарат көздеріне сәйкес салыстырма сипаттама:

Қаржылық есеп үшін - ұйымның қаржылық ақпарат жинақтайтын есептік жүйесі, сонымен қатар салық салу жүйесінің элементтері.

Басқару есебі үшін – кәсіпорынның есеп жүйесінің мәліметтерінен басқалары, материалдық ресурстар шығындарының технологиялық қалдықтардың мөлшері (нормасы) жайлы мәліметтер, рыноктағы ахуал туралы зерттеулер, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу туралы есептер, өндірістің бар жағдайларында олардың қорытындыларын қолдану мүмкіншіліктері, шаруашылық шарттарының тармақтарын тараптардың орындамауы кезінде айыптық санкция мөлшерлері және т.б.

Есеп қорытындыларын пайдаланушыларына сәйкес салыстырма сипаттама:

Қаржылық есеп - ең бастысы, сыртқы пайдаланушылар, басқару есеп - ең бастысы, ішкі пайдаланушылар.

Есеп жүргізу тәсілдеріне сәйкес салыстырма сипаттама:

Қаржылық есеп - шоттар мен екі жақты жазу, құжаттама мен түгендеу негізгі элементтер болып қызмет етеді.

Есептің екі түрін біріктіретін ең маңызды белгі - олардың ақпараты шешім қабылдау үшін қажет екендігін атап айтқан жөн. Сонымен, қаржылық есептің мәліметтері инвесторларға кәсіпорынның даму келешегін бағалауда жәрдемдеседі. Басқару есебінің мәліметтері баға белгілеу, шығындарды азайту және т.б.

Басқару есебі бұл әдістерді қолданады, бірақ үнемі емес. Ақпарат жазу міндетті түрде қосарлы жүйе бойынша жүргізілмейді, яғни кез келген пайдалы жүйе қолданылады.

Есеп жүргізу тәсілдерін еркін тандау мүмкіндігіне сәйкес салыстырма сипаттама:

Қаржылық есеп қаржылық ақпараттың жазылуын, бағалауын және берілуін реттейтін бухгалтерлік есепті жүргізудің жалпыға бірдей принциптерімен есептелген, яғни ол белгілі бір дәрежеде орталықтандырылған. Көпшілікке арналған қаржылық есептілік міндетті аудиторлық тексеруге жатады.

Басқару есебі басқарушылардың мақсаттары мен міндеттеріне орай ұйымдастырылады мемлекет ешқандай реттемейді, ең тиімді басқару шешімдерін қабылдауға байланысты табыстармен салыстыруға болатын құннан басқа ешқандай шектер жоқ, кәсіпорын мүддесіне қызмет етеді, оның қаржылық есептен артықшылығы да осында. Басқару есебі көбіне қисынға (логикаға) және тәжірибеге немесе жалпы қолайлылығына негізделген. Бұл орайда басқару есебінің орталықтандырылмауы туралы да айтуға болады.

Есеп ақпаратын ұсыну түрлеріне сәйкес салыстырма сипаттама:

Қаржылық ақпарат ұйымдастыру-құқықтық түрлеріне қарамастан, барлық кәсіпорындар үшін бірыңғай, ҚР Қаржы министрлігі, Мемлекеттік салық қызметі және

басқа орталық ведомстволар бекіткен формалар бойынша салық инспекциясы органдарына ұсынылады.

Басқару есебінің қорытындылары еркін формада ұсынылады; міндетті формалар, бланктер жоқ. Оның үстіне, басқару есебін жүргізу немесе жүргізбеуді ұйымның өз басшысы шешеді.

Есеп ақпаратының өлшеуіштеріне сәйкес салыстырма сипаттама:

Шаруашылық процестерін жинақтап қорыту үшін қаржылық есепте ақшалай бірліктер қолданылады.

Басқару есебі жөніндегі мамандар жұмыстарында өлшеуіштердің барлық түрлерін: заттық, еңбек, ақшалай, яғни келгенін пайдаланады.

Ақпараттың ашық көрсетілу дәрежесіне сәйкес салыстырма сипаттама:

Қаржылық есепте - коммерциялық құпия емес, ашық деп саналады, кейбір жағдайларда тәуелсіз аудиторлар растайды.

Басқару есебінде коммерциялық құпия болып табылады, жариялауға болмайды және құпия сипатта.

Шығындарды топтастыру бағытына сәйкес салыстырма сипаттама:

Қаржылық есепте шығындар өндіріске шығатын шығыстардың біртекті түрі деп түсінілетін экономикалық элементтері бойынша топтастырылады. Элементтер бойынша шығындарды, топтастыру мынадай сұраққа жауап береді: есептік кезеңде өндірісте не жұмсалады?

Қаржылық есепті жүргізу мақсатымен экономикалық элементтердің мынадай тізбесі белгіленген:

- материалдық шығындар;
- еңбек өтеуге шыққан шығындар;
- әлеуметтік қажеттіліктерге аударымдар;
- амортизация;
- басқадай шығындар.

Мұндай тіктеу қаржылық есептеуде іс-әрекеттің әдеттегі түрлері бойынша нәтижені (лайда немесе шеккен зиян) анықтауға мүмкіндік береді.

Басқару есебінде шығындар калькуляция баптары тұрғысынан шығысты көтеретіндер бойынша топтасады.

Шығынды көтеруші ретінде сыртқы рынокта да, ұйым ішінде өткізуге арналған кәсіпорындардың өнім (жұмыс, көрсетілген қызмет) түрлері түсініледі. Калькуляция баптары бойынша шығындарды жіктеу мына сұраққа жауап береді: ресурстар неге жұмсалды және қайда?

Өнеркәсіп орындары үшін мынадай калькуляциялық баптар тән:

- шикізат пен материалдар;
- қайтарымды қалдықтар (шегеріледі);
- отын және технологиялық қажеттіліктерге энергия;
- сатып алынатын жартылай өнімдер, құрастырмалы бұйымдар, басқа

жақтағы кәсіпорындар мен ұйымдардың өндірістік сипаттағы жұмыстары мен көрсеткен қызметтері;

- өндірістік жұмысшылардың негізгі еңбекақысы;
- өндірістік жұмысшылардың қосымша еңбекақысы;
- әлеуметтік қажеттіліктерге аударымдар;
- өндірісті дайындау мен игеруге шығындар;
- жабдықты ұстау мен пайдалану шығындары; ақау шығындары; цехтық

шығындар;

- жалпызаводтық шығындар;

Кесте 1.1 – Қаржылық есеппен басқарушылық есептің айырмашылығы

№	Салыстыру аясы	Қаржылық есебі	Басқарушылық есебі
1	Есептің мақсаты	Ақпаратты сыртқы пайдаланушылар үшін қаржылық есеп беруді жасау.	Ағымдағы өндірістік-шаруашылық қызметті басқару мен бақылау, жоспарлауға арналған ақпаратты жинау және өндеуді шұғыл қамтамсыз ету.
2	Ақпарат көздері	Ұйымның қаржылық ақпарат жинақтайтын есептік жүйесі, сонымен қатар салық салу жүйесінің элементтері.	Кәсіпорынның есеп жүйесінің мәліметтерінен басқалары, материалдық ресурстар шығындарының технологиялық қалдықтардың мөлшері (нормасы) жайлы мәліметтер, рыноктағы ахуал туралы зерттеулер, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу туралы есептер, өндірістің бар жағдайларында олардың қорытындыларын қолдану мүмкіншіліктері, шаруашылық шарттарының тармақтарын тараптардың орындамауы кезінде айыптық санкция мөлшерлері және т.б.
3	Есеп қорытындыларын пайдаланушылар	Ең бастысы, сыртқы пайдаланушылар.	Ең бастысы, ішкі пайдаланушылар.
4	Есеп жүргізу тәсілдері	Шоттар мен екі жақты жазу, құжаттама мен түгендеу негізгі тәсілдері болып қызмет	Құжаттама; топтастыру мен жинақтап қорыту, бақылаушы шоттарды пайдалану; мөлшерлеу (нормалау); ынталандыру; бақылау; бағалау.
5	Есеп жүргізу тәсілдерін еркін тандау	Қаржылық есеп қаржылық ақпараттың жазылуын, бағалауын және берілуін реттейтін бухгалтерлік есепті жүргізудің жалпыға бірдей принциптерімен есептелген, яғни ол белгілі бір дәрежеде орталықтандырылған. Көпшілікке арналған қаржылық есептілік міндетті аудиторлық тексеруге жатады.	Басқару есебі басқарушылардың мақсаттары мен міндеттеріне орай ұйымдастырылады мемлекет ешқандай реттемейді, ең тиімді басқару шешімдерін қабылдауға байланысты табыстармен салыстыруға болатын құннан басқа ешқандай шектер жоқ, кәсіпорын мүддесіне қызмет етеді, оның қаржылық есептен артықшылығы да осында. Басқару есебі көбіне қисынға (логикаға) және тәжірибеге немесе жалпы қолайлылығына негізделген. Бұл орайда басқару есебінің орталықтандырылмауы туралы да айтуға болады.
6	Есеп ақпаратын ұсыну түрлері	Қаржылық ақпарат ұйымдастыру-құқықтық түрлеріне қарамастан, барлық кәсіпорындар үшін бірыңғай, ҚР Қаржы министрлігі, Мемлекеттік салық қызметі және басқа орталық ведомстволар бекіткен формалар бойынша салық инспекциясы органдарына ұсынылады.	Басқару есебінің қорытындылары еркін формада ұсынылады; міндетті формалар, бланктер жоқ. Оның үстіне, басқару есебін жүргізу немесе жүргізбеуді ұйымның өз басшысы шешеді.
7	Есеп ақпаратының өлшеуіштері	Шаруашылық процестерін жинақтап қорыту үшін қаржылық есепте ақшалай бірліктер қолданылады.	Басқару есебі жөніндегі мамандар жұмыстарында өлшеуіштердің барлық түрлерін: заттық, еңбек, ақшалай, яғни келгенін пайдаланады.
8	Ақпараттың ашық көрсетілу дәрежесі	Қаржылық есепте - коммерциялық құпия емес, ашық деп саналады, кейбір жағдайларда тәуелсіз аудиторлар растайды.	Басқару есебінде коммерциялық құпия болып табылады, жариялауға болмайды және құпия сипатта.
9	Есептің негізгі объектісі	Қаржылық есепте кәсіпорынның шаруашылық қызметі біртұтас ретінде қабылданады.	Басқару есебінде негізгі назар жауапкершілік орталықтарына аударылады.
10	Есепті жасаудың мерзімділігі	Қаржылық есепте - заңнамалық нормативті актілермен белгіленеді. Кәсіпорын толық қаржылық есеп жыл қорытындысы бойынша, толық емес - тоқсан сайын жасалады.	Басқару есебінде есептер қажеттілігіне қарай: ай сайын, апта сайын, күн сайын, ал кейде - әр түрлі деңгейдегі басшылардың сұраулары бойынша шұғыл жасалады.

Продолжение таблицы 1.1

11	Ақпараттың сенімділік дәрежесі	Қаржылық есеп құжатпен расталған, бірақ бұған қарамастан, оның бағалары шүбәсіз дәл болмауы мүмкін.	Басқару есебінің ақпараты көбіне есептік сипатта болады және бухгалтерлік есеп шоттарындағы операциялармен байланысты емес. Нәтижесінде басқару есебінде жуық бағалаулар жиі қолданылады.
12	Базистік құрылым	Қаржылық есеп негіз қалаушы баланс теңдеуіне құрылады: Актив = Өзіндік капитал + Сыртқы міндеттемелер.	Басқару есебінің құрылымы осы ақпаратты пайдаланушылардың қорына байланысты.
13	Уақыт аспектісі	Қаржылық есепте - өткенге бағытталу.	Басқару есебінде -болашақты бағдарлау.
14	Есептердің әдістемесі	Қаржылық есептердің материалдары бастапқы бухгалтерлік мәліметтерге көбірек сүйенеді.	Басқару есебінде есептесулер, ең алдымен, ұйым ішіндегі барлық бөлімшелерге шоғырланған, өткен кезең материалдарын талдау мен болашақты болжау бағаларының, бастапқы мәліметтердің үйлесіміне негізделеді.
15	Шығындарды топтастыру	Қаржылық есепте шығындар өндіріске шығатын шығыстардың біртекті түрі деп түсінілетін экономикалық элементтері бойынша топтастырылады. Элементтер бойынша шығындарды, топтастыру мынадай сұраққа жауап береді: есептік кезеңде өндірісте не жұмсалады? Қаржылық есепті жүргізу мақсатымен экономикалық элементтердің мынадай тізбесі белгіленген: материалдық шығындар;еңбек өтеуге шыққан шығындар; әлеуметтік қажеттіліктерге аударымдар; амортизация; басқадай шығындар. Мұндай тіктеу қаржылық есептеуде іс-әрекеттің әдеттегі түрлері бойынша нәтижені (лайда немесе шеккен зиян) анықтауға мүмкіндік береді.	Басқару есебінде шығындар калькуляция баптары тұрғысынан шығысты көтеретіндер бойынша топтасады. Шығынды көтеруші ретінде сыртқы рынокта да, ұйым ішінде өткізуге арналған кәсіпорындардың өнім (жұмыс, көрсетілген қызмет) түрлері түсініледі. Калькуляция баптары бойынша шығындарды жіктеу мына сұраққа жауап береді: ресурстар неге жұмсалды және қайда? Өнеркәсіп орындары үшін мынадай калькуляциялық баптар тән:шикізат пен материалдар; қайтарымды қалдықтар (шег еріледі);отын және технологиялық қажеттіліктерге энергия; сатып алынатын жартылай өнімдер, құрастырмалы бұйымдар, басқа жақтағы кәсіпорындар мен ұйымдардың өндірістік сипаттағы жұмыстары мен көрсеткен қызметтері; өндірістік жұмысшылардың негізгі еңбекақысы; өндірістік жұмысшылардың қосымша еңбекақысы; әлеуметтік қажеттіліктерге аударымдар;өндірісті дайындау мен игеруге шығындар;жабдықты ұстау мен пайдалану шығындары; ақау шығындары; цехтық шығындар;жалпы заводтық шығындар;өзге өндірістік шығындар;коммерциялық шығындар. Алайда әрбір кәсіпорын қандай баптар бойынша шығындарды жіктейтіндігін өз бетінше шешеді.

- өзге өндірістік шығындар;
- коммерциялық шығындар.Алайда әрбір кәсіпорын қандай баптар бойынша шығындарды жіктейтіндігін өз бетінше шешеді.

Есептің негізгі объектілеріне сәйкес салыстырма сипаттама:

Қаржылық есепте кәсіпорынның шаруашылық қызметі біртұтас ретінде қабылданады.

Басқару есебінде негізгі назар жауапкершілік орталықтарына аударылады.

Есепті жасаудың мерзімділігіне сәйкес салыстырма сипаттама:

Қаржылық есепте - заңнамалық нормативті актілермен белгіленеді. Кәсіпорын толық қаржылық есеп жыл қорытындысы бойынша, толық емес - тоқсан сайын жасалады.

Басқару есебінде есептер қажеттілігіне қарай: ай сайын, апта сайын, күн сайын, ал кейде - әр түрлі деңгейдегі басшылардың сұраулары бойынша шұғыл жасалады.

Ақпараттың сенімділік дәрежесіне сәйкес салыстырма сипаттама:

Қаржылық есеп құжатпен расталған, бірақ бұған қарамастан, оның бағалары шүбәсіз дәл болмауы мүмкін.

Басқару есебінің ақпараты көбіне есептік сипатта болады және бухгалтерлік есеп шоттарындағы операциялармен байланысты емес. Нәтижесінде басқару есебінде жуық бағалаулар жиі қолданылады.

Базистік құрылым ерекшеліктеріне сәйкес салыстырма сипаттама:

Қаржылық есеп негіз қалаушы баланс теңдеуіне құрылады: $\text{Актив} = \text{Өзіндік капитал} + \text{Сыртқы міндеттемелер}$.

Басқару есебінің құрылымы осы ақпаратты пайдаланушылардың қорына байланысты.

Уақыт аспектісіне сәйкес салыстырма сипаттама:

Қаржылық есепте - өткенге бағытталу.

Басқару есебінде - болашақты бағдарлау.

Есептердің әдістемесіне сәйкес салыстырма сипаттама:

Қаржылық есептердің материалдары бастапқы бухгалтерлік мәліметтерге көбірек сүйенеді.

Басқару есебінде есептесулер, ең алдымен, ұйым ішіндегі барлық бөлімшелерге шоғырланған, өткен кезең материалдарын талдау мен болашақты болжау бағаларының, бастапқы мәліметтердің үйлесіміне негізделеді.

Өзін өзі бақылау сұрақтары

1. Қазіргі жағдайдағы басқару есебінің қағидалары
2. Басқару есебін ұйымдастыру барысында құжаттама әдісін қалай қолданады?
3. Басқару есебін ұйымдастыру барысында түгендеу әдісін қалай қолданады?
4. Басқару есебін ұйымдастыру барысында топтастыру мен жинақтап қорыту, бақылаушы шоттарды пайдалану әдістерін қалай қолданады?
5. Басқару есебін ұйымдастыру барысында мөлшерлеу әдісін қалай қолданады?
6. Басқару есебін ұйымдастыру барысында ынталандыру әдісін қалай қолданады?
7. Басқару есебін ұйымдастыру барысында бақылау әдісін қалай қолданады?
8. Басқару есебінің мақсаттары мен міндеттері не қызмет тобын қамтиды?
9. Шаруашылық субъектіде басқару есебін ұйымдастыру үдерісі не бөліктерден құралады?
10. Қаржылық есеппен басқарушылық есептің айырмашылығын ашып беріңіз.
11. Басқару есебінде шығыс санаты нені білдіреді?
12. Басқару есебінде шығын санаты нені білдіреді?
13. Өндірістік есептің негізгі мақсаттары не ?
14. Өндіріс шығындарының талдамалық есебі нені қамтиды?
15. Өндіріс шығындарының жиынтық есебі нені қамтиды?

Өзін өзі бақылау тестілері

1. Басшының ішкі пайдалануы үшін барлық есептік ақпарат өңделіп ұсынылады

- а) Статистикалық зерттеу үшін
- ә) Басқару есеп ауқымында
- б) Басқару есебінің жүйесінде қалыптастырады
- в) Қаржылық есеп тапсырылғаннан кейін талдау жасалады
- г) Салық есебі дайындалады
- д) Салық есебін тапсырғаннан кейін жүйелендіріледі
- е) Өндірістік және басқару есебі жүйесінде қарастырылады

2. Басқару есебінде ақпаратты дайындауда реттеуші:

- а) Халықаралық есеп беру стандарты қарастырылады
- ә) Қазақстандық есеп беру стандарты қарастырылады
- б) Халықаралық және қазақстандық есеп беру стандарты қарастырылады
- в) Кез келген стандарттар қарастырылады
- г) Ешқандай стандарттарға сай жүргізілмейді
- д) Басқару есебін ешқандай стандарт реттемейді
- е) Басқару есебі ешқандай стандарттарға бағынбайды

3. Басқару есебі бұл

- а) Жеделдетілген
- ә) Стратегиялық
- б) Алдағы кезең шығындарының есебі
- в) Креативтік
- г) Болжамдық
- д) Қаржылық
- е) Статистикалық

4. Басқару есебі:

- а) Кәсіпорын қызметін жоспарлау, бақылау және басқару іс әрекетін реттеу мен шешім қабылдау процесі арқылы бақылау
- ә) Ұйымның қызметін жоспарлау, бақылау және басқару іс әрекетін реттеу мен шешім қабылдау процесі арқылы бақылау
- б) Шешім қабылдау мақсатында шығындарды жоспарлау және бақылау жүйесі
- в) Бақылау мақсатында шығындарды жоспарлау
- г) Экономикалық субъектіні жүргізу бақылау іс әрекетін реттеу мен шешім қабылдау процесі арқылы бақылау
- д) Экономикалық субъектіні жоспарлау, бақылау және басқару іс әрекетін реттеу мен шешім қабылдау процесі арқылы бақылау
- е) Экономикалық субъектіні жоспарлау, бақылау және басқару іс әрекетін жүргізуде шешім қабылдау процесі

5. Басқару есебінің қағидалары

- а) Қаржылық есептің бірегейлік қағидасы
- ә) Субъектінің ішкі коммуникациялық жүйесі, шығындарды бюджеттік (сметалық) әдіспен басқару
- б) Стратегиялық есепке балама қағидалар
- в) Басқару мақсатындағы аралық ақпараттарды пайдалану және субъектінің үздіксіз қызметі
- г) Субъектінің құрылымдық бөлімдерінің қызметін бағалау, жоспарлы – есептік бірегей өлшемдерді пайдалану
- д) Бұйрықтармен өкімдерді ұсыну

е) Ақпараттардың шынайылығы

6. Басқару есебі қандай құжаттармен реттеледі

- а) ҚЕХС және ҚЕҰС
- ә) Қаржылық есептің халықаралық стандарттарымен
- б) + Кәсіпорын өз еркімен
- в) + Кәсіпорын басшысы
- г) + Кәсіпорынның әкімшіліктік шешімі
- д) Қаржылық есептің ұлттық стандарттарымен
- е) Аудиторлық кәсіпорындар

7. Басқару есебінің тарихи атаулары

- а) Салық есебі, өндірістік есеп
- ә) Калькуляциялық есеп
- б) Өндірістік есеп
- в) Қаржылық есеп, өндірістік есеп
- г) Креативтік есеп
- д) Калькуляциялық және өндірістік есеп
- е) Статистикалық есеп

8. Басқару есебінің функциясы:

- а) Экономикалық субъектіні жоспарлау, бақылау және басқару іс әрекетін реттеу мен шешім қабылдау процесі арқылы бақылау
- ә) Шығындар мен кірістерді мөлшерлеуді, жоспарлауды, бақылауды және кәсіпорынның болашақ даму мәселелерін үйлестіру мен шұғыл басқару
- б) Шығындар мен кірістерді мөлшерлеуді, тіркеуді және кәсіпорынның болашақ даму мәселелерін қарастыруды шұғыл басқару шешімдері үшін ақпаратты жүйелендіретін талдауға есеп жүйесін біріктіру
- в) Сыртқы және ішкі қаржылық есеп беруді толтыру үшін және пайда сомасын анықтау үшін шығындарды сатылған өнімдердің өзіндік құны мен кәсіпорында қалған дайын өнімдердің арасында үйлестіру
- г) Сыртқы және ішкі қаржылық есеп беруді толтыру үшін және пайда сомасын анықтау үшін шығындарды сатылған өнімдердің өзіндік құны мен ұйымда қалған дайын өнімдердің арасында үйлестіру
- д) Сыртқы және ішкі қаржылық есептілікті дайындау үшін және пайда сомасын анықтау үшін шығындарды сатылған өнімдердің өзіндік құны мен кәсіпорында қалған дайын өнімдердің арасында үйлестіру
- е) Шығындар мен кірістерді мөлшерлеуді, тіркеуді және кәсіпорынның болашақ даму мәселелерін қарастыруды шұғыл басқару жүйесі

9. Басқару есебіндегі жасалатын есептің жиілігі

- а) Пайдаланушының тапсырмасы бойынша
- ә) Тоқсан сайын
- б) Ай сайын
- в) Қажет болған кез келген уақыт
- г) Кезеңдік
- д) Тұрақты түрде
- е) Кәсіпорын өз еркімен анықтайды

10. Басқару есебіне толық түсініктеме беретін анықтама:

- а) Бақылау, жоспарлау, реттеу және шешім қабылдау үшін ақпараттарды даярлау

- ә) Басқаруда шешім қабылдауға, жоспарлауға, бақылауға және қызметті реттеуге көмектесетін ақпараттармен қамтамасыз ету жүйесі
- б) Ұйымның менеджерлерінің қызметін ұйымдастыру үшін ақпараттарды жинақтау
- в) Шешім қабылдау үшін қажетті ақпараттарды даярлау
- г) Сыртқы пайдаланушылар үшін қажетті ақпараттарды даярлау
- д) Өлшеу, жинау, талдау, жіктеу, түсіндіру және қандай да бір объектіні басқаруға қажетті ақпараттарды тапсыру
- е) Сатылатын өнім құнын бағалау үшін мәліметтерді даярлау

Жауаптар:

- 1) ә, б, е;
- 2) г, д, е;
- 3) а, б, г;
- 4) а, ә, д;
- 5) ә, в, г;
- 6) б, в, г;
- 7) ә, б, д;
- 8) в, г, д;
- 9) а, в, е;
- 10) а, ә, д.

II ТАРАУ. ӨНДІРІСТІК ШЫҒЫНДАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ БАСҚАРУ ЕСЕБІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

2.1 Шығыс және өндірістік шығын

Шығыс – бірлестіктердің, кәсіпорындардың, ұйымдардың өнімді өндіруге (жұмыстарды орындауға, қызметтерді көрсетуге), айналысқа жіберуге және өткізуге ақшалай нысанда жұмсаған шығындар жиынтығы.

Шығын – белгілі бір мақсатта пайдаланылған ресурстардың ақшалай баламмен көрсетілген шамасы.

Басқарушылық есеп негіздерінде шығыс пен шығын ұғымдарын айыра отырып, бұл көрсеткіштер тобын келесі мақсатта қолданады:

шаруашылық субъектінің негізгі өндірісінде орын алатын шығындар тобын зерттеп, олардың құрамын анықтау үшін, негізгі өндірістегі өндірістік шығындардың есеп беру мезгіл арасында өзгеру бағытын талдау үшін;

негізгі өндірістегі өндірістік шығындардың құрамын анықтай отырып, шығын сомасының негізгі элементтеріне басқарушылық есеп аясынан баға беру үшін;

шаруашылық субъектінің көмекші өндірісінде орын алатын шығындар тобын зерттеп, олардың құрамын анықтау үшін, көмекші өндірістегі өндірістік шығындардың есеп беру мезгіл арасында өзгеру бағытын талдау үшін;

көмекші өндірістегі өндірістік шығындардың құрамын анықтай отырып, шығын сомасының негізгі элементтеріне басқарушылық есеп аясынан баға беру үшін.

Мысал алып көрейік.

Компанияның екі түрлі өндіріспен шұғылданады делік: негізгі өндіріс және көмекші өндіріс.

Негізгі өндірісті ұйымдастыру барысында келесі шығындар орын алып, осы шығындар тобына тиісті бухгалтерлік операциялар белгіленіп, есеп регистрлерінде көрсетілген:

негізгі өндірістегі жұмысшылар тобына еңбек ақы есептелді;

негізгі өндірістегі жұмысшылар тобының еңбек ақы қорына есептеліп әлеуметтік салық жазылды;

негізгі өндірістегі жұмысшылар тобының еңбек ақы қорына есептеліп әлеуметтік қорларға жарна жазылды;

негізгі өндіріске босатылып материалдық құндылықтар шығарылды;

негізгі өндіріс бойынша коммуналдық шығындар көрсетілді;

негізгі өндірістегі негізгі құралдар бойынша тозупұл көрсетілді;

негізгі өндірістегі материалдық емес активтері бойынша тозупұл көрсетілді .

Көмекші өндірісті ұйымдастыру барысында келесі шығындар орын алып, осы шығындар тобына тиісті бухгалтерлік операциялар белгіленіп, есеп регистрлерінде көрсетілген:

негізгі өндірістегі жұмысшылар тобына еңбек ақы есептелді;

негізгі өндірістегі жұмысшылар тобының еңбек ақы қорына есептеліп әлеуметтік салық жазылды;

көмекші өндірістегі жұмысшылар тобының еңбек ақы қорына есептеліп әлеуметтік қорларға жарна жазылды;

көмекші өндіріске босатылып материалдық құндылықтар шығарылды;

көмекші өндіріс бойынша коммуналдық шығындар көрсетілді;

көмекші өндірістегі негізгі құралдар бойынша тозупұл көрсетілді;

көмекші өндірістегі материалдық емес активтері бойынша тозупұл көрсетілді .

Негізгі өндіріс бойынша орын алған операциялар 2.1 кестесінде келтірілген.

Кесте 2.1 – Шаруашылық субъектінің негізгі өндірісі бойынша орын алған операциялары

№	Негізгі өндіріс бойынша шаруашылық операция	Дт	Кт	Сома млн теңге	Басқару есебінде қолданылатын санат
1	2	3	4	5	6
1	Негізгі өндірістегі жұмысшылар тобына еңбек ақы есептелді	8110	3550	10,00	Шығын
2	Негізгі өндірістегі жұмысшылар тобының еңбек ақы қорына есептеліп әлеуметтік салық жазылды	8110	3150	0,40	Шығын
3	Негізгі өндірістегі жұмысшылар тобының еңбек ақы қорына есептеліп әлеуметтік қорларға жарна жазылды	8110	3210	0,60	Шығын
4	Негізгі өндіріске босатылып материалдық құндылықтар шығарылды	8110	1310	12,10	Шығын
5	Негізгі өндіріс бойынша коммуналдық шығындар	8110	3310	4,00	Шығын
6	Негізгі өндірістегі НҚ бойынша көрсетілген тозупұл	8110	2420	2,00	Шығын
7	Негізгі өндірістегі МЕА бойынша көрсетілген тозупұл	8110	2740	1,00	Шығын
	Барлық негізгі өндіріс шығыстары	X	X	30,00	Шығыс

Басқару есебінде қолданатын өндірістік шығындарды топтастыру әдісіне келсек, негізгі өндіріс бойынша жалпы шығыс 30,0 млн. теңге құрады, соның ішінде: еңбек ақы шығындары, аударымдарды қосқанда 10,9 млн. теңге, немесе 36,3%; материалдық шығындар 12,1 млн. теңге, немесе 40,3%; тозупұл немесе амортизациялық шығындар 3,0 млн. теңге, немесе 10,0%; басқадай шығындар 4,0 млн. теңге, немесе 13,3%.

Кесте 2.2 – Шаруашылық субъектіде негізгі өндірісі бойынша орын алған шығындардың шығыс сомасындағы үлес салмағы

№	Негізгі өндіріс бойынша шаруашылық операция	Сома млн теңге	Шығынның шығыс арасындағы үлес салмағы
1	2	5	6
1	Негізгі өндірістегі еңбек ақы шығындары, аударымдарды қосқанда	10,90	36,3
2	Негізгі өндірістегі материалдық шығындар	12,10	40,3
3	Негізгі өндірістегі тозупұл немесе амортизациялық шығындар	3,00	10,0
4	Негізгі өндірістегі басқадай шығындар	4,00	13,3
	Барлығы	30,00	100,0

Басқару есебінде шығыс сомасының құрамын зерттеу барысында, бухгалтерлік есеп регистрлерінен алынған ақпарат көздері 2.2 кестесінде көрсетілгендей ықшамдалып, талдауға жеңіл үлгі ретінде басқару аппаратындағы талдаушы мамандарға немесе талдаушы бөліміне жеткізіледі.

Кесте 2.3 – Шаруашылық субъектінің көмекші өндірісі бойынша орын алған операциялары

№	Көмекші кндіріс бойынша шаруашылық операция	Дт	Кт	Сома млн теңге	Басқару есебінде қолданылатын санат
1	Көмекші өндірістегі жұмысшылар тобына еңбек ақы есептелді	8310	3550	5,00	Шығын
2	Көмекші өндірістегі жұмысшылар тобының еңбек ақы қорына есептеліп әлеуметтік салық жазылды	8310	3150	0,20	Шығын
3	Көмекші өндірістегі жұмысшылар тобының еңбек ақы қорына есептеліп әлеуметтік қорларға жарна жазылды	8310	3210	0,27	Шығын
4	Көмекші өндіріске босатылып материалдық құндылықтар шығарылды	8310	1310	6,53	Шығын
5	Көмекші өндіріс бойынша коммуналдық шығындар	8310	3310	1,50	Шығын
6	Көмекші өндірістегі НҚ бойынша көрсетілген тозупұл	8310	2420	1,00	Шығын
7	Көмекші өндірістегі МЕА бойынша көрсетілген тозупұл	8310	2740	0,50	Шығын
	Барлық көмекші өндіріс шығыстары	X	X	15,00	Шығыс

Басқару есебінде қолданатын өндірістік шығындарды топтастыру әдісіне келсек, көмекші өндіріс бойынша жалпы шығыс 15,00 млн. теңге құрады, соның ішінде:

еңбек ақы шығындары, аударымдарды қосқанда 5,47 млн. теңге, немесе 36,5%;
материалдық шығындар 6,53 млн. теңге, немесе 43,5%;
тозупұл немесе амортизациялық шығындар 1,50 млн. теңге, немесе 10,0%;
басқадай шығындар 1,50 млн. теңге, немесе 10,0%.

Кесте 2.4 – Шаруашылық субъектіде көмекші өндірісі бойынша орын алған шығындардың шығыс сомасындағы үлес салмағы

№	Негізгі кндіріс бойынша шаруашылық операция	Сома млн теңге	Шығынның шығыс арасындағы үлес салмағы
1	2	5	6
1	Көмекші өндірістегі еңбек ақы шығындары, аударымдарды қосқанда	5,47	36,5
2	Көмекші өндірістегі материалдық шығындар	6,53	43,5
3	Көмекші өндірістегі тозупұл немесе амортизациялық шығындар	1,50	10,0
4	Көмекші өндірістегі басқадай шығындар	1,50	10,0
	Барлығы	15,0	100,0

Компанияның дайын өнімін қабылдағаннан кейін, оларды тұтынушылар мен тапсырушыларға өткізіп, қаржылық қорытындыны есептеу барысында келесі бухгалтерлік операциялар көрсетілді делік (Кесте 2.5)

Кесте 2.5 – Компанияның дайын өнімін қабылдағаннан кейін, оларды өткізіп, қаржылық қорытындыны есептеу барысында орын алған операциялар

№	Негізгі өндіріс бойынша шаруашылық операция	Дт	Кт	Сом млн теңге	Басқару есебінде қолданылатын санат
1	2	3	4444	5	
1	Негізгі өндірістен алынған дайын өнім өзіндік құнымен сатуға шығарылды	7010	1320	30,00	Шығыс
2	Көмекші өндірістен алынған дайын өнім өзіндік құнымен сатуға шығарылды	7010	1320	15,00	Шығыс
3	Дайын өнімдерді өткізу үшін орын алған шығыстар	7110	3350, 3210, 3310, 2420, 2740	10,00	Шығыс
4	Компания бойынша әкімшілік шығындар	7210	3350, 3210, 3310, 2420, 2740	5,00	Шығыс
5	Дайын өнімдерді өткізуге қабылданатын кірістер	1210	6010	75,00	Кіріс
	Компанияның есеп мезгіліндегі пайдасы	X	X	15,00	Пайда

Мысалда келтірілген операциялар бойынша басқару есеп аясында келесі қорытындыларға кедуге болады:

негізгі өндіріс бойынша өндірілген өнімнің өзіндік құны 30,0 млн. теңге;
көмекші өндіріс бойынша өндірілген өнімнің өзіндік құны 15,0 млн. теңге;
өндірілген өнімдерді өткізу шығыстары 10,0 млн. теңге құрады;
әкімшілік шығыстары 5,0 млн. құрады.
барлық шығыс сомасы 60,0 млн. теңге.

Талдау мезгілінде 75,0 млн. теңге кіріс болғанын ескерсек аталмыш шаруашылық субъектінің қорытынды пайдасы 15 млн. теңге.

Басқару есебі аясында шығын сомаларының үлес салмағын талдау барысы жоғарыда қаралып кетті (2.2 және 2.4 кестелері).

Дәл осы бағытта шығыс сомаларын зерттеп көрсек, 2.5 кестедегі мәліметтерді қолданамыз.

Талдау кестесінде келесі шығыс сомалары орын алады:

көмекші өндірістен алынған дайын өнімдердің өзіндік құн шығысы;
негізгі өндірістен алынған дайын өнімдердің өзіндік құн шығысы;
дайын өнімдерді өткізу үшін орын алған шығыстар;
компания бойынша әкімшілік шығыстар.

Біздің мысалымызда:

өзіндік құн шығысы (негізгі өндіріс бойынша) 30,0 млн. теңге;
өзіндік құн шығысы (көмекші өндіріс бойынша) 15,0 млн. теңге;
өнімдерді өткізу үшін орын алған шығыстар 10,0 млн. теңге;
әкімшілік шығыстар 5,0 млн. теңге.

Кесте 2.6 – Басқару есебінде шығыстардың үлес салмағын талдау

№	Шығыс түрі	Шот нөмірі	Сомма, млн тг	Үлес салмағы, %	Басқару есебінде қолданылатын санат
1	Негізгі өндірістен алынған дайын өнімнің өзіндік құн шығысы	7010	30,0	50%	Шығыс
2	Көмекші өндірістен алынған дайын өнімнің өзіндік құн шығысы	7010	15,0	25%	Шығыс
3	Дайын өнімдерді өткізу үшін орын алған шығыстар	7110	10,0	17%	Шығыс
4	Компания бойынша әкімшілік шығын-сар	7210	5,0	8%	Шығыс
	Барлық шығыстар	X	60,0	100%	Шығыс

Сонымен, келтірілген мысалда:
өзіндік құн шығысы (негізгі өндіріс бойынша) шығыс сомасының 50% құрайды;
өзіндік құн шығысы (көмекші өндіріс бойынша) шығыс сомасының 25% құрайды;
өнімдерді өткізу үшін орын алған шығыстар шығыс сомасының 17 % құрайды;
әкімшілік шығыстар шығыс сомасының 8% құрайды.

2.2. Өндіріс шығындарың талдамалық есебі

Өндірістік есептің негізгі мақсаттары:

ассортименті және сапасы бойынша өнім шығаруды есептеу;

өзіндік құнды төмендетуге шаралар өткізу;

өнімнің өзіндік құнын дұрыс калькуляциялау;

өндірістің пайдаланылмаған резервтерін айқындау.

Өнімнің өндірісіне және өткізілуіне кеткен ақшалай түрдегі шығындар өнімнің өзіндік құнын құрайды.

Өзіндік құнды құрайтын шығындарды жоспарлағанда, есептегенде, мынадай шығын топтары пайдаланылады:

- шығындардың пайда болу орнына қарай;
- жұмыстар мен қызмет түрлеріне қарай;
- шығын түрлеріне қарай.

Күнтізбелік кезен бойынша өндіріс шығындарын келесі бағытта топтастырады:

- тұрақты, (әрбір өндірістік циклда орны бар)
- бір уақытты шығындар (өндіріске қажеті бар рет болатын шығындар: жылдық жөндеу, жаңа өндірісті игеру)

Сонымен қатар шығындар шартты – тұрақты, шартты – ауыспалы болып бөлінеді.

Шартты – тұрақты шығындарға өнім шығару көлемі өзгергенде шамасы өзгермейтін шығындар жатады. Бұлар өндірістік бөлмелерді жылыту, жарықтандыру шығындары, өндірістік персоналдың еңбек ақысы, негізгі құралдар амортизациясы және басқа.

Шартты - ауыспалы шығындарға өнім шығару көлеміне сәйкес азайып немесе көбейіп отыратын шығындарды жатқызамыз. Оған шикізат пен негізгі материалдардың шығыны, технологиялық мақсаттағы отын, энергия, еңбек ақы шығындары жатады. Өнімнің өзіндік құнын анықтағанда шығындар шығырылған өнімге сәйкес түрде үлеспен таратылады.


Өндіріс процесіне қатысуына қарай шығындар өндірістік және өндірістен тыс болып бөлінеді.

Шығындар сонымен қоса негізгі (кез-келген өндірісте міндетті түрде болатын) және үстеме (өндірісті ұйымдастыру шығындары) болып бөлінеді.

Өзіндік құнға қосылу тәсіліне қарай өндірістік шығындарды тура (есеп объектісіне тікелей қосылатын) және жанама (есеп объектісіне жанама түрде таратылатын) болып бөлінеді.

Өндіріс шығындарының талдамалық есебі.

Бұл есеп өнімнің бір өлшемінің іс жүзіндегі өзіндік құнын есептеуді қамтамасыз етуге арналған.




Сурет 2.1 - Шығындарды олардың өндіріс процесіндегі экономикалық орыны бойынша жіктеу

Кесте 2.7 - Басқару есебінде шығындарды олардың өндіріс процесіндегі экономикалық орыны бойынша жіктеу

№	Шығынның атауы	Млн тг	Өндіріс процесіндегі экономикалық орыны бойынша	
			негізгі	қосымша
1	2	3	4	5
1	Жиғаз өндіру буынының шығындары	90	90	
1.1	Жұмысшылардың еңбек ақылары	10	10	
1.2	Еңбек ақы бойынша төдемдер	3	3	
1.3	Шикізат	67	67	
1.4	Басқалай шығындар	10	10	
2	ДСП өндіру буынының шығындары	10		10
2.1	Жұмысшылардың еңбек ақылары	3		3
2.2	Еңбек ақы бойынша төдемдер	1		1
2.3	Шикізат	5		5
2.4	Басқалай шығындар	1		1
3	Коммуналдық шығындар	10	9	1
3.1	Су	3	2,7	0,3
3.2	Жылу	4	3,6	0,4
3.3	Жарық	1	1,8	0,2
3.4	Байланыс	1	0,9	0,1
3.5	Басқалай шығындар	1	0,9	0,1
	Барлығы	110	99	11

Бұл әрбір калькуляциялық (есептік) объектке ашылған карточкалар немесе арналған ведомосы арқылы жүзеге асады.

Осы ведомостарда (карточкаларда) шығындардың баптары, ал баяндауыш ведомостарда — айдың басы мен соңындағы цехтар бойынша аяқталмаған өндіріс қалдықтары, ай ішіндегі шығындар, дайын өнімді, түпкілікті ақауды, аяқталмаған өндіріс жетіспеушіліктерін, қайтымды қалдықтарды есептен шығару және басқа да есептен шығарулар көрсетіледі.



Сурет 2.2 - Шығындарды өнімнің өзіндік құнына кіргізу әдісі бойынша жіктеу

Кесте 2.8 - Басқару есебінде шығындарды өнімнің өзіндік құнына кіргізу әдісі бойынша жіктеу

№	Шығынның атауы	Млн тг	Өнімнің өзіндік құнына кіргізу әдісі бойынша	
			тікелей	жанама
1	2	3	4	5
1	Жиғаз өндіру буынының шығындары	90	90	
1.1	Жұмысшылардың еңбек ақылары	10	10	
1.2	Еңбек ақы бойынша төдемдер	3	3	
1.3	Шикізат	67	67	
1.4	Басқалай шығындар	10	10	
2	ДСП өндіру буынының шығындары	10	10	
2.1	Жұмысшылардың еңбек ақылары	3	3	
2.2	Еңбек ақы бойынша төдемдер	1	1	
2.3	Шикізат	5	5	
2.4	Басқалай шығындар	1	1	
3	Коммуналдық шығындар	10		10
3.1	Су	3		3
3.2	Жылу	4		4
3.3	Жарық	1		1
3.4	Байланыс	1		1
3.5	Басқалай шығындар	1		1
	Барлығы	110	100	10

Ведомостарға (карточкаларға) тиісті мәліметтерді жазу үшін қажетті құжаттар мен талдамалық кестелер негіз болады. Тізімдемелер (карточкалар) бойынша жиынтық әр цех бойынша көрсетіледі, ал аяқталмаған өндіріс қалдықтарының сомасы — Бас кітапта көрсетілген 8110-шот бойынша қалдықтарға тең болуға тиіс. Өндіріске жұмсалған шығындарды есепке алу ведомостарының (карточкаларының) деректері бойынша шығарылған өнімнің нақты өзіндік құны айқындалады. Соңғысын өнімге қоса тіркелген қағаз (накладная) арқылы қоймаларда кіріске алады. Өндірілген өнімнің құнына 1320 – «Дайын өнім» шоты дебеттеледі және 8110-шот кредиттеледі.

Өндірістегі шығындардың жиынтық есебі шығындардың жиынтық есебі ведомосында жүргізіледі. Біртектес бұйымдардың жекелеген түрлері немесе тобы калькуляциялау объектілері болатындықтан, біртектес өнімнің бірін немесе бірнеше түрлерін жасауға жұмсалған шығындарды есептеу үшін ведомоста осыған ұқсас шоттар ашылады. және түрлі жағдайлардағы өнімнің өзіндік құн бойынша бар нұсқауларға талдау жасап, кәсіпорынды басқару органдарына өзіндік құн туралы деректер береді, бұл деректер осы органдар үшін ағымдық және болашақ операцияларды бақылауды жүзеге асыру құралы болып табылады.

Шығындарды олардың өндіріс көлеміне қатысы бойынша жіктеу

↓

Тұрақты шығындар


↓

Өзгермелі шығындар

Сурет 2.3 - Шығындарды олардың өндіріс көлеміне қатысы бойынша жіктеу

Кесте 2.9 - Басқару есебінде шығындарды олардың өндіріс көлеміне қатысы бойынша жіктеу

№	Шығынның атауы	Млн тг	Өндіріс көлеміне қатысы бойынша	
			тұрақты	өзгермелі
1	2		3	4
1	Жиғаз өндіру буынының шығындары	90	13	77
1.1	Жұмысшылардың еңбек ақылары	10	10	
1.2	Еңбек ақы бойынша төдемдер	3	3	
1.3	Шикізат	67		67
1.4	Басқалай шығындар	10		10
2	ДСП өндіру буынының шығындары	10	4	6
2.1	Жұмысшылардың еңбек ақылары	3	3	
2.2	Еңбек ақы бойынша төдемдер	1	1	
2.3	Шикізат	5		5
2.4	Басқалай шығындар	1		1
3	Коммуналдық шығындар	10		10
3.1	Су	3		3
3.2	Жылу	4		4
3.3	Жарық	1		1
3.4	Байланыс	1		1
3.5	Басқалай шығындар	1		1
	Барлығы	110	17	93



Сурет 2.4 - Басқару есебінде шығыстарды тарату барысында ескерілетін өнім

Өндіріс шығындарың талдамалық есебін ұймдастыру барысында аталғып кеткен шығындар мен олардың жиінтығы шығыс сомалары жартылай фабрикаттардың, дайын өнімдердің өзіндік құнына жеткізіледі.

Өзінің кезегінде дайын өнімдердің өзіндік құны тауарлы өнімдердің құнына әсер берелі, ал тауарлы өнімдердің өзіндік құны жалпы өнімнің жиынтық құнына әсер етеді.

Жартылай фабрикаттар - өндеудің алғашқы этаптарынан ғана өткен, әлі де өндеуді қажет ететін бұйымдар.

Дайын өнімді баланста іс жүзіндегі өзіндік құнымен бейнелейді.

Кәсіпорынның қызметі өндірістің шығындарын өнімді өткізуден түскен табыспен жауып, пайда табуға бағытталған. Бұл кәсіпорын жұмысшыларынан

технологияны жақсартуды өнім сапасын арттыруды, бәсекелестікті нығайтуды талап етеді.

Дайын өнім - өндірістің барлық стадияларынан өткен, техникалық талаптар мен стандарттарға сай келетін, пайдалануға дайын қоймаға өткізілген немесе сатуға арналған өнімдер.

Тауарлы өнім – есептік кезеңде шығарылған, өз өндірісінің және тапсырысшының материалдарынан жасалған, техникалық бақылаудан өтіп, қоймаға тапсырылған өнімдер құны.

Жалпы өнім – есептік кезеңде шығарылған барлық дайын өнім құнынан өз өндірісінің жартылай фабрикаттар құнын алып тастағандағы өнімдер құны. Оған басқа жақтарда және өзінің әлеуметтік сферасында көрсеткен қызметтерінің құны да қосылады.

2.3 Өндірістегі шығындардың жиынтық есебі.

Өндірістегі шығындардың жиынтық есебі шығындардың жиынтық есебі ведомосында жүргізіледі.

Біртекес бұйымдардың жекелеген түрлері немесе тобы калькуляциялау объектілері болатындықтан, біртектес өнімнің бірін немесе бірнеше түрлерін жасауға жұмсалған шығындарды есептеу үшін ведомоста осыған ұқсас шоттар ашылады. және түрлі жағдайлардағы өнімнің өзіндік құн бойынша бар нұсқауларға талдау жасап, кәсіпорынды басқару органдарына өзіндік құн туралы деректер береді, бұл деректер осы органдар үшін ағымдық және болашақ операцияларды бақылауды жүзеге асыру құралы болып табылады.

Нарықтық экономика жағдайындағы бухгалтерлік есеп жүргізушілік пен статистикалық қызметінен гөрі, шаруашылық субъектінің қызметі туралы ақпараттарды беру, өңдеу, жинаудың, сондай-ақ, мүдделі жақтардың өздерінде бар ақша қаражаттарын қалай ұтымды инвестициялау керектігі жөніндегі талабына жауап беретін, және олардың қабылдаған шешімдерінің негізділігіне көздерін жеткізетін құралына айналды.

Әкімшіліктің жаңа мүддесін қанағаттандыру мүмкіндігіне тек қана бухгалтер-талдаушы ғана ие, себебі ол шаруашылық субъектінің экономикасын ұғынуға қабілетті, қаржылы-есептік мәліметтер негізінде, оның олқы жерлерін анықтай алады, және де ол салықтық жоспарлауды жасайды.

Бүтіндей сірә, ұйымның қаржылық сәттілігі, ұйымдастыру деңгейіндегі басқарушы есептің жүйесіне тура пропорционалды болып келеді.

Еске сала кетейік, дұрыс шешім қабылдамас бұрын, әрбір әрекеттің варианттары бойынша басымдылығын бағалай отырып, шешімді қабылдаушыларға мақсаты мен негізгі бағыты туралы анықтауға барынша мүмкіндік беру керек.

Осыдан, шешімді қабылдау процесінің бірінші кезеңі — мақсаттарды анықтау және мәселелерді ұйымдастырудан тұрады.

Компанияның мақсаттары мен мәселелері неден туындайды және соның ішінде максималды табысқа қол жеткізу мақсатын негіздеуде әр түрлі аргументтердің ұсынылуы жөнінде қызу пікір таластың болғаны жөн.

Мақсаттарды анықтағаннан кейін бухгалтер-талдаушы іс-әрекеттің (немесе стратегияның) баламалы варианттарын іздестіреді, сондықтан шаруашылық субъектінің басшысына төмендегі іс-әрекеттің варианттарының біреуіне немесе бірнәшесіне сүйену ұсынылады:

✓ колданыста жүрген нарық жағдайына бейімделген өнімнің жаңа түрлерін сатуға дайындау;

- ✓ өнімді сату үшін тыңнан жаңа нарығын іздестіру, яғни ол үшін жаңа өнім түрлерін дайындау;
- ✓ өндірілген өнім түрлері бойынша, өздігінше жаңа нарықты жасау, (игеру)

Кесте 2.10 – Жиынтық есеп нәтижесінде талдаушы бухгалтердің қабылдайтын балама шешімдері (ірі қара өсіретін шаруашылық мысалында)

Басқару есебіндегі балама шешімдер	Ағымдағы жағдай	Балама ұсыныс тобы
1	2	3
Қолданыста жүрген нарық жағдайына бейімделген өнімнің жаңа түрлерін сатуға дайындау	Өндірілетін өнім түрі: Сүт	Қаймақ Май
Өнімді сату үшін тыңнан жаңа нарығын іздестіру, яғни ол үшін жаңа өнім түрлерін дайындау;		Қатық Ірімшік Құрт
Өндірілген өнім түрлері бойынша, өздігінше жаңа нарықты жасау, (игеру)		Шұбат Қымыз

Баламалы варианттарды іздестіруде бухгалтер барлық мүмкін болатын баламаны анықтауы керек. Мысалы, басқарушы офиске қызмет көрсетуде өзінің мәселелерін шешу үшін мынадай шығындарды қысқарту баламаларын анықтайды:

- ✓ запастар, материалдар мен құрал-жабдықтарды сатып алуды жақсарту;
- ✓ нысандарды және басқа да баспа материалдарын стандарттау;
- ✓ көрсетілген мерзімінен тыс жұмыстарды қысқарту;
- ✓ қызметкерлердің еңбегін тиімді пайдалану;
- ✓ контор (кеңсе) жұмыстарын автоматтандыруды дамыту;
- ✓ материалдарды ысырап қылу мен ұрлықты болдырмау үшін бақылауды жақсарту.

Әр түрлі іске кірерде олардың құндылығын ескеретін, творчестволық ойлай білетін басшы, осы кезеңде белсенді түрде идеяларды немесе ойларды іздейді және өз қарамағындағыларға өзінің нұсқауларын береді. Ол айқындалған (табылған) балама саны көбейген сайын, мәселелерді табысты шешу үшін мүмкіндіктердің көбейгенін білдіреді.

Баламаларды салыстыра отырып, басқарушы бірінші кезекте: ақша мен адамдарға деген қажеттілігін, инвестицияның қайтарымын, талап етілетін уақытын, басқа бөлімшелердің мұқтаждары, еңбек қатынастарына әсер етуін, қолда бар артықшылықтарын пайдалануын және басқа да осы сияқты іске қатысы бар факторларды қарастыру керек.

Тандап алынған баламаларды іске асыруда, олардың іске асатындығын қайта тексеру керек, яғни реализм тағы да жоспардың шешілетін мәселелерге сәйкестігін бағалаудың шешуші кілті екендігіне көзін жеткізу керек.

Осы мәселелерді және жоспарды ұсынып отырған басқарушы да, оның басшысы да оларды қарауға және бекітуге міндетті.

Олар бұл жоспарларды жақтау кезінде, оны тағы да зерттеуі керек, ол үшін оның мына ретте сәйкестігін қараған жөн:

- ✓ Қалыптастырылған жоспардың күтілуі қаншалықты негізделген, яғни қойылған мәселелерді шешуге мүмкіндігі бар ма? Егер олай болмаса, онда жоспарлар мен мәселелер бұл сұраққа жауаптың жағымды болатындай етіп қайта қаралуы тиіс.
- ✓ Тәжірибеде бар барлық баламалар анық анықталды ма және бағаланды ма?

- ✓ Барлық негізгі кезеңдердің орындалуының нақты уақытша графигі ұсынылды ма?
- ✓ Ұсынылған графикке сәйкес жоспарды іске асыру барысында, оны сандық өлшеуге мүмкіндік бар ма?
- ✓ Жоспардың іске асырылуына қатысы барлар үшін түсінікті ме?
- ✓ Активтерді пайдаланылудан түсетін қайтарымдарды оңтайлатуға мүмкіндік бар ма?

Таңдап алынған іс-әрекеттердің баламалы бағыттары бюджетті жасаудың жол сілтейтін нүктесі болып табылады.

Смета - бұл әкімшіліктің қабылдаған әр түрлі шешімдерін жүзеге асырудың қаржылық жоспары.

Смета түсімдері және қолма-қол ақшалардың кері ағылуы, сатудан түскен табыстар мен шығындар ескеріледі.

Сметаларда болашақ нәтижелер мен ұйымның ниеті шоғырланған нысанда, біртұтас құжатқа жинақталып көрсетіледі.

Бұл құжат *қорытынды қаржылық смета* деп аталады және табыстар (кірістер) мен шығыстардың сметалық шоттарынан, қолма-қол ақша қозғалысының есеп айырысуы мен баланстан тұрады. Сметаны жасау барысында ұйымның әрбір бөлімшесі, әкімшіліктің жормалданған шешімдерін жүзеге асыру туралы өздерінің ролің білгені жөн.

Қызметтің нәтижесін бақылау (мониторинг) үшін бухгалтер сметаның орындалуы жөнінде есеп беруді дайындайды және белгілі бір шешімдерді орындауға жауапты менеджерлерге ұсынады.

Сметаны жасау кезінде бухгалтер-талдаушы қысқа мерзімді жоспарларды дайындауға баса көңіл аударады және өткен кезең нәтижелері туралы мәліметтердің қалыптастыруына да жауапты, себебі олар болжау көрсеткіштерін жасауға қажет болады.

Одан басқа, ол жұмыс графигі мен сметаларды жасау процедурасын белгілейді, ұйымның барлық бөлімшелерінің қысқа мерзімді жоспарларды дайындауын үйлестіреді және осы жоспарлардың тығыз өзара үйлесімділігін қадағалап отырады. Сосын ол бұл жоспарларды жоғарыдағы басшының бекітуі үшін, барлық ШС бойынша жалпы жинақталған қаржылық сметаларын жасайды.

Сөйтіп бухгалтер-талдаушының көз қарасы тұрғысынан сметалар өздерінің қарапайым нысанында, бірлесіп қарастырылған барлық басқарушылардың жоспарлары мен мәселелерінің, жоспарлы (мақсатты) кезеңде бүтіндей ұйымның табыстары мен шығындарына әсер ететіндей, ақшалай көрсетілген бірліктің сандық көрінісі болып табылады.

Ерекше атап өтетін жайт, бұл табысты ұйымның, сметаны жоспарлауда қажетті шараларды таңдау, яғни барлық басқарушылық команданың бірлескен жұмыстарының нәтижесі ретінде, міндеттемелерді жасау үшін пайдалы екеніне көздері жету керек.

Бизнес қадамы осы процестің жалпы тізбегінде деп айтуға мұқтаждық жоқ, бірақта ол барлық қажетті қадамдарды (шараларды) өзіне кіргізуі керек.

2.4 Басқару есебіндегі калькуляциялау негіздері

Калькуляция дегеніміз - өнімнің, атқарылған жұмыстар мен көрсетілген қызметтердің бір өлшемге есептелінген өзіндік құны болып табылады.

Ол кәсіпорын жұмысын жедел басқару үшін маңызды роль атқарады және ішкі резервтерді дер кезінде ашуға және өнімнің өзіндік құнын жоспарлауға, өнімге, жұмыстар мен қызметтерге көтерме және бөлшек бағаларды негіздеуге пайдаланылады.

Өндірісті ұйымдастыру ерекшеліктері мен технологиясына байланысты өндірістегі шығындарды есепке алудың және өнімнің өзіндік құнын калькуляциялаудың бірнеше әдістері қолданылады.

Халық шаруашылығының түрлі салаларындағы кәсіпорындарда қандай да бір әдісті қолдану өнімнің өзіндік құнын жоспарлау, есепке алу және калькуляциялау жөніндегі негізгі ережелеріне сәйкес белгіленеді.

Калькуляциялауды жасау мерзімі: алдын ала және кейінгі (немесе кезектегі) болып екіге бөлінеді.

Алдын ала жасалатын калькуляция өнімді шығарғанға дейін өндіріске қажетті деңгейдегі шығындардың мөлшерін топшылайды. Оған жоспарлы, сметалық және нормативтік калькуляция жатады.

Жоспарлы калькуляция - өнімге (жұмысқа, қызметке) және бұйым бірлігіне мүмкін болатын шығындардың деңгейінде анықталады, бірақ ол кезде жалақының, энергияның, отынның, материалдардың нормасы, өндірістің технологиясы, сондай-ақ резервтері ескеріледі.

Сметалық (болжамдық) калькуляция - бұл жоспарлы калькуляцияның бір түрі, ол жоспарланған және жаңадан игерілген бұйымның негізінде жасалады. Ол жоспарлы калькуляцияны жасауға негіз бола алады.

Нормативтік калькуляция ағымдағы жоспарлы калькуляцияның бір түрі болып табылады. Бұл аталған әдіс шығындарды есептеудің нормативтік әдісін және кәсіпорынның өзінде пайдаланып жүрген өнімнің өзіндік құнының калькуляциясын қолданады.

Оның негізінде қол жеткен шығындар деңгейін сипаттайтын ағымдағы және әрекет етіп тұрған нормаларды пайдаланады.

Нормативті калькуляцияның жоспарлы калькуляцияға қарағанда дәлділігі анағұрлым жоғарылау болып келеді.

Кейінгі (немесе кезекті) калькуляция өнім шығарылғаннан соң бухгалтерлік есеп мәліметтері бойынша жасалынады.

Олар нақты шығынды көрсетеді. Оларға нақты (есеп беру калькуляциясы) және шамаланған калькуляция жатады.

Өнімнің өзіндік құнының нақты (есеп беру) калькуляциясы нақты шығындармен сипатталады, ал ол жоспардан кәсіпорынға байланысты себептері бойынша да (өнімді өндірудің орындалуы немесе орындалмауы, кейбір шығындар түрлерінің артық немесе кем жұмсалуды) және оған байланыссыз себептері бойынша да (материалдарға бағанын өзгеруі, амортизациялық аударымдардың нормасы, суға, газға, жылуға, электр энергиясына тарифке өзгерістер енгізілуіне байланысты) ауытқуы мүмкін. Калькуляцияның бұл түрі нақты шығындар туралы есептік мәліметтің негізінде дайындалады.


Шамаланған калькуляция-нақты шығындар және тоғыз айдың ішінде алынған өнімдер немесе басқа да кезеңге есептелген шығындар деңгейінде жасалады.

Калькуляцияның бұл түрі ағымдағы жылдағы өндірілген өнімнің нәтижесін алдын ала бағалау үшін пайдаланылады.

Калькуляциялау кезінде өнімнің өзіндік құнының калькуляциясын және шығындарды есептеу объектісін дұрыс белгілеу өте үлкен роль атқарады.

Шығындардың есеп объектісі болып сол шығындардың өндірістегі аналитикалық есебі саналады. Калькуляцияның объектісі болып өнім түрлері, жұмыстар, қызметтер саналады. Өнеркәсіпте есеп объектісі өте жиі калькуляциялау объектісімен сәйкес келеді.





Сурет 2.5 - Калькуляциялаудың жасау мерзіміне сәйкестүрлері

Мысалға, тігін фабрикасының шығыны мен өнімнің өзіндік құны сол фабрикада тігілген ерлер костюмы бойынша есептелінеді. Ауыл шаруашылығында есеп объектісі, әдетте, өзінің калькуляциялау объектісімен сәйкес келе бермейді. Мысалға, өсімдік шаруашылығында есептеу объектісі күздік бидай болып табылса, ал калькуляциялау объектісі болыған, сабан саналады.

Мал шаруашылығында есептеу объектісі сүтті табын болып табылады, ал калькуляциялау объектісіне сол табынның сүті, төлі, жиі жатады. Есеп объектісі мен калькуляциялаудан басқа калькуляциялық бірлік тізімін белгілеу қажет.

Калькуляциялық бірлік, әдетте, тиісті өнім (бұйым) түрінің техникалық жағдайына немесе қабылданған стандарттық өлшем бірлігіне және өндірілген өнімнің натуралды көрінісіне сәйкес келуі тиіс. Егер де жоспарлау өлшем бірлігі ретінде екі көрсеткішті пайдаланса (дм^2 және м^2), онда калькуляциялық бірлік осы екі бірліктің бірін ғана пайдаланады.

Сонымен, іс жүзінде пайдаланатын калькуляциялық өлшем бірлігін келесі топқа біріктіруге болады:

- натуралды бірліктері - дана, метр, килограмм, тонна, литр және т.б.;
- ірілендірілген (иесіздендірілген) бірлігі-тігін бұйымының прејскуранттық нөмірі, белгілі бір артикулдағы жүз жұп аяқ киімі және т.б.;
- өнімнің өзіндік құның калькуляциялау үшін пайдаланылатын шартты-натуралды бірлік, ондағы пайдалы заттың құрамы әртүрлі тербелісте болуы мүмкін (мысалға, спирт-100%, күйдіргіш содасы — 92% натрий);
- құндық бірлігі;
- еңбек бірлігі (норма-сағаты).

Бұл аталған өнімдердің өзіндік құнын есептеу аса күрделі әдістемелерді пайдалануды талап етпейді. Бұндай жай өндірістерде бір ғана өнім түрі калькуляцияланады.

Күрделі өнім деп жекелеген бөлшектерден, түйіндерден, детальдардан тұратын өнімдерді айтады.

Калькуляциялық өлшем бірліктері

57

→ **Натуралды бірліктер (дана, метр, килограмм, тонна, литр)**

→ **Ірілендірілген бірліктер (артикул, прејскурант, 100 дана дейін өнім)**

Мысалы, машиналар, станоктар, құрал-жабдықтар, автобустар және т.б. Күрделі өндірісте негізгі өнімнен басқа, дайын өнім ретінде оның бөлшектері, түйіндері, детальдары да калькуляцияланады. Бұл соңғылары калькуляциялау әдістемесіне қосымша қиындықтар туғызады.

Калькуляциялау әдістемесін анықтауда өндіріс циклының ұзақтығы басты роль атқарады. Кейбір салаларда оның ұзақтылығы бірнеше сағат құраса (көмір, кара металлургия, электростанция, т.б.), ал басқаларында бірнеше күнге созылуы мүмкін.

Өзін өзі бақылау сұрақтары

1. Шығындарды пайда болу орнына қарай қалай топтастыруға болады? Мысал келтіріңіздер.

2. Шығындарды жұмыстар мен қызмет түрлеріне қарай қалай топтастыруға болады? Мысал келтіріңіздер.

3. Шығындарды олардың түрлеріне қарай қалай топтастыруға болады? Мысал келтіріңіздер.

4. Календарлық кезен бойынша өндіріс шығындарды қалай топтастыруға болады? Мысал келтіріңіздер.

5. Шартты – тұрақты және шартты – ауыспалы өндірістік шығындар дегеніміз не?

6. Калькуляция дегеніміз не?

7. Калькуляциялауды жасау мерзіміне сәйкес қалай топтастырады?

8. Алдын ала жасалатын калькуляция дегеніміз не?

9. Жоспарлы калькуляция санатына анықтама беріңіз.

10. Сметалық (болжамдық) калькуляция санатына анықтама беріңіз.

11. Нормативтік калькуляция санатына анықтама беріңіз.

12. Кейінгі (немесе кезекті) калькуляция дегеніміз не?

13. Өнімнің өзіндік құнының нақты калькуляциясы деп нені айтамыз? Мысал келтіріңіздер.

14. Басқару есеп пәнінде шамаланған калькуляция деп нені аятады?

15. Калькуляциялық өлшем бірліктері деген ұғым нені білдіреді? Мысал келтіріңіздер.

Өзін өзі бақылау тестілері

1. «Шығындар» ұғымы:

- а) Өндірісте жұмыстарды жүзеге асырумен байланысты активтердің азаюы және міндеттемелердің көбеюі
- ә) Активтердің көбеюі және міндеттемелердің азаюы
- б) Шығындар бұл – өндірілген өнімнің ақшалай өлшемдегі өзіндік құны болып саналады
- в) Шығындар бұл – активтерді пайдаланумен байланысты ақша қаражаттарының ағымы
- г) Өндірісте жұмыстарды жүзеге асырумен байланысты активтердің көбеюі және міндеттемелердің төмендеуі
- д) Кәсіпкерлік қызметпен байланысты активтердің азаюы және міндеттемелердің көбеюі
- е) Ұйымның басқару қызметіндегі активтердің азаюы және міндеттемелердің көбеюі

2. Үстеме шығындар:

- а) Өндірістік ғимараттарды жөндеу және күтіп-ұстау шығындары
- ә) Қосымша өнім партиясына еңбек ақы шығындары
- б) Қосымша өнім партиясына материалдық шығындар
- в) Қосымша өнім партиясына тікелей шығындар
- г) Өндірістік жұмысшылардың негізгі еңбек ақылары
- д) Негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің тозуы
- е) Цехтарды, учаскелерді басқарушылардың еңбек ақылары

3. Алдын – ала калькуляциялау:

- а) Өткен кезеңдік
- ә) Жоспарлы
- б) Нақты
- в) Есептік
- г) Сметалық
- д) Жобалық
- е) Болашақ кезеңдік

4. Өзіндік құнды калькуляциялау түсінігі:

- а) Өнімнің, жұмыстар мен қызметтердің бір өлшемінің өзіндік құнын есептеу
- ә) Өнімнің бір өлшеміне жұмсалынған еңбекақы шығындарын есептеу
- б) Өнімнің бір өлшеміне жұмсалынған үстеме шығындарын есептеу
- в) Өнімнің жалпы көлеміне жұмсалынған тікелей шығындарды есептеу
- г) Өнімнің бір өлшеміне жұмсалынған үстеме шығындарын есептеу
- д) Өнімнің бір өлшемінің немесе өнім тобының өзіндік құнын есептеу
- е) Өнімнің бір өлшемінің өзіндік құнын есептеу

5. Өндіріске жұмсалынған шығындар:

- а) Өнім өндірісіне жұмсалынған материалдық, еңбек ақы және үстеме шығыстардың ақшалай құны
- ә) Өндірісті жоспарлауға жұмсаған материалдық, еңбекақы үстеме шығыстардың ақшалай құны
- б) Өнім өндірісіне жұмсаған өндірушінің шығындары
- в) Өндірісті басқаруға жұмсаған материалдық, еңбек ақы және үстеме шығыстардың ақшалай құны

- г) Бақылауға, жоспарлауға, басқаруға жұмсаған материалдық, еңбекақы және үстеме шығыстардың ақшалай құны
- д) Өндірісті игеруге жұмсаған материалдық, еңбек ақы және үстеме шығыстардың ақшалай құны
- е) Өнім өндірісі, жұмыстар мен қызметтер орындауға жұмсалған материалдық, еңбек ақы және үстеме шығыстардың ақшалай құны

6. Калькуляциялау бірліктері:

- а) Центнер
- ә) Жоспар
- б) Теңге
- в) Тонна
- г) Смета
- д) Шаршы метр
- е) Норма

7. Тұрақты шығындар бұл-

- а) Өндіріс көлеміне тәуелсіз белгілі бір кезең аралығында орын алған
- ә) Жаңа технологияларды зерттеуге бағытталған
- б) Амортизациялық аударымдар, жылдық төлем
- в) Менеджерлердің ықпалы бар шығындар
- г) Инфляцияның әсері тимейтін шығындар
- д) Өндірілген өнімнің бірлігіне қатысты тұрақты шығындар
- е) Өндірілген өнімнің көлемінің өзгеруіне тәуелсіз тұрақты

8. Өнім бірлігінің өзіндік құнын есептеудегі міндетті жүйе

- а) Еңбек уақытының есебі
- ә) Инвестицияларды басқару
- б) Шығындар есебі
- в) Басқару есебі
- г) Шығындар аудиті мен талдау
- д) Статистикалық есеп
- е) Өндірістік есеп

9. Өндірістік тікелей шығындар:

- а) Нақты бір өнім түрінің өзіндік құнына тікелей жатқызылады
- ә) Өндірілген өнім, орындалған жұмыстар мен қызметтердің өзіндік құндарына тікелей жатқызылатын шығындар
- б) Өнім түрлері арасында кешенді таратылатын шығыстар
- в) Өндірістің бірнеше өнім түрімен байланысты шығындар
- г) Негізгі шығындар
- д) Өнімнің әр түрінің өзіндік құнына жанама түрде жатқызылады
- е) Өнімнің өзіндік құнына тікелей апарылатын материалдық, өндірістік жұмысшылардың еңбек ақы шығындары

10. Өндірістік кәсіпорындағы калькуляциялау объектілері:

- а) Толықтай аяқталып болған бұйымдар, дайын өнім түрлері, жартылай фабрикаттар, өнімнің топтары, бұйымның сериялары, арнайы тапсырыстар мен қызметтер
- ә) Пайда орталығы
- б) Барлық қызметтер мен жұмыстар
- в) Шығындар орталығы

г) Толықтай аяқталған бұйымдар, жартылай фабрикаттар, өнімнің топтары, бұйымның сериялары, арнайы тапсырыстар мен қызметтер

д) Жартылай фабрикаттар

е) Өндірістен алынған дайын өнім түрлері, жартылай фабрикаттар, өнімнің топтары, бұйымның сериялары, арнайы тапсырыстар мен қызметтер

Жауаптар

1) а, д, е;

2) а, д, е;

3) ә, г, д;

4) а, д, е;

5) а, б, е;

6) а, в, д;

7) а, б, е;

8) б, в, е;

9) а, ә, д;

10) а, г, е.

ІІІ ТАРАУ. БАСҚАРУ ЕСЕБІНДЕГІ ҮРДІСПЕ – ҮРДІС КАЛЬКУЛЯЦИЯЛАУ ТӘСІЛІ

3.1. Үрдіспе – үрдіс калькуляциялау тәсілінің ерекшеліктері, тәсілді қолдану аясы

Өзіндік құнды калькуляциялаудың үрдіспе – үрдіс жүйесі біртекті немесе шамамен ұқсас, бірдей өнімді сериялап немесе жаппай өндіретін, не болмаса үздіксіз өндірістік циклі бар өндірісте қолданылады.

Шығындарды үрдіспе – үрдіс калькуляциясында процесс деп аталатын өндірістік кезеңнің жеке бөлігін әрбір өндірістік бөлімше орындауын көздейтін технологиясы бар кәсіпорындар да қолданылады.

Өндіріс шығындарын үрдіспе – үрдіс калькуляциялауды сондай – ақ әр түрлі бұйымдарды жасайтын кәсіпорындар өндірістің барлық процесін тұрақты қайталанатын операцияларға бөлуге болатын жағдайда қолдана алады.

Үрдіспе – үрдіс тәсіл көбіне өнеркәсіптің өндіруші және энергетика салаларында қолданылады.

Бұл салалар өндірістің жаппай түрімен, өнімнің шектеулі номенклатурасымен, өлшеу мен калькуляциялаудың ортақ белгілерімен, бітпеген өндірістің мүлдем жоқтығымен, не болмаса, шамалы мөлшерімен сипатталады.

Жинақтай келгенде шығарылатын өнім, жұмыс немесе қызмет бір уақытта шығын есебі объектісі мен калькуляциялау объектісі құны есепті жыл ішіндегі жиынтық шығынды бұл кезеңде өндірілген өнім санына бөлініп есептеледі.

Біртекті өнім шығаратын жерде өндіріске шыққан шығындардың негізгі мөлшерін калькуляцияның барлық баптары бойынша оңай анықтауға болады.

Көптеген кен өндіретін және қайта өңдеу өнеркәсібі орындарында жай тәсілді нормаға сай тәсілмен біріктіреді, осылайша өндіріс шығындарын бақылауды күшейтіп, өндіріс барысында шығындардың нормадан ауытқуын анықтайды.

Көптеген кәсіпорындардың жұмыс тәжірбиесі кәсіпорындарда нормаға сай тәсілдердің элементтерін өндірісті қарапайым ұйымдастырумен бірге қолданудағы дұрыстығы мен озықтығы дәлелдеді.

Шығын есебі мен өнімнің өзіндік құнын калькуляциялаудың үрдіспе – үрдіс тәсілінің қарапайым әдісінің төрт нұсқасы бар.

Бірінші нұсқа. Тікелей және жанама шығыстарды барлық шығарылған өнімнің шығындарына белгіленген баптар бойынша есепке алынады. Өнім бірлігінің өзіндік құнын барлық өндірістік шығындардың дайын өнімнің санына бөлумен анықтайды. Бұл өндірісте бітпеген өндіріс, жартылай өнімдер мен дайын өнімнің құрамдас бөлігі болмайды.

Екіншісі – дайын өнім мен бітпеген өндіріс арасындағы шығындарды бөлуді қажет ететін жерде, бітпеген өндірісі бар кәсіпорында қолданылады.

Үшінші – бір уақытта өнімнің бірнеше түрін шығаратын немесе қазып шығаратын: жылу мен электр энергиясын шығару; мұнай мен газ өндіру; балықтың сан түрін шығаратын кәсіпорындарға қолайлы. Мұндай жағдайларда шығындарға тұтастай кәсіпорын бойынша, яғни қарапайым тәсілмен есепке алады, ал өнімнің өзіндік құнын қисындастырылған әдіспен калькуляциялайды. Мұнай мен газды өндіргенде энергетикалық шығындар, амортизация, бұрғылардың жерасты жабдықтарын, жөндеуді, қабаттың берерін арттыруға, мұнайды айдау мен сақтауға жұмсалатын шығындарды тікелей белгі бойынша мұнайға газ жинау тасымалдау шығыстарын газға жатқызады.

Қалған шығыстарды мұнай мен газ арасында кәсіпорынның орташа келісімді бағалары бойынша бағалау мен жалпы өндіруге сай бөлінеді.

Төртінші нұсқаны шығындар есебін процестер немесе бөлістер бойынша, бұл процестер немесе бөлістердің өнімнің өзіндік құнын анықтамай жүргізетін кәсіпорындарда қолданылады.

Бұл жерде шығын есебі мен өнімнің өзіндік құнының және калькуляциялаудың қарапайым және бөлістік тәсілдері үйлеседі.

Үрдіспе – үрдіс калькуляция жүйесі дайын бұйымдары ұқсайтын өнеркәсіп салаларында әрекет ететіндігі бұрын атап өтілді. Бұл жүйені пайдаланғанда өндіріс

шығындарын нақты тапсырыстармен, өнімнің жеке бірліктерімен байланыстыруғв әрекет жасалмайды.

Керісінше, бір бұйымның өзіндік құнын белгілі бір кезең ішіндегі өндірістің өзіндік құнын сол кезеңде жасалған бұйым санына бөліп, есептеуге болады. Басқаша айтсақ, тапсырыстың өзіндік құны сол кезеңде жасалған барлық бұйымдардың орташа өзіндік құнына тең алынады.

Өзіндік құнды калькуляциялаудың үрдіспе – үрдіс тәсілі біртекті немесе шамамен алғанда ұқсас, бірдей өнімді сериямен немесе жаппай өнім өндіретін, не болмаса үзіліссіз өндірістік циклі бір технологиялық процесстерде қолданылады. Шығындарды процестік калькуляциялауды технологиясы әрбір өндірістік бөлімшенің өндірістік процестің жеке бөлігін орындаудың және өнімнің бір операциядан өндеу шарасы бойынша басқасына жылжуын қамтитын субъектілер қолданады.

Соңғы бөлімше өндірісті аяқтайды және өнімді дайын өнім қоймасына тапсырады. Белгілі бір уақыт кезеңі ішіндегі шығындарды тапсырады орындауға қажетті уақыт ішінде емес, есепті кезең ішіндегі бұйымдарға қатыссыз, өндірістік бөлімшелер бойынша жинақтап қорытады. Әрбір бөлімше үшін (Бітпеген өндіріс) жеке шоты ашылады. Мұндайда есепті кезеңнің басы мен соңындағы бітпеген өндіріс шартты түрде біткен өнімдерге қайта, есептеледі.

Мұндай өндіріске өнеркәсіптің кен өндіру салалары мен энергетика кіреді. Мұнда шығарылатын өнім бір уақытта шығын есебі мен калькуляциялардың объектісі болып табылады.

Шығындарды кіргізудің толықтығына қарай толық шығын мен өзгермелі шығын есебі тәсілдерін ажыратады. Толық шығынның ерекшелігі, тікелей шығыстар жасалған және қолданылатын нормаларға сәйкес өнімнің бірлігіне немесе басқа өлшеуішіне тура жатқызылуында. Мұндайда жанама шығыстар коэффициентінің көмегімен қайсыбір базада өнім бірлігіне сай әсер етеді.

Калькуляциялауда шығын есебі бірнеше кезеңмен жасалады; барлық шығындарды пайда болған жерлері мен бөлімшелер арасындағы жанама шығыстарды бөлу бойынша шоғырландыру; негізгі өнімді шығармайтын бөлімшенің шығындарын негізгі өнім шығаратын бөлімшеге қайсыбір базаға сай етіп қайта бөлу; негізгі шығаратын бөлімшенің қосымша шығыстарын қайсыбір базада шығарылатын өнімге сай үйлесімді етіп қайта бөлу.

3.2 Үрдіспе – үрдіс калькуляциясының қарапайым әдісінің бірінші нұсқауы

Басқарушылық есептің үрдіспе – үрдіс калькуляциялау әдісін пайдалану реті өндірістің сипатына байланысты.

Өндірістің көлеміне қарамастан ол бір жобалы, бір типті болуы мүмкін, немесе бір неше жобалы, көп типті өндіріс болуы да ықтимал.

Бір жобалы өндірістің бірнеше немесе көп жобалы өндірістен басты айырмашылығы дайын өнім түрінің дара болуында.

Дара өнім түрін шығаратын өндіріс кен орындарымен, басқа да қазба өнімін шығаратын өндіріспен байланысты болып келеді. Дара өнім өндіру тек кен орындарында емес басқа да салаларда кездеседі, соның ішінде орман шаруашылығы, ауыл шаруашылығы, энергетика саласы т.с.с.

Дара өнім түрін шығаратын өндіріс мысалдарына келсек, бұл:

- карьерден құм қазып алу;
- карьерден көмір қазып алу;
- орман алқабынан ағаш кесу;
- табиғи немесе қолдан өкрылған су қоймаларынан балық аулау;

- гидроэлектрстансасынан электрлік қуат алу;
- тағы басқа дара өнім шығаратын кндіріс түрлері.

Үрдіспе – үрдіс калькуляциясының қарапайым әдісінің бірінші нұсқауын қолдану барысында тікелей және жанама шығыстарды барлық шығарылған өнімнің шығындарына белгіленген баптар бойынша есепке алынады.

Өнім бірлігінің өзіндік құнын барлық өндірістік шығындардың дайын өнімнің санына бөлумен анықтайды.

Бұл өндірісте бітпеген өндіріс, жартылай өнімдер мен дайын өнімнің құрамдас бөлігі болмайды.

Қорыта келсек, өндіріс белгілері:

- аяқталмаған өндіріс атымен болмайды;
- жартылай өнімдер қолданылмайды;
- дайын өнімнің құрамдас бөлігі болмайды.

Мысалы: ГЭС энергоқуат береді немесе карьерден құм қазылып алады делік.

Аталып отырған өндіріс түрлері бойынша келесі шығын сомалары көрсетілген:

Кесте 3.1 - Басқару есебінде үрдіспе – үрдіс калькуляциясының қарапайым әдісінің бірінші нұсқауы

№	Операция мәні	Дт	Кт	Өндіріс түрі, млн теңге	
				ГЭС қызметі	Карьерден құм алу
1	2	3	4	5	6
1	Негізгі өндірістегі жұмысшылар тобына еңбек ақы есептелді	8110	3350	220,0	132,0
2	Негізгі өндірістегі жұмысшылар тобының еңбек ақы қорына есептеліп әлеуметтік салық жазылды	8110	3150	8,8	5,3
3	Негізгі өндірістегі жұмысшылар тобының еңбек ақы қорына есептеліп әлеуметтік қорларға жарна жазылды	8110	3210	12,1	7,3
4	Негізгі өндіріске босатылып материалдық құндылықтар шығарылды	8110	1310	71,1	35,1
5	Негізгі өндіріс бойынша коммуналдық шығындар	8110	3310	7,0	5,5
6	Негізгі өндірістегі НҚ бойынша көрсетілген тозупұл	8110	2420	3,0	1,9
	Барлығы	X	X	322,0	187,0
7	Дайын өнім қабылданды	1320	8110	322,0	187,0
	Дайын өнімнің (қызметтің) көлемі	X	X	40 млн квт	50000 тн
	Дайын өнімнің (қызметтің) өзіндік құны, теңге	X	X	8,05 т/Квт	3740 т/тн

өндірістегі жұмысшылар тобына еңбек ақы есептелді;
өндірістегі жұмысшылар тобының еңбек ақы қорына есептеліп әлеуметтік салық жазылды;
өндірістегі жұмысшылар тобының еңбек ақы қорына есептеліп әлеуметтік қорларға жарна жазылды;
өндіріске босатылып материалдық құндылықтар шығарылды
өндіріс бойынша коммуналдық шығындар көрсетілді;
өндірістегі негізгі құралдар бойынша тозупұл көрсетілді.

Берілген мысалымызда ГЭС қызметі бойынша 322,0 млн. теңге шығын орын алды, ал карьерден құм алу қызметі бойынша 187,0 млн. теңге шығын жазылды. Есептік мезгіл аралығында ГЭС қызметі бойынша 40 млн квт электрқуат

өндірілген, ал карьерден құм алу қызметі бойынша 50 000 тн құм алынған.

Нәтижесінде, басқару есебінде қолданылатын үрдіспе – үрдіс калькуляциясының қарапайым әдісінің бірінші нұсқауына сәйкес өзінлік құн деңгейі келесі жолмен анықталады:

ГЭС стансасы өндірген электрқуатының 1 квт-ы өзіндік құны 8,05 теңге болды, ал карьерден алынған құмның 1 тоннасының 4 өзіндік құны 3740 теңге құрады.

Бірінші өнім бойынша: $322,0 \text{ млн. теңге} / 40 \text{ млн квт} = 8,05 \text{ теңге}$;

Екінші өнім бойынша: $187,0 \text{ млн. теңге} / 50\,000 \text{ тн} = 3\,740 \text{ теңге}$.

3.3. Үрдіспе – үрдіс калькуляциясының қарапайым әдісінің екінші нұсқауы

Басқару есебінің үрдіспе – үрдіс калькуляциясының қарапайым әдісінің екінші нұсқауына тоқталсақ, бұл әдіс осы тәсілдің бірінші нұсқауына іспеттес. Айырмашылығы бітпеген өндірістің орын алатыны.

Бітбеген өндіріс шаруашылық субъектілер тәжірибесінде көп кездеседі.

Бітбеген өндіріс орын алу себебі көп жағдайда өндірістің технологиялық сипатына байланысты.

Осы өндіріс түрлері бойынша бірнеше мысал келтіруге болады.

Соның ішінде:

ағаш материалдарын өңдеу барысында оларды дұрыс деңгейге дейін кептірмей өңдеуге жіберілмеуі;

кірпіш шығару барысында өңдеуге арналған жартылай дайын саз кірпіштің белгілі мерзім уақытына дейін өндіріске жіберілмеуі;

жүнді түту фабрикасында өңдеуге арналған қырқылған жүнді кептірмей өндіріске жіберілмеуі;

басқалай жартылай фабрикаттарды қолданатын өндіріс түрлерінде оларды әбден дайындап болмай қндіріске босатылмауы.

Сонымен, басқару есебінің үрдіспе – үрдіс калькуляциясының қарапайым әдісінің екінші нұсқауында өндіріс белгілері келесі:

- аяқталмаған өндіріс орын алады;
- жартылай өнімдер қолданылмайды;
- дайын өнімнің құрамдас бөлігі болмайды.

Мысалы: ағаш материалдарын сатып алып, оларды кептіріп сосын өңдеп сату үрдісінде аяқталмаған өндіріс орын алды делік.

Келтірілген мысалда бітпеген өндіріс шығындары келесі элементтерден құралған:

кептіру алаңына ағаш материалдары қабылданды;

шаруашылықтағы жұмысшылар тобына еңбек ақы есептелді;

шаруашылықтағы жұмысшылар тобының еңбек ақы қорына есептеліп әлеуметтік салық жазылды;

шаруашылықтағы жұмысшылар тобының еңбек ақы қорына есептеліп әлеуметтік қорларға жарна жазылды;

шаруашылық бойынша коммуналдық шығындар көрсетілді;

шаруашылық бойынша негізгі құралдарға тозупұл жазылды.

Мысалымызда келтірілген есептік мезгілде бітпеген өндіріс жиынтығы 70 млн. теңге құрады.

Кесте 3.2 - Басқару есебінде үрдіспе – үрдіс калькуляциясының қарапайым әдісінің екінші нұсқауы

№	Шаруашылық операцияның мәні	Сома, млн теңге	Дт	Кт
1	Жабдықтаушыдан өңдеу үшін ағаш материалдары алынды (50 000 текше метр*1000 = 50 000 000 тг)	50,00	1310	3310
2	Ағаш материалдар кептіру алаңына жіберілді	50,00	1340	1310
3	Ағаш өңдеу өндірісіндегі жұмысшылар тобына еңбек ақы есептелді	12,00	1340	3350
4	Ағаш өңдеу өндірісіндегі жұмысшылар тобының еңбек ақы қорына есептеліп әлеуметтік салық жазылды	0,48	1340	3150
5	Ағаш өңдеу өндірісіндегі жұмысшылар тобының еңбек ақы қорына есептеліп әлеуметтік қорларға жарна жазылды	0,66	1340	3210
6	Ағаш өңдеу өндірісі бойынша коммуналдық шығындар	5,00	1340	3310
7	Ағаш өңдеу өндірісі бойынша НҚ тозупұлы	1,86	1340	2420
	Аяқталмаған өндіріс шотындағы шығыс жиынтығы	70,00	X	X
2	Кептіру алаңына жіберілген ағаш материалдардың өңдеуге дайыны негізгі өндіріске жіберілді (35 000 текше метр, немесе 70%)	35,00	8110	1340
3	Еңбек ақы шығындарының 70% негізгі өндіріске жазылды	8,40	8110	1340
4	Еңбек ақы қорына есептеліп жазылған әлеуметтік салық сомасының 70% негізгі өндіріске жазылды	0,34	8110	1340
5	Еңбек ақы қорына есептеліп әлеуметтік қорларға жазылған салық сомасының 70% негізгі өндіріске жазылды	0,46	8110	1340
6	Ағаш өңдеу өндірісі бойынша коммуналдық шығындар сомасының 70% негізгі өндіріске жазылды	3,50	8110	1340
7	Ағаш өңдеу өндірісі бойынша НҚ тозупұлы сомасының 70% негізгі өндіріске жазылды	1,3	8110	1340
	Негізгі өндіріс шотындағы шығыс жиынтығы, дайын өнімнің жалпы өзіндік құны	49,00	1320	8110
	Дайын ағаш материалдарының өзіндік құны (49 млн тг /35 000 = 1400 тг/м3)	1400	X	X

Ағашты өңдеу технологиялық мерзімге сәйкес есептік мезгілде 50 000 текше метр ағаш материалдарының 35 000 текше метрі кептіру алаңынан өңдеу цехіне босатылды, немесе 35 000 текше метр.

Демек, бітпеген өндіріс шығындарының 70%, немесе 49 000 теңгесі болашақ дайын өнімнің өзіндік құнын құрайды.

Соның ішінде:

кептіру алаңына жіберілген ағаш материалдардың өңдеуге дайыны негізгі өндіріс шығыны ретінде көрсетілді – 35 млн. теңге;

еңбек ақы шығындарының 70% негізгі өндіріс шығыны ретінде көрсетілді – 8,4 млн. теңге;

еңбек ақы қорына есептеліп жазылған әлеуметтік салық сомасының 70% негізгі өндіріс шығыны ретінде көрсетілді – 0,34 млн. теңге;

еңбек ақы қорына есептеліп әлеуметтік қорларға жазылған салық сомасының 70% негізгі өндіріс шығыны ретінде көрсетілді – 0,46 млн. теңге;

коммуналдық шығындар сомасының 70% негізгі өндіріс шығыны ретінде көрсетілді – 3,5 млн. теңге;

өндіріс бойынша негізгі құралдардың тозупұлы сомасының 70% негізгі өндіріс шығыны ретінде көрсетілді – 1,3 млн. теңге.

Қорыта келсек, басқару есебінің үрдіспе – үрдіс калькуляциясының қарапайым әдісінің екінші нұсқауы бойынша, дайын ағаш материалдарының әр текше метрі 1400 теңге болады, немесе:

дайын ағаш материалдарының өзіндік құны: $49 \text{ млн тг} / 35\,000 = 1400 \text{ тг/м}^3$ болады.

3.4 Үрдіспе – үрдіс калькуляциясының қарапайым әдісінің үшінші нұсқауы

Басқару есебінің үрдіспе – үрдіс калькуляциясының қарапайым әдісінің үшінші нұсқауына тоқталсақ, бұл тәсіл бір уақытта өнімнің бірнеше түрін шығаратын немесе қазып шығаратын өндірістерде қолданылады.

Өндіріс белгілері:

- аяқталмаған өндіріс орын алмайды;
- жартылай өнімдер қолданылмайды;
- дайын өнімнің құрамдас бөлігі болмайды, екі немесе одан көп өнім бір өндірістен шығады.

Мысалы бір компания мұнай мен қоса газ шығарады делік.

Аталмыш компанияда келесі шығын тобы орын алған:

мұнай өндіргенде энергетикалық шығындар, амортизация, бұрғылардың жерасты жабдықтарын, жөндеуді, қабаттың берерін арттыруға, мұнайды айдау мен сақтауға жұмсалатын шығындар, олардың жиінтығы 150 млрд.теңге.

газ өндіргенде энергетикалық шығындар, амортизация, бұрғылардың жерасты жабдықтарын, жөндеуді, қабаттың берерін арттыруға, гады айдау мен сақтауға жұмсалатын шығындар, олардың жиінтығы 50 млрд.теңге.

Осы шығын жиінтығынан басқа мұрай мен газ өнімдеріне ортақ шығыс сомалары орын алды.

Аталып лтырған ортақ шығыс сомасы келесі:

Мұнай мен газ өндіретік компания бойынша жұмысшылар тобына еңбек ақы жазылып, әлеуметтік салық, басқа да еңбек ақы қорына байланысты төлемдер жазылды. Бұл шығыс сомалары 20 млрд.теңге.

Мұнай мен газ өнімдеріне ортақ шығындарды тарату үшін аталған өнімдердің өз ара үлес салмағын тауып аламыз:

мұнай – 150 млрд.теңге, немесе 75%;

газ - 50 млрд.теңге, немесе 25%.

Екі өнім түрлерінің қатынасына байланысты, ортақ шығын сомаларын бөлеміз:

мұнай өніміне 20 млрд. теңге ортақ шығындардың 75%, немесе 15 млрд. Теңгесі тиесілі;

газ өніміне 20 млрд. теңге ортақ шығындардың 25%, немесе 5 млрд. Теңгесі тиесілі.

Кесте 3.3 - Басқару есебінде үрдіспе – үрдіс калькуляциясының қарапайым әдісінің үшінші нұсқауы

№	Операция мәні	Дт	Кт	Бір өндірістен шығатын өнімдер	
				Мұнай млрд тг	Газ млрд тг
1	2	3	4	5	6
1	Мұнай өндіргенде энергетикалық шығындар, амортизация, бұрғылардың жерасты жабдықтарын, жөндеуді, қабаттың берерін арттыруға, мұнайды айдау мен сақтауға жұмсалатын шығындар	8110	1310,1350 2420,2740 3310,3360,3380 т.с.с.	150	

2	Газ өндіргенде энергетикалық шығындар, амортизация, бұрғылардың жерасты жабдықтарын, жөндеуді, қабаттың берерін арттыруға, гады айдау мен сақтауға жұмсалатын шығындар	8110	1310,1350 2420,2740 3310,3360,3380 т.с.с.		50
3	Мұнай мен газ өндіретік компания бойынша жұмысшылар тобына еңбек ақы жазылып, әлеуметтік салық, басқа да еңбек ақы қорына байланысты төлемдер жазылып осы екі өнім арасына тікелей шығындарға сәйкес таратылды	8110	3350,3150,3210	15	5
4	Дайын өнім қабылданды	1320	8110	165,0	55,0
	Дайын өнімнің (қызметтің) көлемі			25 млн баррель	3.0 млрд литр
	Дайын өнімнің (қызметтің) өзіндік құны, теңге	X	X	6600 т/баррель	18,33 т/литр

Сонымен, мұнай өніміне тиесілі шығын сомасы 165,0 млрд. теңге, газ өніміне тиесілі шығын сомасы 55,0 млрд. теңге.

Есптік мезгілде 25 млн баррель мұнай және 3.0 млрд литров газ өндірілгенін ескерсек, өзіндік құн келесі бағытта есептеледі:

мұнай: $165,0 \text{ млрд. теңге} / 25 \text{ млн. баррель} = 6600 \text{ т/баррель};$

газ: $55,0 \text{ млрд. теңге} / 3,0 \text{ млн. литр} = 18,33 \text{ т/литр}.$

3.5 Үрдіспе – үрдіс калькуляциясының қарапайым әдісінің төртінші нұсқауы

Басқару есебінің үрдіспе – үрдіс калькуляциясының қарапайым әдісінің төртінші нұсқауына тоқталсақ, бұл тәсіл өндірісі бөлістерден құралатын кәсіпорындарда қолданылады.

Бөлісі бар өндірістің айрықшы бір ерекшелігі оның әр бөлісінде өндірілген өнім екі жақты пайдалану мүмкіндігі: ол өнім тауар ретінде өткізілуі мүмкін, немесе шикізат ретінде әрі қарағанда келесі бөлісте қолданылуы да мүмкін.

Осы әдіс бойынша мысал келтірсек бұл сүт, қаймақ, май өндірісі.

Талдап көрсек, бұл үш бөлістен құралатын өндіріс:

бірінші бөлісте сүт өндіріледі: сүт дайын өнім ретінде сатылуға шығарылуы ықтимал, немесе бәрі бірдей сатылуға жіберілмей бір бөлігі қаймақ өндіруге босатылады;

екінші бөлісте қаймақ өндіріледі: қаймақ дайын өнім ретінде сатылуға шығарылуы мүмкін, немесе бәрі бірдей сатылуға жіберілмей бір бөлігі май өндіруге босатылады;

үшінші бөлісте соңғы өнім – қаймақ шығарылады.

Келесі мысал; жеміс жидек өсіріп өңдеу.

Шаруашылық субъект жеміс жидек өсіру барысында бір неше қндірістің бөлісті ұймдастыруы мүмкін.\

бірінші бөлісте жеміс жидек өсіріледі: жеміс дайын өнім ретінде сатылуға шығарылуы ықтимал, немесе бәрі бірдей сатылуға жіберілмей бір бөлігі шырын өндіруге босатылады;

екінші бөлісте шырын өндіріледі: шырын дайын өнім ретінде сатылуға шығарылуы мүмкін, немесе бәрі бірдей сатылуға жіберілмей бір бөлігі шарап өндіруге босатылады;

үшінші бөлісте соңғы өнім – шарап шығарылады.

Үрдіспе – үрдіс калькуляциясының қарапайым әдісінің төртінші нұсқауының өндіріс белгілері:

- аяқталмаған өндіріс орын алады;

- жартылай өнімдер қолданылады;
- дайын өнімнің құрамдас бөлігі болмайды, екі немесе одан көп өнім бір өндірістен шығады
-

Кесте 3.4 - Басқару есебінде үрдіспе – үрдіс калькуляциясының қарапайым әдісінің төртінші нұсқауы

Шаруашылық операцияның мәні	Сума, млн теңге	Дт	Кт
Бірінші бөліс – сүт өндіру			
Сүт өндіру қожалығында өндіріске жұмсалған шығындар жинақталып көрсетілді	15 000 000	8110	1310,3350,3150,23210,3310,3360,3380 т.с.с.
Сүт өндіру қожалығынан сүт алынды (300 000 литр)	15 000 000	1320	8110
Бірінші бөлістің өнімінің өзіндік құны есептелді	Сүттің бір литрі		=15 000 000/300 000 =50 тенге
Екінші бөліс – қаймақ өндіру			
Сүт жартылай фабрикат санатына қабылданып, толығымен қаймақ өндіруге жұмсалды (300 000 литр)	15 000 000	1350 8110	1320 1350
Қаймақ өндіруге жұмсалған шығындар жинақталып көрсетілді	2 000 000	8110	1310,3350,3150,23210,3310,3360,3380 т.с.с.
Өндірістен қаймақ алынды (20000 кг қаймақ)	17 000 000	1320	8110
Екінші бөлістің өнімінің өзіндік құны есептелді	Қаймақтың килограммы	бір	=17 000 000/20000 =850 тенге
Үшінші бөліс – май өндіру			
Қаймақ жартылай фабрикат санатына қабылданып, толығымен май өндіруге жұмсалды (20000 кг)	17 000 000	1350 8110	1320 1350
Май өндіруге жұмсалған шығындар жинақталып көрсетілді	1 000 000	8110	1310,3350,3150,23210,3310,3360,3380 т.с.с.
Өндірістен май алынды (9000 кг май)	18 000 000	1320	8110
Үшінші бөлістің өнімінің өзіндік құны есептелді	Майдың килограммы	бір	=18 000 000/9000 =2000 тенге

Жоғарыда аталып кеткен екі мысалдың біріншісіне тоқтап, сүт, май, қаймақ өндірісі бойынша операцияларды талдап, дайын өнімдерді өзіндік құнын шығарып көрейік.

Ұсынылған кестені талдап көрейік.

Бірінші бөлісте шаруа қожалығы сүт өндірген. Шығын жиынтығы 17 000 000 теңге, өндірістен есептік мезгіл аралығында 20 000 литр қаймақ алынды. Бөлістен қабылданған өнімінің өзіндік құны келесі бағытта есептелді:

Сүттің бір литрі:

$15\,000\,000/300\,000 = 50$ тенге.

Екінші бөлісте шаруа қожалығы қаймақ өндірген. Шығын жиынтығы 17 000 000 теңге, өндірістен есептік мезгіл аралығында 20 000 килограмм қаймақ алынды. Бөлістен қабылданған өнімінің өзіндік құны келесі бағытта есептелді:

Қаймақтың бір килограммы:

$17\,000\,000/20\,000 = 850$ тенге.

Үшінші бөлісте шаруа қожалығы май өндірген. Шығын жиынтығы 18 000 000 теңге, өндірістен есептік мезгіл аралығында 9 000 килограмм қаймақ алынды. Бөлістен қабылданған өнімінің өзіндік құны келесі бағытта есептелді:

Майдың бір килограммы:

$18\,000\,000/9\,000 = 2\,000$ тенге.

Өзін өзі бақылау сұрақтары

1. Басқару есебінде жалпы өнім санаты не білдіреді?
2. Басқару есебінде тауарлы өнім санаты не білдіреді?
3. Басқару есебінде дайын өнім санаты не білдіреді?
4. Басқару есебінде жартылай санаты не білдіреді?
5. Үрдіспе – үрдіс калькуляция тәсілінің ерекшеліктерін ашып беріңіз.
6. Үрдіспе – үрдіс тәсілінің қарапайым әдісінің бірінші нұсқасының ерекшеліктерін ашып, өзіңіз мысал келтіріңіз.
7. Үрдіспе – үрдіс тәсілінің қарапайым әдісінің екінші нұсқасының ерекшеліктерін ашып, өзіңіз мысал келтіріңіз.
8. Үрдіспе – үрдіс тәсілінің қарапайым әдісінің үшінші нұсқасының ерекшеліктерін ашып, өзіңіз мысал келтіріңіз.
9. Үрдіспе – үрдіс тәсілінің қарапайым әдісінің төртінші нұсқасының ерекшеліктерін ашып, өзіңіз мысал келтіріңіз.
10. Калькуляция есебін жүргізу барысында басқару есебін жүргізетін маман келесі бухгалтерлік екі жазу әдісімен берген операцияны қалай оқиды:
11. Калькуляция есебін жүргізу барысында басқару есебін жүргізетін маман келесі бухгалтерлік екі жазу әдісімен берген операцияны қалай оқиды: Дт 8110 – Кт 3350.
12. Калькуляция есебін жүргізу барысында басқару есебін жүргізетін маман келесі бухгалтерлік екі жазу әдісімен берген операцияны қалай оқиды: Дт 8110 – Кт 3310.
13. Калькуляция есебін жүргізу барысында басқару есебін жүргізетін маман келесі бухгалтерлік екі жазу әдісімен берген операцияны қалай оқиды: Дт 1340 – Кт 1310.
14. Калькуляция есебін жүргізу барысында басқару есебін жүргізетін маман келесі бухгалтерлік екі жазу әдісімен берген операцияны қалай оқиды: Дт 8110 – Кт 1340.
15. Шаруашылық субъектіде негізгі өндірістің басқарушылық есебін жүргізу барысында шикізаттың өндіріске босатылуын қалай көрсеткен дұрыс: Дт 8110 Кт 1310 немесе Дт 1310 Кт 3310 ?

Өзін өзі бақылау тестілері

1. Өнімнің өзіндік құнына еңбек ақы шығындары бойынша апаратын шығындар

- а) Әлеуметтік салық сомалары
- ә) Зейнетақы жарналары
- б) Жеке табыс салығы
- в) Артық орындаған жұмыс көлемі үшін еңбе қақы сомалары
- г) Корпоративтік табыс салығының сомалары
- д) Заңмен белгіленген алименттік төлемдер
- е) Әлеуметтік сақтандыру жарналары

2. Негізгі материалдар:

- а) Өндірісті ұйымдастыруға кеткен негізгі шығындар

ә) Өнімді дайындауға сатуға байланысты және оның өндірістік өзіндік құнына кіретін барлық материалдар

б) Өнім өндіруге жұмыстар мен қызметтер орындауға кеткен шикізат пен материалдар шығындарының көлемі, олар өздерінің құнын өзіндік құнға тікелей кіргізеді

в) Өнім өндіруге кеткен шикізат пен материалдар шығындарының көлемі, олар өздерінің құнын өндірілген өнімнің өзіндік құнына тікелей кіргізеді

г) Басқаруға кеткен негізгі шығындар

д) Өнімнің жеке түрлерінің өзіндік құнына тікелей енгізілмейтін және шартты түрде бөлінетін материалдар

е) Өнім өндіруге кеткен шикізат пен материалдар шығындарының көлемі, олар өздерінің құнын өндірілген өнімнің өзіндік құнына бірден қосады

3. Негізгі өндірістегі көмекші материалдар шығынының түрі:

а) Ауыспалы

ә) Өзгермелі

б) Шартты-өзгермелі

в) Тұрақты

г) Шартты тұрақты

д) Үстеме

е) Айнымалы

4. «Материалдарды жіберу накладнойының» мақсаты:

а) Өндіріс территориясынан тысқары жерлерде цехтан цехқа материалдар қозғалысын рәсімдеу үшін

ә) Материалдардың тоқсандық есебін жүргізу үшін

б) Өндіріс аумағында цехтан цехқа материалдар қозғалысын рәсімдеу үшін

в) Материалдардың талдамалық есебін жүргізу үшін

г) Материалдардың синтетикалық есебін жүргізу үшін

д) Материалдарды жабдықтаушылардан қабылдау үшін

е) Меншікті өндіріс цехтарына, басқа ұйымдарға материалдарды жөңелту үшін

5. Материалдарды тасымалдау бойынша көліктік дайындау шығындары:

а) Дебет 1310 «шикізаттар мен материалдар»

ә) Дебет 7210 «әкімшілік шығыстар»

б) Дебет 8410 «үстеме шығыстар»

в) Дебет 8110 «негізгі өндіріс»

г) Дебет 8310 «көмекші өндіріс»

д) 1310 «шикізаттар мен материалдар» шотының дебетіне

е) 7110 «сату шығыстары» шотының дебетіне

6. Өндірістік кәсіпорындарды калькуляциялау объектілері:

а) Жартылай фабрикаттар

ә) Толықтай аяқталып болған бұйымдар, дайын өнім түрлері, жартылай фабрикаттар, өнімнің топтары, бұйымның сериялар, арнайы тапсырыстар мен қызметтер

б) Тек дайын өнім

в) Өндірістен алынған дайын өнім түрлері, жартылай фабрикаттар, өнімнің топтары, бұйымның сериялар, арнайы тапсырыстар мен қызметтер

- г) Толықтай аяқталған бұйымдар, жартылай фабрикаттар, өнімнің топтары, бұйымның сериялар, арнайы тапсырыстар мен қызметтер
- д) Барлық қызметтер мен жұмыстар
- е) Шығындар орталығы

7. Негізгі материалдар, қосалқы материалдар, негізгі өндіріс жұмысшыларының еңбек ақысы, әлеуметтік салық және әлеуметтік аударымдар, үстеме шығындар

- а) Үстеме шығындар
- ә) Өзгермелі шығындар
- б) Тура шығындар
- в) Өнімнің өзіндік құнына жатқызылатын шығындар құрамы
- г) Басқару есебіндегі атқарылған жұмыстың өзіндік құнының құрамына енетін шығындар
- д) Тауардың құнына тең, шығындар сомасы
- е) Көрсетілген қызметтің өзіндік құнының құрамындағы шығын

8. Өнімнің өзіндік құнына еңгізілмейтін шығындар:

- а) Әкімшілік шығындар, сату шығындары, пайыздар бойынша шығындар
- ә) Кезең бойынша шығындар
- б) Еңбек шығыны
- в) Негізгі материалдар
- г) Әкімшілік шығындар, коммерциялық шығындар, пайыздар бойынша шығындар
- д) Өндірістік жанама шығындар
- е) Өндірістік жұмысшылардың еңбек ақылары

9. Негізгі өндірістегі түнгі уақыттың қосымша төлемі:

- а) Кезең шығындарына
- ә) Сатылған өнімнің өзіндік құнына
- б) Қорытынды пайдаға
- в) Негізгі өндіріс шығындарына
- г) Үстеме шығындарға
- д) Өндіріс шығындарына
- е) Негізгі өндірістік шығындарға

10. «Лимиттік жинақтама картаны» пайдалану мақсаты:

- а) Материалдарды жоспарлау үшін
- ә) Шикізаттарды өнім түрлері арасында бөлу базасы арқылы тарату үшін
- б) Материалдарды үнемі өндіріске жіберу үшін рәсімделетін құжат
- в) Өнімнің өзіндік құнына тиісті материалдық шығындарды дұрыс бөлу үшін
- г) Нормативтер бойынша материалдарды өндіріске жіберу үшін рәсімделетін құжат
- д) Нормативтік есеп әдісі бойынша қоймадан материалдарды өндіріске жіберу және материалдар шығын нормасының сақталуын қамтамасыз ету үшін рәсімделеді
- е) Материалдық шығындардың бюджетін жасау үшін

Жауаптар

- 1) а, в, е;
- 2) б, в, е;

- 3) а, ә, е;
- 4) а, б, е;
- 5) а, д, е;
- 6) ә, в, г;
- 7) в, г, е;
- 8) а, ә, г;
- 9) в, д, е;
- 10) б, г, д.

IV ТАРАУ. ТАПСЫРЫСТЫҚ КАЛЬКУЛЯЦИЯ

4.1. Тапсырыстық әдістің қолдану өрісі

Шығындарды есепке алудың және өнімнің өзіндік құнын калькуляциялаудың тапсырыстық әдісі аз сериялы және жеке-дара өндірісі бар кәсіпорындарда, жөндеу және эксперименттік жұмыстарда пайдаланылады.

Барлық тікелей шығындар әрбір (жекелеген) тапсырыстар бойынша белгіленген номенклатура баптарының кескінінде есепке алынады.

Тапсырыс кәсіпорынның өндірістік бөлімшесінде арнайы бланкілерде ашылады, содан соң ол орындаушы - цехқа және бухгалтерияға түседі. әрбір тапсырысқа өзіндік код беріледі, онда жұмысшыға есептелген жалақы, барлық құжаттардағы материалдардың шығысы, өндіріске кеткен шығын есебін жүргізетін карточкаға көшіріліп жазылады.

Тапсырыстың өзіндік құны оларды әзірлеумен байланысты шығындар сомасынан тұрады.

Осы тәсілдің кейбір ерекшеліктері бар, атап айтсақ:

— барлық шығарылған шығындар туралы мәліметгерді шоғырландырып және оларды жеке жұмыс түрлері мен дайын өнім партияларына жатқызу;

— уақыт аралығындағы емес, аяқталған әрбір партия бойынша шығындарды шоғырландыру;

— тек бір ғана шотты жүргізу, «аяқталмаған өндіріс» (батыс есебінде барлық өндірістік шығындарын жинақтау тек осы «аяқталмаған өндіріс» шотында көрсетіледі).

Осы шотта өндірістің әрбір тапсырысы бойынша шығындардың жекелеген есебін ұйымдастыру үшін карточкаларды енгізуді ұсынады.

Тапсырыстың өзіндік құнын калькуляциялау үшін шалафабрикатсыз әдісі пайдаланылады.

Тек дайындау цехында (күю, ұсталық-пресс және т.б.) шалафабрикатты әдіс пайдаланылады, демек, аталған цехтар бойынша жеке калькуляция жасалады.

Әдетте, шалафабрикаттық, әдісте тапсырысты жасау процесі цехтан цехқа өтеді, бірақ ондағы жасалған операциялар бухгалтерлік есепте көрініс таппайды.

Цехтар шығындары әрбір (жекелеген) табыстың кескінінде, калькуляциялаудың бекітілген номенклатурасы бойынша, ал негізгі материалдар, шикізаттар, технологиялық отындар мен энергиялар — белгіленген топ кескінінде аналитикалық есепте көрініс табады.

Ал үстеме шығыстары олардың өндірілген орны бойынша есептелінеді және ай сайын қабылданған тарату тәсілі бойынша әрбір тапсырыстың өзіндік құнына жатқызылады.

Ақаудан алынған жоғалтулар, әдетте, өздерінің тиесілі тапсырыстарына есептен шығарылады.

Орындалмаған тапсырыстар, аяқталмаған өндірістер ретінде танылады.

Тапсырыстық әдіс - технологиялық мақсаттарға арналған материалдар шығынын өндіріс жұмысшыларының негізгі еңбекақысын және үстеме шығындарды нақты шығарумен немесе қандай да бір қызметті орындаумен оңай ақтап алатын (немесе орнын толтыратын) өндірістерде қолданылады. Бұл әдіс әдеттегіше, бір тұрпатты (тип) өндірістік ұйымдағы кәсіпорындарда, құрылыста, қызмет көрсету саласында қолданылады.

Өндірістік шығынның тапсырыстық есебін ұйымдастыру мына жағдайларда жүзеге асуы мүмкін: бірегей бұйымдарды немесе арнайы тапсырыспен орындалған бұйымдарды немесе бірқатар бұйым партиясын дайындауды бөлектеп дараландыруда ұйымдастырылуы мүмкін, өнім бірлігінің орташасы емес, дараланған өзіндік құн туралы ақпарат алу қажет (құрылыс, кеме жасау, құбыр жасау, полиграфия, жиһаздар өндіру, ҒЗЖ (ғылыми зерттеу жұмысы) орындау, құрастырушылық, жөндеу жұмыстары, аудиторлық және кеңес беру қызметтері және т.б. ұсақ сериялы, дара тұрпатты өндіріс). Барлық тікелей шығындар жекелеген тапсырыстар бойынша шығын номенклатурасында белгіленген разрядта ескеріледі. Барлық қалған шығындар пайда болған орны бойынша ескеріліп, бөлу базасымен белгіленгенге сәйкес тапсырыстардың өзіндік құнына қосылады.

Жеке тапсырыс шығын есебі мен калькуляциялаудың объектісі болып табылады. Тапсырыстар бір бұйымға жеке (дара). ал ұсақ сериялы өндірісте бірнеше бұйымдарға келіп түседі (немесе ашылады).

Басқарушылық есептің тапсырыстық әдісіне мына ерекшеліктер тән:

- тапсырыстар бойынша шығындарды қорытындылау (жалпылау);
- тапсырысты орындау барысында оны есептен шығару;
- тапсырыстар есебінің карточкасын жүргізу, сондай-ақ жанама шығынды жекелеген тапсырыстарға бөлу аса қажет.

4.2. Тапсырыс бойынша шығындардың есеб

Тапсырыс орындалып біткен соң және оның техникалық қабылдануы тапсырыс берушіге ұсынғаннан кейін өндірістік бөлім кәсіпорынның бухгалтериясына тапсырыстың біткені туралы хабарлама жасайды, содан соң тапсырыс бойынша шығындар жасау процесі тоқтатылады.

Кейбір кәсіпорындарда тапсырысты орындағаннан кейін қоймаға өткізсе, сол қоймаға накладнойы өткізу тапсырыстың жабылғаны (мысалға, электротехникалық өнеркәсібінде).

Сондай-ақ, кез келген тапсырыстың өзіндік құны бұрмаланбауы үшін (әсіресе, бітпеген тапсырыстарға катысты) артық немесе пайдаланбаған материалдық құндылықтар қоймаға тапсырылады, ол кезде 1300 – «Қорлар» бөлімшесінің шоттары дебетгеліп, 8110, 8210, 8310, 8410 шоттары кредиттеледі.

Бұл әдісті қолдану барысында іс жүзіндегі өзіндік құн тапсырыс аяқталғаннан кейін анықталады, бұған дейін барлық шығындар аяқталмаған өндіріс ретінде қарастырылады.

Тапсырыстық әдістің кемшіліктері мынада: күрделі, қайталанбайтын немесе сирек қайталанатын тапсырыстарды әзірлеу кезінде материалдық және еңбек шығындарын нормалауды ұйымдастыру қиын, нормативтік калькуляцияларды жасау және өндіріс шығындарын алдын ала бақылау жасап отыруды қиындатады.

Осы кемшілікті жою үшін өндірістің ұзақ циклінде ірі бұйымды әзірлеу кезінде (кеме жасауда, ауыр машина жасауда) олардың торабына (агрегаттарына, конструкциялық элементтеріне) жекелеген тапсырыс ашуды ұсынады, яғни олардың әрбір конструкциясы аяқталған болып саналады.

Кіші сериялық өндірісте тапсырыс саны ағымдағы айда шығарылатын болып жоспарланған санымен сәйкес келеді.

Нақты бір бұйымды немесе бірнеше бұйымды (тапсырыстарды) әзірлеу үшін пайдаланған барлық тораптар мен детальдар (бөлшектер) есепте бөліп көрсетіледі.

Тораптар мен детальдардың, (бөлшектердің) бірінші түрі бойынша олардың тәртіпте дайындалатын бұйымдар — екінші, яғни нормативтік әдіспен ұйымдастырылады.

Сөйтіп, бұйымның жалпы құны тапсырыс ескерілген жекелеген тәртіпте дайындалғандардан шығындардан және нормативтік әдісі бойынша жалпы немесе сериялық өндіріс тәртібінде есептелген тораптар мен детальдардың (бөлшектердің) жалпы құнынан немесе өзіндік құнынан құрылады.

Кәсіпорынның экономикалық қызметінің қызметкерлері жекелеген және кіші сериялық өндіріс жағдайында өндірістегі шығындарды есепке алудың нормативтік әдісінің элементтерін мүмкін болатын жерде қолдануды ұсынысы тиіс. Тапсырыстар бойынша шығындар топтастырылып, өндіріс есебінің карточкаларында әрбір тапсырыстың өзіндік құны есептеледі. Карточканың негізінде өнім бірлігінің өзіндік құнының есептік калькуляциясын жасайды.

Кесте 4.1 - Басқару есебінде тапсырыстық калькуляциясының есептеме үлгісі

№	Шаруашылық операцияның мәні	Дт	Кт	Бірінші тапсырыс теңге	Екінші тапсырыс теңге	Үшінші тапсырыс теңге	Тапсырыс жиынтығы теңге
1	2	3	4	5	6	7	8
1	Тапсырушылардан киім тігу үшін мата алынды	003	-	20000	700000	10000	100000
2	Тапсырушылардан алынған матеотал өндіріске жұмсалды	-	003	15000	65000	6000	86000

3	Тігіншілерге еңбек ақы есептелді	1340	3350	10000	40000	10000	60000
4	Тігіншілердің еңбек ақы қорына есептеліп әлеуметтік салық жазылды	1340	3150	400	1600	400	2400
5	Тігіншілердің еңбек ақы қорына есептеліп әлеуметтік қорларға жарна жазылды	1340	3210	550	2200	550	3300
6	Ателье бойынша басқадай шығындар тапсырыстардың үлес салмағына қарай бөлініп таратылды	1340	3310	2000	7000	1000	10000
7	Ателье қызметі бойынша әр тапсырыстың өзіндік құнын табу, дайн қызметті өткізу	8110 1320 7010	1340 8110 1320	12 950	50 800	11 950	75 700
8	Тұтынушыға шот қойылды, 20% үстеме ақымен, ақша қаражаттар кассаға түсті	1210 1010	6010 1210	15 540	60 960	14 340	90 840
9	Ательенің қызметтен алатын таза пайдасы	X	X	2 590	10 160	2 390	15 140
10	Тапсырушыларға артық қалған материалдар кері қайтарылып берді	X	X	5000	5000	4000	14000

Кестеде тапсырыстық калькуляцияға байланысты операциялар көрсетілген. Операциялар ателье бойынша бір тәулікте орын алған үш тапсырысқа қатысты.

Бірінші тапсырыс бойынша келтірілген операциялар:

тігіншілерге тапсырыс бойынша еңбек ақы есептелді – 10 000 теңге;

тігіншілердің еңбек ақы қорына есептеліп әлеуметтік салық жазылды – 400 теңге;

тігіншілердің еңбек ақы қорына есептеліп әлеуметтік қорларға аударымдар жазылды – 550 теңге;

ателье бойынша басқалай шығындар тапсырыстардың үлес салмағына қарай бөлініп қабылданды – 2000 теңге.

Бірінші тапсырыс бойынша шығыс жиінтығы, немесе тапсырыстың өзіндік құны 12 950 теңгені құрады. Тапсырыс бойынша түсім 15540 теңге.

Демек, бірінші тапсырыс бойынша ательенің пайдасы 2 590 теңге.

Осы тапсырысты қабылдаған кезде тұтынушы өзінің материалын (матасын) берген, матаның құны 20 0000 теңге. Қабылданған материалдың 15000 теңге бөлісі тапсырысты орындауға жұмсалған.

Сондықтан, тапсырушы үшін дайын өнімнің (көйлектің) жиынтық құны 30 540 теңге болатыны белгілі.

Екінші тапсырыс бойынша келтірілген операциялар:

тігіншілерге тапсырыс бойынша еңбек ақы есептелді – 40 000 теңге;

тігіншілердің еңбек ақы қорына есептеліп әлеуметтік салық жазылды – 1600 теңге;

тігіншілердің еңбек ақы қорына есептеліп әлеуметтік қорларға аударымдар жазылды – 2 200 теңге;

ателье бойынша басқалай шығындар тапсырыстардың үлес салмағына қарай бөлініп қабылданды – 7000 теңге.

Екінші тапсырыс бойынша шығыс жиінтығы, немесе тапсырыстың өзіндік құны 50 800 теңгені құрады. Тапсырыс бойынша түсім 60 960 теңге.

Демек, екінші тапсырыс бойынша ательенің пайдасы 10 160 теңге.

Осы тапсырысты қабылдаған кезде тұтынушы өзінің материалын (былғарыны) берген, былғарының құны 70 0000 теңге. Қабылданған былғарының 65000 теңге бөлісі тапсырысты орындауға жұмсалған.

Сондықтан, тапсырушы үшін дайын өнімнің (былғарылық негізіндегі сырт киімнің) жиынтық құны 125 960 теңге болатыны белгілі.

Үшінші тапсырыс бойынша келтірілген операциялар:
тігіншілерге тапсырыс бойынша еңбек ақы есептелді – 10 000 теңге;
тігіншілердің еңбек ақы қорына есептеліп әлеуметтік салық жазылды – 400 теңге;
тігіншілердің еңбек ақы қорына есептеліп әлеуметтік қорларға аударымдар жазылды – 550 теңге;
ателье бойынша басқалай шығындар тапсырыстардың үлес салмағына қарай бөлініп қабылданды – 1000 теңге.
Үшінші тапсырыс бойынша шығыс жиінтығы, немесе тапсырыстың өзіндік құны 11 950 теңгені құрады. Тапсырыс бойынша түсім 14 340 теңге.
Демек, үшінші тапсырыс бойынша ательенің пайдасы 2 390 теңге.
Осы тапсырысты қабылдаған кезде тұтынушы өзінің материалын (матасын) берген, матаның құны 10 0000 теңге. Қабылданған материалдың 6 000 теңге бөлісі тапсырысты орындауға жұмсалған.
Сондықтан, тапсырушы үшін дайын өнімнің (көйлектәі) жиынтық құны 20 340 теңге болатыны белгілі.

Өзін өзі бақылау сұрақтары

1. Басқару есебінде әкімшілік шығындары деп не шығындарды айтады?
2. Басқару есебінде өткізі шығындары деп не шығындарды айтады?
3. Басқару есебінде сыйақа шығындары деп не шығындарды айтады?
4. Басқару есебінде жалдау шығындары деп не шығындарды айтады?
5. Басқару есебінде төтенше шығындары деп не шығындарды айтады?
6. Негізгі өндіріс дегеніміз не?
7. Көмекші өндіріс дегеніміз не?
8. Тапсырыстық калькуляцияны қолдану аясын айтыңыз.
9. Баланстан тыс шоттао дегеніміз не?
10. Тапсырыс орындалғаннан кейін, маталардың қалдығы елеріне кері қайтарылды делік: есепші бұл операцияны шоттар арқылы қалай көрсетеді?
11. Ұсынылған операцияның мазмұнын жазап берңіз: Дт 8310 – Кт 1310.
12. Берілген операцияның мазмұнын жазап берңіз: Дт 8310 – Кт 1350.
13. Келесі операцияның мазмұнын жазап берңіз: Дт 8310 – Кт 3350.
14. Операцияның мазмұнын жазап берңіз: Дт 8310 – Кт 3150.
15. Келесі операцияның мазмұнын жазап берңіз: Дт 83110 – Кт 3210.

Өзін өзі бақылау тестілері

- 1. Тапсырыстық әдісі бойынша калькуляция объектілері:**
 - А) Жеке тапсырыстар
 - Ә) Тапсырыс берушілердің тапсырыстары
 - Б) Тапсырыстар
 - В) Негізгі өндірістен алынған дайын өнім
 - Г) Жартылай фабрикаттар
 - Д) Көмекші өндірістің жұмыстары
 - Е) Дайын өнім
- 2. Цехтағы дайын өнімді қаптауға жұмсаған ыдыс және ыдыстық заттар есебінің шоты**
 - а) «негізгі өндіріс» шотының дебетіне

- ә) 8310 «Көмекші өндіріс» шотының дебетіне
- б) Дт «негізгі өндіріс»
- в) Дт 8410 «Үстеме шығыстар»
- г) Дт 8110 «негізгі өндіріс»
- д) Дт 1320 «дайын өнім»
- е) Дт 1340 «аяқталмаған өндіріс»

3. Жеке өндірісте дайын өнімнің өзіндік құны

- а) Барлық шығынды бір сатыдан алынған өнім көлеміне бөлу арқылы
- ә) Барлық нақты өндіріске жұмсалынған шығынды алынған өнім көлеміне бөлу арқылы
- б) Барлық нақты өндірістік шығынды алынған өнім көлеміне бөлу арқылы
- в) Барлық нақты шығынды алынған өнім көлеміне бөлу арқылы
- г) Жоспарлы шығынды бір сатыдан алынған өнім көлеміне бөлу арқылы
- д) Нормативтік шығынды алынған өнім көлеміне бөлу арқылы
- е) Нақты шығынды жоспарлы шығынға бөлу арқылы

4. Жөндеу шеберханасы құралдарын жөндеу үшін жұмсаған материалдары шоты:

- а) «Көмекші өндіріс» шотының дебетінде
- ә) 8310 «Көмекші өндіріс» шотының дебетінде
- б) Дт 8310 «Көмекші өндіріс»
- в) Дт 7210 «Әкімшілік шығыстар»
- г) Дт 7110 «Өнімдерді, қызметтерді, жұмыстарды сату бойынша шығындар»
- д) Дт «Негізгі өндіріс»
- е) Дт 1340 «Аяқталмаған өндіріс»

5. «Материалдарды жіберу накладнойының» мақсаты:

- а) Өндіріс территориясынан тысқары жерлерде цехтан цехқа материалдар қозғалысын рәсімдеу үшін
- ә) Өндіріс аумағында цехтан цехқа материалдар қозғалысын рәсімдеу үшін
- б) Материалдарды жабдықтаушылардан қабылдау үшін
- в) Материалдардың талдамалық есебін жүргізу үшін
- г) Материалдардың тоқсандық есебін жүргізу үшін
- д) Меншікті өндіріс цехтарына, басқа ұйымдарға материалдарды жөнелту үшін
- е) Материалдардың синтетикалық есебін жүргізу үшін

6. Өзіндік құнды калькуляциялау түсінігі:

- а) Өнімнің жалпы көлеміне жұмсалынған тікелей шығындарды есептеу
- ә) Өнімнің бір өлшеміне жұмсалынған үстеме шығындарды есептеу
- б) Өнімнің бір өлшеміне жұмсалынған еңбекақы шығындарын есептеу
- в) Өнімнің бір өлшемінің өзіндік құнын есептеу
- г) Өнімнің бір өлшеміне жұмсалынған материалдық шығындарды есептеу
- д) Өнімнің бір өлшемінің немесе өнім тобының өзіндік құнын есептеу
- е) Өнімнің, жұмыстар мен қызметтердің бір өлшемінің өзіндік құнын есептеу

7. Жеке өндірістегі калькуляциялау объектісі:

- а) Өнімнің жеке түрлері
- ә) Өндірістік операциялар саналады

- б) Жеке өндірістік бөлімшелер саналады
- в) Өндірістің нәтижесі
- г) Бірнеше өнім түрлері
- д) Жеке тапсырыстар мен өнім түрлері
- е) Жеке тапсырыстар

8. Өнім өндіруге кеткен шығындар элементтері:

а) Тікелей еңбек шығынына жатқызылатын негізгі материалдар, жанама шығындар

- ә) Амортизация бойынша шығындар, тағы басқа шығындар
- б) Материалдық және еңбек ресурстары
- в) Өндірістік және өндірістік шығындар
- г) Материалдар, еңбекақы, үстеме шығындар
- д) Материалдық шығындар, еңбек шығындары, тозу т.б.
- е) Кезең шығындары

9. Өнім бірлігінің өзіндік құны есептеледі:

а) Өндіріс көлеміне жұмсалған барлық шығынды өндірілген өнім көлеміне бөлу

- ә) Барлық өнімнің өзіндік құнын өндіріс көлеміне бөлу
- б) Барлық шығындарды қосу
- в) Табыстан өндіріс шығындарын азайту
- г) Барлық жұмсалынған шығындарды өндірілген өнім көлеміне бөлу арқылы анықтау

д) Барлық жұмсалынған өндірістік шығындарды өндірілген өнімнің көлеміне бөлу арқылы анықтау

е) Барлық өндірістік үстеме шығындарды өндірілген өнімнің көлеміне бөлу арқылы анықтау

10. Есептелген әлеуметтік салық өнімнің өзіндік құнына:

- а) Өнімнің өзіндік құнында есептеледі
- ә) Ұйымның есеп саясатына байланысты есептеледі
- б) Ұйымның шешімі бойынша енгізіледі
- в) Салық заңдылығына байланысты есептеледі
- г) Өнімнің жұмыстар мен қызметтердің өзіндік құнына есептеледі
- д) Есептеледі
- е) Есептелмейді

Жауаптар

- 1) а, ә, б;
- 2) а, в, г;
- 3) ә, б, в;
- 4) а, ә, б;
- 5) а, ә, д;
- 6) в, д, е;
- 7) а, д, е;
- 8) а, г, д;
- 9) а, г, д;
- 10) а, ә, г.

V ТАРАУ. ФУНКЦИОНАЛДЫҚ КАЛЬКУЛЯЦИЯ

5.1. Функционалдық калькуляция негіздері

Шығындарды есепке алудың және өнімнің өзіндік құнын калькуляциялаудың бөлістік әдісі өнімді жаппай өндіретін кәсіпорындарда қолданылады, онда бастапқы шикізат дайын өнімге дейін рет-ретімен технологиялық өңдеуден өтеді.

Бұл әдіс шикізаттың кешенді түрде пайдаланылатын кәсіпорындарында: металлургиялық, химиялық, мұнай өңдеу және басқа да салаларда қолданылады.

Мысалы, мата тоқу кәсіпорындарында үш қайта жасау — иіру, тоқу және әрлеу саласы; қара металлургияда — домен пеші, болат балқыту, прокат; былғары өндірісінде - күлді тері илеу және әрлеу саласы бар.

Дайын өнім немесе шалафабрикат шығарумен аяқтайтын технологиялық процесті функционалдық әдіс деп атайды. Сатылық әдісте өндіріске кеткен шығындар олардың әрбір кезеңі, фазасы, ауысымы, яғни бөлісі бойынша есептелінеді. Әрбір бөлістен кейін шалафабрикат шығарылады, ал түптеп келгенде — дайын өнім алынады.

Бөлініс тізбесі пайдаланылатын жабдықтар, өндіріс процесстерінің арасындағы үзіліс-іркілістер; шығарылатын шалафабрикаттарды, өнімнің сипаты мен басқа да өзіне тән жағдайлары ескеріле отырып, технологиялық процесстер туралы деректердің негізінде белгіленеді.

Бұл орайда, бөлініс жөніндегі шығындарды жоспарлау мен есепке алуды, аяқталмаған өндірісті есепке алу мен бағалауды ұйымдастыру, өзі өндірген

шалафабрикаттар мен дайын өнімдердің өзіндік құнын калькуляциялау мүмкіндігі ескеріледі.

Тікелей шығыстар (шикізат, негізгі материалдар, шалафабрикаттар, өндіріс жұмысшыларының жалақысы т.б.) әдетте, бөлістер бойынша, ал әрбір бөлістердің ішінде — әзірленген өнім түрлері бойынша есепке алынады (шалафабрикат немесе дайын бұйым).

Үстеме шығыстар бөлістердің арасына таратылады, ал олар әрбір бөлістердің ішінде — шығарылатын өнім түрлерінің арасына таратуға қабылданған коэффициенттердің базасында жасалуы мүмкін.

Бөлістік әдісін қолданған кезде нормативтік әдістің негізгі элементтері — нақты шығындардың ағымдағы нормадан жүйелі түрде ауытқуын, сондай-ақ нормалардың өзгеру есебін және олардың себебін табуы қолдану керек.

Еңбек шығындарын, ресурстардың шығыстарын құжаттауда және жедел (оперативтік) есеп беруінде энергетикалық, материалдық және басқа да шығындардың нақты шығынын ғана көрсетіп қоймай, сонымен қатар өндіріс тапсырмаларына немесе нормасына негізделген шығындар да көрініс табуы керек.

Белгілеген технологиялық процестің әдіс негізінен бөлістік әдістің жеңілдетілген бір түрі ретінде қарастырылады. Кейде "функционалдық калькуляциялау" термині бөлістік әдістің синонимі ретінде қолданады. Шынында, олардың арасында - айтарлықтай шектеулер жоқ десек те болады.

Процестің ауытқуынан, жұмсалған материалдық шығыстардың құрамының өзгеруінен, шығарылған өнімнің ассортиментінен, олардың сорттылығынынан болған қосымша шығындар немесе үнемдеулер дер кезінде көрініс табуы тиіс.

Функционалдық калькуляция әдісінің басқару есебінде орын алатын ерекшелігі үстеме шығын сомасын тарату әдісінде.


Осыған байланысты үстеме шығындарды екі баламаның біреуін пайдаланып таратуға болады:

дәстүрлі әдісті қолдану арқылы;

табиғи көрсеткіш (ABC қосалқы шығындарды бөлу) әдісті қолдану арқылы.


Қосалқы шығындарды бөлудің дәстүрлі әдісі және табиғи көрсеткіштер әдісінің схемаларын салыстырып көрейік.

Қосалқы шығындарды бөлудің дәстүрлі схемасы мен ABC қосалқы шығындарды бөлу схемасы осы тарауда көрсетілген.



Сурет 5.1 - Қосалқы шығындарды бөлудің дәстүрлі жүйесі

Мұндағы: ҚШ- қосалқы шығындар, ҚШ ст – қосалқы шығындар ставкасы.



Сурет 5.2 - ABC қосалқы шығындарды бөлу схемасы.

Сонымен, компания бірдей құралдармен жасалған, қандай да болсын бір партиялармен М және К деген 2 өнім түрін шығарады делік (Кесте 5.1).

Кесте 5.1 – Басқару есебінде қолданылатын функционалдық әдісінде қосалқы шығындарды тарату барысында орын алатын есептеме

Көрсеткіш	Өнім	
	«М» өнімі	«К» өнімі
1	2	3
Өнім бірлігін шығару көлемі	10 000	40 000
Өнімді нақты шығару партиясы	1 000	8 000
Артылғандар саны	10	5

Артылғаны (накладка) бойынша қосалқы шығындар сомасы = 100 000 ш.б.

Қосалқы шығындарды дәстүрлі және ABC жүйесін қолдану арқылы бөлейік.

Қосалқы шығындарды бөлудің дәстүрлі жүйесі:

Қосалқы шығындарды өндіріс көлеміне пропорционалды бөлеміз:

Қосалқы шығындар = 100000 ш.б.

Бөлу базасы (өнім көлемі) = 10 000 + 40 000

Артылған шығындар құны = $\frac{100000 \text{ ш.б.}}{50000 \text{ бірл.}} = 2 \text{ ш.б.}$ өнімнің бір бірлігіне.

Бөлінген қосалқы шығындар тең:

Өнім М - $2 \times 10000 = 20 000$ (бір бірлікке 2 ш.б.)

Өнім К - $2 \times 40000 = 80 000$ (бір бірлікке 2 ш.б.)

Қосалқы шығындарды бөлудің ABC жүйесі:

Артылғаны бойынша қосалқы шығындар өндіріс көлемінен емес, артылғандар санына байланысты болғандықтан, база – артылғандар саны болады.

Қосалқы шығындар = 100 000

Қосалқы шығындарды бөлу базасы – артылғандар саны = 10 + 5

Қосалқы шығындарды бөлу ставкасы = $\frac{100000}{15} = 6666,67$

Қосалқы шығындарды бөлу тең:

Өнім М - $6666,67 \times 10 = 66666,67$ (бірлігіне $\frac{6666,7}{10000} = 6,6667$ ш.б.)

Өнім К - $6666,67 \times 5 = 33333,33$ (бірлігіне $\frac{6666,7}{40000} = 0,83$ ш.б.)

Көрініп тұрғандай ABC жүйесі бойынша қосалқы шығындарды бөлу дәстүрлі жүйеге қарағанда өзгешелеу, демек, өнімнің өзіндік құны мен табыстылығы да өзгеше болады. Себебі дәстүрлі жүйе нақты жүйе болмағандықтан, оны қолдану дұрыс емес басқарушылық шешім қабылдауға әкелуі мүмкін.

Мысалы кәсіпорын «М» өнімін «К» өнімінен артығырақ өндіруді жөн санайды, бірақ олардың қосалқы шығындары өнім бірілігіне шаққанда бірдей болады (2 ш.б.), бірақ шын мәнінде «М» өніміне артылағанға көбірек шығын жұмсайды (6,67 ш.б.) және «М» өнімін шығаруды арттыру шығындардың өсуіне және пайданың азаюына әкеледі.

5.2. Функционалдық калькуляция әдістері

Өнімнің өзіндік құнын калькуляциялаудың және шығынды есепке алудың бөлістік әдісінің екі нұсқасы пайдаланылады: шалафабрикаттық және шалафабрикатсыз. Шалафабрикаттық нұсқа әрбір бөлістер бойынша есептік калькуляция жасайды және оған үстеме шығысын қоса есептейді.

Шалафабрикатсыз нұсқасында бірінші қайта жасауға жұмсалған материалдық және еңбек шығындарына одан кейінгі қайта жасаулардан туындаған өндеу шығындарын қосып, содан соң өнімнің өзіндік құны анықталады.

Бөлістік әдісі кезінде өндірістегі шығындарды есепке алу өндіріс есебінің карточкаларында немесе әрбір қайта жасауға ашылатын ведомостарында жүргізіледі.

Алғашқы шикізаттан өндірістің бір процессінде әртүрлі сорттағы немесе маркадағы өнім түрі алынады, сондықтан олардың өзіндік құнын анықтау үшін түзету коэффициентін пайдаланады.

Мысалы, ағаш кесу кезінде алғашқы бір шикізаттан кесілген тақтайлар да, кесілмеген тақтайлар да, жаңқалар және отындық кесінді шеттақтайлар да алынады. Мұндай жағдайларда белгілі бір атаудың бірінші сорты өлшем бірлігі (единица) ретінде қабылданады, ал қалған сорттарын коэффициенттердің көмегімен анықтайды.

Мұнай өңдеуші өнеркәсібінде, өнім шығымын техникалық тұрғыдан сипаттайтын бір өнім (шикізат) бірлігінен алынған коэффициенттер жүйесі пайдаланылады.

Егер де бір шикізаттан әртүрлі мұнай өнімдері алынатын болса, онда олардың арасында тарату коэффициентінің көмегімен өнімнің өзіндік құнын белгілейді, ал өндеу шығындары әрбір өнім түрінің арасына үлес салмағы бойынша таратылады.

Мысалы, шикізат өңдеуші цех оның төрт түрлі сортын төрт бөліс бойы шынарады дәлік.

Өзіндік құнды табу үшін келесі деректер бар делік.

1.Шығындар сомасын, шикізаттың сапасына қарай келесі коэффициенттерге сәйкес бөлетіні анықталды:

Жоғары сорт – коэффициент 1,3;

Бірінші сорт - коэффициент 1,0;

Екінші сорт - коэффициент 0,7;

Үшінші сорт - 0,5.

2.Бөлістер бойынша келесі шығыс жинақталыпты:

Үшінші сорт (1 бөліс) – 70 000 000 теңге;

Екінші сорт (2 бөліс) – 20 000 000 теңге;

Бірінші сорт (3 бөліс) – 9 000 000 теңге;

Жоғары сорт (4 бөліс) – 1 000 000 теңге.

3.Цех бойынша келесі бухгалтерлік операциялар өткізілген:

- 1) Дт 8110 – Кт 1310 – 50 000 000 теңге;
- 2) Дт 8110 – Кт 1350– 6 100 теңге;
- 3) Дт 8110 – Кт 3350– 20 000 000 теңге;
- 4) Дт 8110 – Кт 3150– 800 000 теңге;
- 5) Дт 8110 – Кт 3210– 1 10 000 теңге;
- 6) Дт 8110 – Кт 3360– 5 000 теңге;

- 7) Дт 8110 – Кт 3310– 12 000 теңге;
- 8) Дт 8110 – Кт 3380– 3 000 теңге;
- 9) Дт 8110 – Кт 2420– 1 500 000 теңге;
- 10) Дт 8110 – Кт 2740– 500 000 теңге.

Барлық шығыс – 100 000 000 теңге.

4.Цех бойынша келесі дайын өнім өндірілді:

Үшінші сорт (1 бөліс) – 100 000 дана;

Екінші сорт (2 бөліс) – 60 000 дана;

Бірінші сорт (3 бөліс) – 50 000 дана;

Жоғары сорт (4 бөліс) – 20 000 дана.

5.Цех бойынша дайынның санын коэффициенттер арқылы түзету:

Үшінші сорт – $100\ 000 \times 0,5 = 50\ 000$ шартты дана

Екінші сорт (2 бөліс) – $60\ 000 \times 0,7 = 42\ 000$ шартты дана

Бірінші сорт (3 бөліс) – $50\ 000 \times 1,0 = 50\ 000$ шартты дана

Жоғары сорт (4 бөліс) – $20\ 000 \times 1,3 = 26\ 000$ шартты дана

Барлығы – 168 000 шартты дана

6.Цех бойынша шығыс шартты дана санына қарай бөлінді:

Үшінші сорт – $(100\ 000\ 000/168\ 000) \times 50\ 000 = 29\ 761\ 905$ теңге;

Екінші сорт $(100\ 000\ 000/168\ 000) \times 42\ 000 = 25\ 000\ 000$ теңге;

Бірінші сорт $(100\ 000\ 000/168\ 000) \times 50\ 000 = 29\ 761\ 905$ теңге;

Жоғары сорт $(100\ 000\ 000/168\ 000) \times 26\ 000 = 15\ 476\ 190$ теңге.

Барлық шығыс – 100 000 000 теңге.

7.Цех бойынша дайын өнімдердің өзіндік құны функционалдық калькуляция арқылы есептеліп шығарылды:

Үшінші сорт: $29\ 761\ 905$ теңге/ $100\ 000$ дана = 297, 62 теңге;

Екінші сорт: $25\ 000\ 000$ теңге/ $60\ 000$ дана = 416,67 теңге;

Бірінші сорт: $29\ 761\ 905$ теңге/ $50\ 000$ дана = 595,24 теңге;

Жоғары сорт: $15\ 476\ 190$ теңге/ $20\ 000$ дана = 773,81 теңге.

Өзін өзі бақылау сұрақтары

1. Шығындарды талдау барысында шикізат пен материалдардың жалпы өндіріс шығындарында үлес салмағы 30 пайызға тең екені белгіленді. Сонымен қатар 8110 шотында таза дебиторлық айналым 12 000 000 теңгеге тең екені анықталды, ал 7210 шотында таза дебиторлық айналым 10 000 000 теңге екені белгілі болды. Сауал: шикізат пен материалдар шығын сомасы неше теңгені құрайды?

2. Басқару есебінде шығын номенклатурасы деп нені айтады?

3. Басқару есебінде күрделі өндіріс деп не өндірісті айтады?

4. Басқару есебінде көмекші өндіріс деп не өндірісті айтады?

5. Басқару есебінде негізгі және көмекші материалдар шығыны деп не шығындарды айтады?

6. Келесі операцияның мазмұнын жазап берңіз: Дт 8110 – Кт 1310.

7. Берілген операцияның мазмұнын жазап берңіз: Дт 8110 – Кт 1350.

8. Келесі операцияның мазмұнын жазап берңіз: Дт 8110 – Кт 3350.

9. Берілген операцияның мазмұнын жазап берңіз: Дт 8110 – Кт 3150.

10. Келесі операцияның мазмұнын жазап берңіз: Дт 8110 – Кт 3210.

11. Келтірілген операцияның мазмұнын жазап берңіз: Дт 8110 – Кт 3360.

12. Келтірілген операцияның мазмұнын жазап берңіз: Дт 8110 – Кт 3310.

13. Келтірілген операцияның мазмұнын жазап берңіз: Дт 8110 – Кт 3380.
14. Ұсынылған операцияның мазмұнын жазап берңіз: Дт 8110 – Кт 2420.
15. Ұсынылған операцияның жазап берңіз: Дт 8110 – Кт 2740.

Өзін өзі бақылау тестілері

1. Өнімнің өзіндік құнының функционалдық калькуляция мәні (ABC):

- а) Жапонияда пайда болды
- ә) Шығыстар орталығы мен шығыстар факторы бойынша пайдаланады
- б) Купер Капланның ұсынған терминдері
- в) Теориялық жүйе
- г) Дәстүрлі есептеулерден айырмашылығы жоқ
- д) Отандық кәсіпорындарда қолданылмайды
- е) 1980 жылы АҚШ және Еуропаның кейбір компанияларында пайда болған

2. Негізгі өндірістегі көмекші материалдар шығынының түрі:

- а) Үстеме
- ә) Тұрақты
- б) Шартты тұрақты
- в) Ауыспалы
- г) Айнымалы
- д) Өзгермелі
- е) Шартты - өзгермелі

3. Еңбекақыны есептеу бойынша бухгалтерлік жазба

- а) Дт Үстеме шығындар Кт Еңбекақы
- ә) Дт Еңбекақы Кт Негізгі өндіріс
- б) Дт Негізгі өндіріс Кт Еңбекақы
- в) Дт Көмекші өндіріс Кт Еңбекақы
- г) Дт Негізгі өндіріс Кт Үстеме шығындар
- д) Дт Көмекші өндіріс Кт Үстеме шығыстар
- е) Дт Еңбекақы Кт Көмекші өндіріс

4. Шығарылған дайын өнімнің өзіндік құны:

- а) Ай басындағы аяқталмаған өндіріс + ай ішіндегі шығындар + өндірістегі ақау + қайтарылған қалдықтар – ай соңындағы аяқталмаған өндіріс
- ә) Ай ішіндегі шығындар + ай басындағы аяқталмаған өндіріс - өндірістегі ақау
- б) Ай басындағы аяқталмаған өндіріс + ай ішіндегі жұмсалынған шығындар + өндірістегі ақау - қайтарылған қалдықтар құны - ай соңындағы аяқталмаған өндіріс құны / өндірілген өнім көлемі
- в) Ай ішіндегі шығындар - өндірістегі ақау + қайтарылған қалдықтар
- г) Ай басындағы аяқталмаған өндіріс - ай ішіндегі шығындар + өндірістегі ақау
- д) Ай басындағы аяқталмаған өндіріс + ай ішіндегі шығындар + өндірістегі ақау - қайтарылған қалдықтар - ай соңындағы аяқталмаған өндіріс / өндірілген өнім көлемі
- е) Ай басындағы аяқталмаған өндіріс құны + ай ішіндегі шығындар сомасы + өндірістегі ақау- қайтарылған қалдықтар құны - ай соңындағы аяқталмаған өндіріс / өндірілген өнім көлемі

5. Дт 2390 Кт 2420 - бухгалтерлік жазудың мазмұны:

- а) Есеп беруге тиісті тұлға арқылы негізгі құралдар сатып алынғанда
- ә) Негізгі өндірістегі негізгі құралдар есептен шығарылғанда
- б) Шаруашылық әдіспен құрылысқа пайдаланылатын негізгі құралдарға есептелген амортизация сомасы
- в) Шаруашылық әдіспен құрылысқа пайдаланылатын негізгі құралдарға есептелген тозу сомасы
- г) Шаруашылық әдіспен құрылысқа пайдаланылатын негізгі құралдарға есептелген тозу сомасының есептен шығарылуы
- д) Шаруашылық әдіспен құрылысқа пайдаланылатын негізгі құралдарға есептелген амортизация сомасының есептен шығарылуы
- е) Ұйымның шаруашылық әдіспен құрылысқа пайдаланылатын негізгі құралдарға есептелген амортизация сомасы

6. Негізгі шығындар

- а) Өткен кезең шығындары
- ә) Еңбек шығындары
- б) Цех жұмысының шығындары
- в) Бақыланбайтын шығындар
- г) Өндірістік, үстеме шығындар
- д) Материалдық шығындар
- е) Өнімді дайындау кезінде орын алған барлық шығындар

7. Өнімнің толық өндірістік өзіндік құнының есептелуі:

- а) Сатып алу шығындарымен
- ә) Әкімшілік шығындармен
- б) Өндіріске жұмсалынған барлық шығындар сомасымен
- в) Өндіріске жұмсалынған жалпы шығындармен
- г) Жалпы өндірістік шығындармен
- д) Жалпы шаруашылық шығындармен
- е) Болашақ кезең шығындарымен

8. Материалдық шығын баптары:

- а) Негізгі және көмекші материалдар, шикізаттар, жартылай фабрикаттардың, сатып алынған бұйымдардың, отынның, энергияның құндары
- ә) Қызмет көрсетуші өндірістегі сатып алынған бұйымдардың, отынның, энергияның құндары
- б) Өндіріске жұмсалынған негізгі және көмекші материалдар мен шикізаттардың, жартылай фабрикаттардың, сатып алынған бұйымдардың, отынның энергияның құндары
- в) Көмекші өндіріске жұмсалынған материалдардың құндары
- г) Қосалқы өндірістегі көмекші материалдар мен шикізаттардың, жартылай фабрикаттардың, сатып алынған бұйымдардың, отынның, энергияның құндары
- д) Жартылай фабрикаттардың құндары
- е) Негізгі материалдар мен шикізаттардың, жартылай фабрикаттардың, сатып алынған бұйымдардың, көмекші материалдардың құндары

9. Өнімнің өзіндік құнына кірмейтін шығындар:

- а) Кезең шығыстары
- ә) Шикізат пен материалдар, еңбек шығыны
- б) Әкімшілік шығыстар, сату шығындары, пайыздар бойынша шығындар
- в) Өндірістік жанама шығындар мен еңбек шығындары

- г) Әкімшілік шығындар, коммерциялық шығындар, пайыздар бойынша шығындар
- д) Негізгі материалдар
- е) Өндірістік жұмысшылардың еңбек ақылары

10. Дт 7010 Кт 1330 – бухгалтерлік жазу:

- а) Меншікті өндірістен дайын өнім алғанда
- ә) Ұйымда сатылған тауарлардың өзіндік құнын есептен шығару
- б) Негізгі өндірістен дайын өнім алғанда
- в) Көмекші өндірістегі аяқталмаған өндіріс шығындарын аяқталмаған өндіріс құнына апарғанда
- г) Сатылған тауарлардың өзіндік құны есептен шығарылғанда
- д) Көмекші өндірістен дайын өнім алғанда
- е) Сату бойынша тауарлардың өзіндік құны есептен шығарғанда

Жауаптар

- 1) ә, б, е;
- 2) в, г, д;
- 3) а, б, в;
- 4) б, д, е;
- 5) б, в, е;
- 6) ә, г, д;
- 7) б, в, г;
- 8) а, б, е;
- 9) а, б, г;
- 10) а, г, е.

VI ТАРАУ. НОРМАТИВТІК КАЛЬКУЛЯЦИЯ

6.1 Нормативтік калькуляциялау әдісінде нормаларды есепке алу

Өндірістегі шығындарды есепке алудың және өнімнің өзіндік құнын калькуляциялаудың нормативтік әдісін негізінен жаппай өндіріспен шұғылданатын кәсіпорындар пайдаланады. Дегенмен де, оны кіші сериялық және жекелеген кәсіпорындарда пайдалануға болады.

Өндірістегі шығындарды есепке алу өнімнің өзіндік құнын калькуляциялаудың нормативтік әдістері бойынша жұмыстардың технологиялық және нормативтік карталар жасаудан басталады.

Ол карталарда материалдардың, жалақының жұмсалуды және өнім дайындауға қажетгі басқа да шығындар айқындалады.

Нормативтік карталардың негізінде өнім бірлігінің нормативтік өзіндік құны көрсетілген нормативтік калькуляциялары бойынша жасалады. Оларды жасау кезінде қолданыста жүрген өндірістік технологияны, жалақы жөніндегі уақыт пен баға нормаларын, материалдар мен сатып алынған шалафабрикаттардың жұмсалуды нормаларын негізге ала отырып, бастапқы массасы, таза массасы, қалдықтары, материалдар мен сатып алынған шалафабрикаттарға қолданылып жүрген баға көрсеткіштері және өндіріске қызмет көрсету мен басқару жөніндегі шығындарды бекітілген тоқсандық сметасы ескеріледі.

Нормалардың және шығындар сметаларының өзгеру тәртібін рәсімдеп, сондай-ақ кәсіпорынның мүдделі цехтары мен бөлімдерінің технологиялық процесстерін және

басқа да нормалары мен сметаларын өзгерту туралы тәртібін реттеу арқылы жүзеге асырады.

Нормативтік әдіс кезінде қоймалық және таразылау-өлшеу шаруашылығын тәртіпке келтірудің, материалдарды сақтау және өндіріске босату, цех бойынша ғана емес, сонымен бірге өнімнің жекелеген түрлері бойынша (егер энергия және басқа да шығындар тікелей жолмен өнімге жатқызылса) және тұтастай алғанда судың, будың, газдың, электр энергиясының тұтынылуын анықтау үшін цехтарға есептегіштер мен құрылғышарды орнатудың маңыздылығы зор.

Нормативтік әдістің кезінде әрекет етіп тұрған норма мен оның ауытқуы шығындар есебінде бөліп көрсетіледі.

Бұндай шектеулер өндірісті ұйымдастыру мен технологиядағы кемшіліктерді дер кезінде жөндеуге, ресурстардың тиімсіз пайдаланылуына жол бермеуге септігін тигізеді.

Нақты шығындарды норма мен салыстырғанда ресурстардың үнемделуі немесе артық жұмсалуды, нормадан ауытқуы табылады, ал ол өз кезегінде кәсіпорынның ұйымдық-техникалық жұмыстарында біршама кемшіліктердің бар екенін баяндайды. Нормадан ауытқуларға құжатталған және құжатталмаған болып келеді.

Құжатталған ауытқулар алғашқы құжаттардың мәліметтері бойынша ашылған дабылдары жатады (талап накладнойы, қосымша жұмыстарға жазылған нарядтары, қосымша төлемдер және т.б.), сондай-ақ есептеу жолымен анықталған ауытқулар (түгелдеу тәсілімен, нақты рецептурасы бойынша алдын-ала жасалған есептеулер және т.б.)

Құжатталмаған ауытқуларға ауытқудың жалпы сомасы мен оның құжатталған бөлігінің арасындағы айырмасынан шығады.

Әдетте, олар құжатталған ауытқулардың дұрыс есептелмеуінің нәтижесінен, ақау өнімдерін шығарғаннан, нарядтарды артық жазғаннан, кем шығудан, шалафабрикалардың жоғалтулары мен бұзылуынан, аяқталмаған өндірісті дұрыс бағаламауынан шығады.

Егер де өндірісте құжатталмаған ауытқулар бар болса, онда ол нормативтік есептің дұрыс ұйымдастырылмағанын куәландырады.

Ауытқу теріс те (артық жұмсалғаны) және оң да (үнемделгені) болуы мүмкін. Теріс ауытқулар (материалдар, отындар, энергиялар, технологиялық процестерде қарастырылмаған, қосымша жұмысқа жасалған төленген және т.б.) өндіріс процесінің дұрыс ұйымдаспағандығынан туындайды.

Оң ауытқулар жекелеген учаскелердің жетістіктерін баяндайды (материалдардың тиімді пайдалануын ашу, материалдарды барынша қалдықсыз пайдалану, өнімнің сапсын арттыру, құрал-жабдықты тиімді қолдану және т.б. үнемдеуді жүзеге асырады. Кейде оң ауытқулар шын мәніндегі қаражаттың үнемделгенін көрсете бермейді, ол тек норманың шын арттырылған деңгейін пайдаланғандығын көрсетеді.

Өндірісте материалдар қатаң белгіленген лимиттер шегінде беріледі. Материалдардың берілуін лимиттеу ай басында цехтарда жұмсалған материалдардың деңгейін ескере отырып, материалдардың шығынын қолданыста жүрген прогресшіл нормалардың негізінде нысаналы түрде жүзеге асырады. Материалдардың жоспардан тыс босатылуына құжаттар жасау, материалдарға жедел бақылау жасау және оларды жоспардан тыс босатуға алып келген себептерін талдауды қамтамасыз ету керек. Ақауға шығарылған өнімнің орнын қалыпқа келтіру үшін қажетті материалдарды алуға ақау туралы актілер негіз болады.

Онда бұйымның, бөлшектің коды, өнімнің ақауға шығарылған тапсырыс нөмірі көрсетіледі. Өндірістегі шикізат пен материалдардың сандық есебі жоспарлау бөлімінде, ал құндық есебі бухгалтерияда жүргізіледі.

Нормалардан ауытқуларды есепке алу шикізат пен материалдарға, олардың жұмсалуды нормалауға және өндірістік технологиялық процесіне байланысты ұйымдастырылады. Нормалардан ауытқуға материалдарды ауыстыру, оларды пайдалану және т.б. осы секілді факторлар әсер етеді. Материалдар шығыны бойынша нормалардан ауытқуларды анықтау үшін материалдарды құжаттау, түгелдеу тағы басқа да шаралар жүргізіледі.

Құжаттау әдісі материалдарды ауыстыру салдарынан туындайтын ауытқуларды, сондай-ақ жеке-дара материалдардың нормадан артық жұмсалғанын анықтау үшін пайдаланады. Жеке-дара материалдардың шығынын, сондай-ақ материалдардың ауыстырылуымен байланысты ауытқуларды арнайы (дабылдық) құжаттармен рәсімдейді.

Әрбір келіп тускен материалдың партиясын салыстырып көру әдісі өндіріске босатылған, қымбат тұратын (тері, тоқыма және т.б.) материалдардың әрбір партиясы бойынша олардың нормадан ауытқуын анықтау үшін қолданылады.

Қолданып жүрген нормадан ауытқуды партиялардың шығыс нормасын шығарылған өнімнің нақты шығысымен салыстыру арқылы анықтайды. Егер де бұл аталған әдісті қолдану қиындық тудырса, онда оның орнына инвентарлық әдісті қолданады.

Инвентарлық әдісте материалдардың, нақты шығысын белгіленген норма шығысымен салыстыру арқылы айлық, он күндік, бес күндік, бір ауысымдық (сменалық) ауытқуларын анықтайды.

Материалдардың іс жүзіндегі шығынын анықтау үшін: ауысымның, бес күндіктің, он күндіктің басына немесе әр айдың бірінші жұмыс күніне жұмсалмаған материалдарды түгелдеу (инвентаризация) жүргізеді.

Ауытқуларды анықтау, есепке алу үшін кәсіпорынның жоспарлау-диспетчерлік бюросы материалдарды жұмсау картасын жүргізеді. Онда материалдар жұмсаудың ағымдық нормасы, сол материалдан жасалған бұйымдардың (бөлшектердің) саны көрсетеледі. Бұйымдардың (бөлшектердің) саны жұмысшылардың жасап шығарған есеп мәліметтерінің негізінде анықталады.

Есеп деректері (мәліметтері) бойынша оқтын-оқтын қолданылып жүрген нормалардан материал шығындарының ауытқуы туралы цехтар есеп беріп отырады.

Жалақыны ауытқулар есептелген норма мен нормадан ауытқу бойынша ескереді. Бухгалтерия есептелген жалақы сомасының жұмысшылардан алынған өнім саны мен сапасына сәйкестігін байқап отырады.

Жұмыстың қалыпты жағдайларынан ауытқығаны үшін үстеме ақы төлеу өндірістік емес шығындар және жалақы қорын артық жұмсаудың басты себептерінің бірі болып табылады. Жалақы бойынша нормадан ауытқуын талдау үшін және дәл есебін шығару үшін номенклатуралық себептерін және жалақы бойынша нормадан ауытқуды, кінәлілерді табу керек. С

Сондықтан бухгалтерия оқтын-оқтын ауытқулар туралы, олардың себептері мен кінәлі тұлғалары керсетілген рапорт жасап отыруы керек.

Үстеме шығындарды есептеу мен тарату нақты шығынның сомасын анықтауды, әрбір баптар бойынша бекітілген сметадан ауытқуын табуды, демек, ондағы артық жұмсалатын шығындардың алдын алатын қажетті шараларды дер кезінде қабылдауды қамтамасыз етеді.

Бұл үшін материалдар шығысына, штаттық кестеге және лауазымды қызметкерлердің окладына жасалған лимиттік картаның, материалдық емес активтердің, негізгі құралдардың нормасының негізінде ағымдағы жедел (оперативтік) бақылауды ұйымдастырады.

Кәсіпорында құндылықтарды сақтау мен есебінде, өндірісті ұйымдастыруында болған кемшіліктер және басқа да өндірістік емес сипаттағы шығыстар толығымен ашылып көрсетіледі. Өндірістік емес сипаттағы шығыстар өнімді шығарумен байланысты болса, онда олар оның өзіндік құнына қосылады, ал егер де олар өнімді шығарумен

байланысты болмаса, онда олар өнім түрлерінің арасына таратып, үстеме шығыстардың құрамында өнімнің өзіндік құнына қосылады.

Кәсіпорынның экономикалық қызметі тарапынан бақылау жасау материалдарды, энергияны, аспаптар мен керек-жарақтарды тұтынудың бекітілген нормалары мен лимиттерін; түрлі жұмыстар мен қызметтерді тұтыну мен олардың құнының белгіленген лимиттерін; басқарудың белгіленген ұйымдық құрылымын, сондай-ақ қызметтердің және қызмет көрсетуші адамдар жалақысының окладтарын (ставкаларын) қатаң сақтауды қамтамасыз етуге тиіс.

Машиналар мен жабдықтарды пайдалану мен күтіп ұстауға кеткен шығындарды (егер үстеме шығындардың бұл тобы есепте бөліп көрсетілетін болса) өнім түрлері бойынша таратады, бірақ, ол кездес өнімді әзірлеу кезінде қолданған құрал-жабдықтың жұмыс істеген сағатының деңгейі, яғни өндіріске қажет болған машина/сағатының саны ескеріледі. Машиналар мен жабдықтарды пайдалану мен күтіп ұстауға кеткен шығындарды тарату кезінде сметалық (нормативтік) ставкасын пайдалану керек, ал олар, әдетте, бұйымды әзірлеу үшін қажет технология бойынша құрал-жабдықтың жұмыс істеген машина/сағатының саны бойынша, құрал жабдықтың әрбір топтары бойынша белгіленген, шығын коэффициенті бойынша, құрал жабдықтардың машина/сағатының жоспарлы өзіндік құны бойынша есептелінеді.

Бұйымдарға (бөлшектер комплексіне) сметалық ставкаларды есептеп шығару неғұрлым оңай: жабдықтардың жұмысымен байланысты шығындар мен механикаландырылған (станоктық) және механикаландырылмаған (қолмен атқарылатын) жұмыстар бойынша бөлек-бөлек алғанда, өндірістік жұмысшыларының негізгі жалақысының арақатынастарының негізінде анықталады. Машиналар мен жабдықтарды күтіп-ұстау мен пайдалану жөніндегі нақты шығындар сметалық ставкалар бойынша белгіленген шығындарға тепе-тең дайын өнім мен аяқталмаған өндіріс арасына бөлінеді.

Үстеме шығыстарды (егер олар жеке топқа белініп алынбаған болса, машиналар мен жабдықтарды күтіп-ұстау мен пайдалану жөніндегі шығындарды қоса алғанда) бұйымдардың арасына тарату өндіріс жұмысшыларының негізгі жалақысының сомасына тепе-тең етіп бөледі.

Ірі сериялық және жаппай өндіріс жағдайында шығындардың жиынтық есебі шығындардың калькуляциялық баптары бойынша машиналардың типтері немесе бұйымдардың біртекті топтары бойынша жүргізіледі. Басқарудың цехсыз құрылымы кезінде жиынтық есеп тұтастай кәсіпорын бойынша, ал цехтық құрылымы бар болса, онда цехтар бойынша жүзеге асырылады.

Шығындардың есебін алу айдың басындағы қолданылып жүрген нормалар және сол нормалардан ауытқыған сома бойынша жеке-дара жүргізіледі. Мұның өзі ауытқудың пайда болу себептерін және оған кінәлі тұлғаларды ашуға мүмкіндік береді. Нормадан тыс ауытқулардың себептері және кінәлі тұлғалар арнайы кодтар бойынша есепке алынады. Олар өнім түрлері мен шығын баптары бойынша есепке алынады, ал олардың иесізденген жағдайында ауытқудың сомасы жекелеген өнім түрлерінің өзіндік құнына пропорционалды жолмен нормативтік шығындар бойынша таратылады.

6.2. Нормалардың ауытқуларын тарату әдістері.

Нормадан ауытқу әртүрлі себептердің салдарынан болса, онда олардың кінәлі тұлғалары мен себептері көрсетілген дабыл қағатын құжаттармен рәсімделеді. Сонымен қоса, ауытқулар әртүрлі өзгерістермен байланысты болады, атап айтқанда, материалдық, еңбек, энергетикалық шығыстарының көтерілуінің немесе темендеуінің, ауыстырылуының салдарынан орын алуы мүмкін. Әдетте нормадан болатын барлық өзгерістер есеп беретін айдың бірінші күніне туралап (ұштастырылып) жасалады,

сондықтан олар әрекет етіп тұрған норманың еңгізілген кезеңінен бастап нормативтік калькуляцияда көрініс табуы керек.

Ай басына қалған аяқталмаған өндірісі ай барысындағы шығындары және шығарылған өнімге есептен шығатын шығыстары есептік айдағы әрекет етіп тұрған бірыңғай нормасы бойынша жасалатындықтан, ағымдағы норманың өзгеруіне байланысты есептік айдың басына аяқталмаған өндірістің өзіндік құнын қайта есептеу қажеттілігі туындайды.

Қайта есептеудің нәтижесі норманың өзгеруімен байланысты ауытқудың сомасын құрайды. Аяқталмаған өндірісті қайта есептеу түгелдеу кезінде тікелей шоттардың мөлiметтері бойынша, ал егер де түгелдеуді жүргізу мүмкін болмағап жағдайда индекстің (коэффициенттің) көмегімен жасалады. Нормалардың өзгеру осы бап бойынша аяқталмаған өндірістің қалдық сомасына нормативтік калькуляцияның жекелеген баптары бойынша есептелiнедi.

Мысалы. қолданылып жүрген нормалар бойынша өнімнің бір өлшем бірлігіне шаққандағы материалдардың шығындары 12300 теңге сомада қарастырылған.

«Шикізат пен материалдар» бабы бойынша ай басында аяқталмаған өндіріс қалдығы 328000 теңгені құраған. Өнімнің өлшем бірлігіне жаңадан белгіленген норматив 12160 теңге құраған.

Осы баптар бойынша нормалардың өзгеру индексі $1,138\% (12300-12160)^{100}$ құраған, ал аяқталмаған өндірістің баға айырмасы сомасы $-(32800 * 1,138)$ 3732 теңге болған

Жаңа нормаларды негізге алғанда аяқталмаған өндіріс қалдығы 324267 теңге (328000 - 3732) болған.

Жанама шығындардың баптарын тікелей шығындардың жаңа нормасына көбейтіп, сосын оны 100 беліп жанама шығындардың баптары бойынша нормативін есептейді.

Нормалар есептік айдың барысында өзгеруі мүмкін, сондықтан ол нормативтік калькуляцияда керініс таппауы мүмкін. Бұл кезде нормалардың өзгерген жағдайы хабарланып, сол өзгерістердің көшірмесімен рәсімделеді, мысалға: өндірістік бөлімінде — материалдардың шығыс нормасының өзгерісі, еңбек пен жалақы бөлімінде - жұмыстың (еңбектің) кесімді бағасының және өнімділік нормасының (мелшерінің) өзгерісі, жоспарлау бөлімінде — үстеме шығыстарының баптарының нормасының өзгерісі.

Нормалардың өзгеруі және шығыстардың жаңа нормативін белгілеу аяқталмаған өндірістің қайта бағалануына әсер етеді. Нормадан ауытқуын анықтау үшін өндіріске кеткен шығынның есеп нормасымен де, нақты жұмсалған шығынымен де есептеп шығарады, яғни бөліп есептеу жолымен анықтайды.

Есептелген нормадан ауытқу және норманың өзгерістері өнімнің өзіндік құнына және аяқталмаған өндірістің қалдығына жатқызылады.

Өнеркәсіптің жаппай өндірістік сипаттағы және қысқа өндірістік циклдағы кейбір салаларында нормалардың өзгерулері мен нормалардан ауытқулар сомасы тауарлы өнім шығарылымының өзіндік құнына, ал аяқталмаған өндіріс нормативтік(өзіндік құны бойынша толығымен жазылады.

Нормалардың өзгерулері мен нормалардан ауытқулар сомасы өндіріс есебі ведомостарында керсетілген индекстердің көмегімен тауарлы өнімді шығару мен аяқталмаған өндіріс арасында белінеді. Оларды нормалардың өзгерулері мен нормалардан ауытқулар сомасының калькуляциядағы баптары бойынша бөліп алғандағы нормалар сомасына проценттік қатынасымен анықтайды.

Өзін өзі бақылау сұрақтары

1. Өндірістегі шығындарды есепке алудың және өнімнің өзіндік құнын калькуляциялаудың нормативтік әдісі негізінен қандай өндірісте қолданылады?

2. Өндірістегі шығындарды есепке алудың және өнімнің өзіндік құнын калькуляциялаудың нормативтік әдісін қолдануға бола ма: кіші сериялық және жекелеген кәсіпорындарда қолдануға бол ма?
3. Нормативтік карта дегеніміз не?
4. Нормативтік картаны толтыру барысында не ақпарат көздері қолданылады?
5. Нормативтік әдісті қолдану кезінде қоймалық және таразылау-өлшеу шаруашылығына үлкен мән беріледі, оның себебі не?
6. Шығындарды нормативтік әдіспен есептеу барысында кездесетін құжатталған ауытқулар деп нені айтамыз?
7. Шығындарды нормативтік әдіспен есептеу барысында кездесетін құжатталмаған ауытқулар деп нені айтамыз?
8. Шығындарды нормативтік әдіспен есептеу барысында теріс ауытқу деген ұғым қолданылады. Теріс ауытқу дегеніміз не?
9. Шығындарды нормативтік әдіспен есептеу барысында оң ауытқу деген ұғым қолданылады. Оң ауытқу дегеніміз не?
10. Материалдар шығыны бойынша нормалардан ауытқуларды анықтау үшін кәсіпорын басшылығы не шаралар қолданады?
11. «Көмекші өндірістің көрсеткен қызметін тарату» деп аталатын талдамалы кестені басқару есебінде қалай қолданады?
12. «Көмекші өндірістің көрсеткен қызметін тарату» деп аталатын талдамалы кестенің құрылымын ашып беріңіз.
13. Көмекші өндірістің көрсеткен қызметін тарату барысында не әдістер қолданылады?
14. Көмекші өндірістің шығындарына тікелей жазылатын шығыс мысалдарын атап беріңіз.
15. Көмекші өндірістің шығындарына жанама жазылатын шығыс мысалдарын атап беріңіз.

Өзін өзі бақылау тестілері

1. Дайын өнім өндірісіндегі нормадан артық есептелінген еңбек ақы шығындары апарылады:
 - а) Сатылған өнімнің өзіндік құнына
 - ә) Үстеме шығындарға
 - б) Кезең шығындарына
 - в) Негізгі өндірістік шығындарға
 - г) Қорытынды пайдаға
 - д) Негізгі өндіріс шығындарына
 - е) Өндіріс шығындарына
2. Табиғи нормадан артық жолдағы материалдардың жетіспеушілігі жауапты тұлғалармен мойындалмаса:
 - а) Дебет 7470 Кредит 1350
 - ә) Дебет 7110 Кредит 3310,7210
 - б) Дебет 1280 Кредит 3310,1310
 - в) Дебет 8110 Кредит 1310,7410
 - г) Дебет 7470 Кредит 1310

- д) Дебет 7470 Кредит 7210
- е) Дебет 7470 Кредит 1310,1350

3. Шығындар есебі мен өзіндік құнды калькуляциялаудың нормативтік әдісінің мақсаты:

- а) Ұйымның өндіріске жұмсалған шығындарын күнделікті бақылап отыру және ресурстардың тиімсіз пайдалануына байланысты шараларды қолдану
- ә) Нормативті шығындардың жұмсалуын бақылау
- б) Өндіріс процесіне жұмсалған шығындарын күнделікті бақылап отыру және ресурстардың тиімсіз пайдалануына байланысты шараларды қолдануын анықтау
- в) Өндіріске жұмсалған шығындарын күнделікті бақылап отыру және ресурстардың тиімсіз пайдалануына байланысты шараларды анықтау
- г) Шығындардың нақты жұмсалуын анықтау
- д) Жоспардан тыс шығындардың жұмсалуын бақылау
- е) Жоспарлы шығындардың жұмсалуын бақылау

4. Дайын өнім өндірісіндегі нормадан артық есептелінген еңбекақы шығындары апарылады:

- а) Қорытынды зиянға
- ә) Өндіріс шығындарына
- б) Негізгі өндірістік шығындарға
- в) Негізгі өндіріс шығындарына
- г) Үстеме шығындарға
- д) Қорытынды пайдаға
- е) Сатылған өнімнің өзіндік құнына

5. Бағадан ауытқу:

- а) Материалдардың нормативтік бағасы - Материалдардың нақты бағасы - сатып алынған материалдар саны
- ә) Материалдардың нормативтік бағасы - Материалдардың нақты бағасы * сатып алынған материалдар саны
- б) Материалдардың нормативтік бағасы - Материалдардың нақты бағасы * сатып алынған материалдар көлемі
- в) Материалдардың нақты бағасы - Материалдардың нормативтік бағасы / сатып алынған материалдар саны
- г) Материалдардың нақты бағасы - Материалдардың нормативтік бағасы
- д) Сатып алынған материалдардың нормативтік бағасы - Сатып алынған материалдардың нақты бағасы * сатып алынған материалдар саны
- е) Материалдардың нақты бағасы - Материалдардың нормативтік бағасы * сатып алынған материалдар саны

6. Дайын өнім өндірісінде нақты және нормативтік үстеме шығыстардың арасындағы айырмашылықтар:

- а) Дебет шоты 8110 «Негізгі өндіріс»
- ә) Дебет шоты 5610 «Қорытынды пайда (зиян)»
- б) Негізгі өндірістік шығындарға
- в) Өндіріс шығындарына
- г) Дебет шоты 7210 «Әкімшілік шығыстар»
- д) Үстеме шығындарға
- е) Дебет шоты 8410 «Үстеме шығыстар»

7. Өндіріс қуаттылығына байланысты өндіріс көлемінің ауытқуы:

а) Қарастырылған кезеңдегі өнім өндірісіне нақты жұмсалынған сағат + өнім өндірісіне нормативтік сағат + тұрақты үстеме шығындарды бөлудің нормативтік ставкасы

ә) Өнім өндірісіне нақты жұмсалынған сағат - өнім өндірісіне нормативтік сағат * тұрақты үстеме шығындарды бөлудің нормативтік ставкасы

б) Қарастырылған кезеңдегі өнім өндірісіне нақты жұмсалынған сағат + өнім өндірісіне нормативтік сағат - тұрақты үстеме шығындарды бөлудің нормативтік ставкасы

в) Қарастырылған кезеңдегі өнім өндірісіне нақты жұмсалынған сағат - өнім өндірісіне нормативтік сағат - тұрақты үстеме шығындарды бөлудің нормативтік ставкасы

г) Қарастырылған кезеңдегі өнім өндірісіне нақты жұмсалынған сағат + өнім өндірісіне нормативтік сағат * тұрақты үстеме шығындарды бөлудің нормативтік ставкасы

д) Белгілі бір кезеңде өнім өндірісіне нақты жұмсалынған сағат - өнім өндірісіне нормативтік сағат * тұрақты үстеме шығындарды бөлудің нормативтік ставкасы

е) Қарастырылған кезеңдегі өнім өндірісіне нақты жұмсалынған сағат – өнім өндірісіне нормативтік сағат * тұрақты үстеме шығындарды бөлудің нормативтік ставкасы

8. Шығындар есебі мен өнімнің өзіндік құнын калькуляциялаудың әдістері:

а) Үдерістік, бөлістік, тапсырыстық, мөлшерлік.

ә) Мөлшерлік, бөлістік, тапсырыстық. Перемешивать ответы:

б) Мөлшерлік, үдерістік, тапсырыстық.

в) Нормативтік, тапсырыстық.

г) Тапсырыстық, нормативтік, процестік, бөлістік.

д) Мөлшерлік, тапсырыстық.

е) Процестік, бөлістік, тапсырыстық, нормативтік.

9. Дайын өнім өндірісіндегі нормадан артық жұмсалынған материалдық шығындар апарылады:

а) Негізгі өндіріс шығындарына.

ә) Үстеме шығындарға. Перемешивать ответы:

б) Қорытынды зиянға.

в) Қорытынды пайдаға.

г) Өндіріс шығындарына.

д) Негізгі өндірістік шығындарға.

е) Кезең шығындарына.

10. Нормативтік калькуляция тәртібі: Секция:

а) Ұйымдарды нормативтік калькуляциялау жүргізілмейді Вес вопроса:

ә) Әрбір өнімнің, жұмыс пен қызметтің түріне болашақ мерзімнің шығындары бойынша жасалады Перемешивать ответы:

б) Әрбір өнім мен жұмыс түріне есепті кезеңінің басындағы қызмет етіп отырған жеке және арнайы нормалардың негізінде жасалады

в) Әрбір өнім мен жұмыс түріне есепті мерзімнің басындағы қызмет етіп отырған жеке және арнайы нормалардың негізінде жасалады

е) Әрбір өнімнің, жұмыс пен қызметтің түріне өткен мерзімнің нақты шығындары бойынша жасалады

д) Ұйымның салық ерекшелігіне байланысты жасалады

е) Ұйымның есеп және салық саясатына байланысты

Жауаптар

- 1) в, д, е;
- 2) а, г, е;
- 3) а, б, в;
- 4) э, б, в;
- 5) э, б, д;
- 6) а, б, в;
- 7) э, д, е;
- 8) а, г, е;
- 9) а, г, д;
- 10) б, в, е.

VII. ТАРАУ. ШЫҒЫНДАРДЫ БАПТАРЫ БОЙЫНША БАСҚАРУШЫЛЫҚ ЕСЕПКЕ АЛУ

7.1 Материалдық шығындарды басқарушылық есепке алу

Негізгі өндірістегі шығындар есебін ұйымдастыру 8110 «Негізгі өндіріс» шоты бойынша өндірістің шығындар есебі төмендегі номенклатура баптары бойынша топтастырышып, әдетте, олар элементтерінің кескіні бойынша есепке алынады.

Шикізаттар мен материалдар - өнімді әзірлеу негізінде пайда болатын немесе осы әзірлеу (дайындау) кезінде қажетгі компоненттер болып табылатын шикізат пен негізгі материалдарға жұмсалған шығындар.

Осы жерде табиғи шикізаттардың құны (су шаруашылық жүйесінен субъектінің жинайтын, су үшін телемі және де табиғи шикізат ресурстарын іздестіруге, барлауға, қорғауға, оларды пайдалану мен жаңғыртуды ұйымдастыруға арналған мамандандырылған ұйымдардың шығындарыш өтейтін басқа да төлемдері), арнайы мамандандырылған ұйымдардың жүргізетін жер құнарлығын арттырудың шаралары көрсетіледі.

Лимиттік-алу карталары және талап-накладнойы жұмсалған шикізат пен негізгі материалдарды, сондай-ақ сатып алынған материалдарды өндірісте есептен шығару үшін негіз болып табылады.

Осы құжаттардың деректері цехтар (өндірістер), калькуляция немесе есеп объектілері бойынша «Материалдардың шығыстарын тарату» деп аталатын тадамалық кестеге топтастырылады және «Цехтар бойынша шығындарының» ведомосы немесе осыған ұқсас есеп регистрлеріне (ведомостар, машинограммалар, карточкалар) жазылады.

Көмекші материалдар — тұрақты технологиялық процестерді қамтамасыз ету үшін негізгі материалдарды шығару кезінде пайдаланған көмекші материалдардың шығыны (технологиялық мақсаттарға пайдаланған көмекші материалдар). Бұндай көмекші материалдардың құны белгіленген шығыс нормасы бойынша өнімнің өзіндік құнына енеді, ол үшін өнім бірлігіне есептелген сметалық мөлшерлемесі пайдаланылады. Шығыс нормасы мен бағасы өзгеретін болса, аталған мөлшерлеме қайта каралуы мүмкін.

Көмекші материалдардың нақты шығысы әрбір өнімнің. Өзіндік құнына, тауарлы өнімге және аяқталмаған өндіріске сметалық мөлшерлеме бойынша пропорциональды түрде таратылады.

Қайтарылған қалдықтар- бұл негізгі, көмекші және қосалқы өндірістердің қалдығы.

Өнімнің өзіндік құнына кіретін материалдық ресурстарының шығыстарына қайтарылған өндіріс қалдықтарының (отходтарының) құны қосылмайды.

Қайтарылған қалдықтар болып: материалдар, шикізаттар, шалафабрикаттар, жылуды сақтайтын материалдар т.б. материалдық ресурстары-саналады, бірақ олар өзінің сапасын, тұтыну қасиетін жоғалтуына байланысты тікелей өз арналымдары бойынша пайдаланбауы мүмкін.

Белгіленген технологияға сәйкес өнімнің басқа түрін өндіру үшін толық қанды материал ретінде берілген материалдық ресурстар қалдыққа жатпайды.

Сондай-ақ қалдыққа ілеспе өнімдері де жатпайды, олардың тізімі шығындарды есепке алу және өнімнің өзіндік құнын есептен шығару әдістерінде белгіленген.

Қайтарылған қалдықтар келесі тәртіпте бағаланады:

- егер де қалдықтарды негізгі өндіріс мұқтажы үшін, бірақ өнім азайтылып шығарылса немесе қосалқы өндіріс мұқтажы үшін, сондай-ақ кеңінен тұтынатын тауарларды дайындау үшін пайдаланса, онда шикізат пен материалдардың бастапқы құнының төмендетілген бағасы бойынша;

- қалдықтар қайта өндеуге немесе сыртқа сатуға кетсе, олардың жинау мен өндеуге жұмсалған шығындарын шегере отырып, қалдықтарға белгіленген бағасы бойынша;

- егер де қалдықтар шартқа сәйкес шикізат немесе толыққанды материалдар ретінде пайдалану үшін сатылса, онда шикізаттар немесе материалдар бастапқы толық бағасы бойынша бағаланады.

Қайтымсыз (пайдаланылмайтын) қалдықтар бағалауға жатпайды. Қалдықтарды пайдалануды нормалау қажет, ал оларды кіріске алуға тиісінше бақылау жасауды жолға қою керек.

Қайтымды қалдықтарды қоймаларға тауар құжаттамалары (накладной) бойынша кіріске алады, олардың құнына «Шикізат пен материалдар» бабы бойынша шикізат пен материалдардың шығыстарын азайтады.

Қалдықтардың кіріске алынуын 1310 шоттың дебеті және 8110-шоттың кредиті бойынша көрсетеді. 8110-шоттың кредитіндегі талдамалық есеп регистрлеріне (карточкаларға, ведомостарға) жазылады.

Сатып алынатын бұйымдар, шамфабрикаттар және тараптық кәсіпорындар мен ұйымдардың өндірістік сипаттағы көрсететін қызметтеріне жинақтауға (комплектация жасауға) пайдаланатын шалафабрикаттар мен сатып алынған бұйымдарға немесе дайын өнім алу үшін кәсіпорынның өзінде қосымша өндеуге түсетіндерге кеткен шығындар; басқа жақтың кәсіпорындарының көрсеткен өндірістік сипаттағы қызметтеріне ақы төлеуге жұмсалатын шығындар сол өнімнің жекелеген түрлерінің өзіндік құнына тікелей жатқызылуы мүмкін, сондай-ақ материалдар мен шикізатты өндеуге, өнімді дайындау бойынша жекелеген операцияларды орындауға және белгіленген технологиялық процестерді сақтау үшін бақылау жасауға, орталық

коймаға дейін запастарды жеткізіп беру бойынша сырт жақтың транспорттық қызметіне жұмсалатын шығындар жатады.

Технологиялық мақсатқа арналған энергия мен отындар. Өндіріс процесінде тікелей жұмсалатын энергиялар (барлық түрі) мен отындардың шығындары. Олардың шығысы есепте шикізаттар мен материалдардың шығысы сияқты көрініс табады.

Технологиялық мақсатқа отын шығындарына кәсіпорынның өзі өндірген отындардың құны да және басқа жақтан сатып алынған отындардың құны да енгізіледі: мартен, домен пештерінде агрегаттарды балқыту үшін, металл-прокаттық, ұсталық-штампылау, престоу және басқа цехтарда қыздыру үшін, бұйымдарға технологиялық процесспен белгіленген байқау (сынау) жұмыстарын жүргізу үшін т.б.

Сондай-ақ кәсіпорынның технологиялық, двигательдік және басқа да өндірістік және шаруашылық мұқтаждарына жұмсалатын сатып алынған энергияның барлық түрлері. Кәсіпорынның өзі шығарған энергияның электрлік және басқа да түрлерін өндіруге, сондай-ақ сатып алынған энергияны оны тұтынатын жерге дейін трансформациялау мен беруге жұмсалатын шығындар тиісті шығын элементтеріне енгізіледі; табиғи кему нормалары шегінде материалдық игіліктердің кем шығуы мен бүлінуінен болған шығындар.

Кәсіпорын көлігімен материалдық ресурстарды жеткізіп берумен байланысты шығындар (тиеу-түсіру жұмыстарын қоса алғанда) өндіріс шығындарының тиісті элементтеріне (еңбек ақы төлеуге, негізгі қорлар амортизациясына жұмсалатын шығындар, материалдық шығындар және т.б.), сондай-ақ материал ресурстарының құнына жеткізіп берушіден (жабдықтаушылардан) материалдық ресурстармен бірге алынған ыдыстың құны оның бағасына енгізілген жағдайда жеткізіп берушілерден алынған материалдық ресурстардың ыдыстары мен бумаларын сатып алуға жұмсаған кәсіпорындардың шығындары да енгізіледі.

Өнімнің өзіндік құнына енгізілген материалдық шығындардан қайтымды қалдықтардың құны алынып тасталынады. Өндірістің қайтымды қалдықтары деп өнім өндіру процесінде пайда болған, бастапқы ресурстың тұтыну сапасын (химиялық немесе физикалық қасиеттерін) толық немесе ішінара жоғалтқан және ооның салларынан көтеріңкі шығындармен (аз өнім шығара отырып) пайдаланылатын немесе негізгі мақсатқа мүлдем пайдаланбайтын шикізаттар, материалдар, шалафабрикаттар, жылутаратқыштар және басқа да материалдық ресурстар түрлерінің қалдықтарын айтамыз.

Өнімнің басқа түрлерін өндіру үшін толыққанды материал ретінде белгіленген технологияға сәйкес басқа цехтарға, бөлімшелерге берілетін материалдық ресурстар қалдықтары қайтарымды қалдықтарға жатпайды. Сондай-ақ, жолай алынатын (ілеспе) өнім де қалдықтарға жатпайды, олардың тізбесі өнімнің өзіндік құнын жоспарлау, есепке алу және калькуляциялау мәселелері жөніндегі салалық әдістемелік ұсыныстарында белгіленеді.

Дайындау-көліктік шығыстары.

Дайындау-көліктік шығыстарына (ДКШ) шығынның келесі түрлері жатады:
жабдықтау-сату ұйымдарына төленетін үстемелері (наценкасы);
жүкті тасығаны үшін косымша кіре ақысы;
субъектің қоймасына материалдарды жеткізіп беру мен түсіру шығыстары;
дайындау орындарында ұйымдастырылған агенттік және қоймаларды, кеңселерді ұстау шығыстары;
материалдарды тікелей дайындаумен байланысты іс-сапар шығыстары
басқалай дайындау-көліктік шығыстары.

7.2 Еңбек ақы шығындарды басқарушылық есепке алу

Еңбек ақы бабына өндіріс нәтижелері үшін жұмысшылар мен қызметшілердің сыйлыққыларын қоса алғанда, кәсіпорынның негізгі өндірістік қызметкерлердің жалақысын төлеуге жұмсалған шығындар, ынталандырушы және өтемділік (компенсациялық) төлемдері, сондай-ақ кәсіпорынның штатында тұратын, негізгі қызметке жататын қызметкерлердің жалақысына жұмсалатын шығындардың құрамына мыналар енгізіледі:

- кәсіпорында қабылданған еңбек ақы төлеу жүйесімен және нысанымен, сондай-ақ жеке еңбек келісім шартына сәйкес лауазымды айлық ақысы және тарифтік мөлшерлемесі, еңбекке кесімді ақы телеу бағасы (расценкасы) арқылы нақты орындалған жұмысқа есептелінген жалақысы;

- ынталандыру сипатындағы төлемдер: өндірістік нәтижелер үшін берілетін сыйлықақылар (заттай сыйлықақылардың құнын қоса алғанда), кәсіптік шеберлігі, еңбектегі жоғары табыстары және т.б. көрсеткіштері үшін төленетін тарифтік ставкалары мен айлық ақыларға қосылатын үстемақылары;

- жұмыс режимімен және еңбек жағдайларымен байланысты өтемдік сипаттағы төлемдер, оның ішінде: түнгі уақыттағы жұмыс, мерзімнен тыс жұмыс, көп ауысымды режимдегі жұмыс, демалыс және мереке күндеріндегі жұмыс үшін, мамандықты (кәсіпті) қосып атқарғаны, қызмет көрсету аймақтарын кеңейткені үшін, ауыр зиянды, ерекше зиянды еңбек жағдайларындағы және т.б. жұмыстары үшін заңдарда белгіленген жағдайлары үшін тарифтік ставкалар мен айлықақыларға қосылатын үстемақылар мен қосымша ақылар;

- қолданылып жүрген заңдарға сәйкес жекелеген салалардағы қызметкерлеріне тегін көрсетілетін коммуналдық қызметтердің, тамақтың, азық-түліктің құны, қолданылып жүрген заңдарға сәйкес қызметкерлерге берілетін тегін тұрғын үйге ақы төлеу жөніндегі шығындар (тұрғын үй, коммуналдық қызметтер және т.б. тегін берілмегені үшін төленетін ақшалай өтемнің сомалары);

- қолданылып жүрген заңдарға сәйкес тегін берілетін, тұрақты әрі жеке пайдалануында қалатын заттардың (арнайы киім-кешекті қоса алғанда) құны немесе олардың арзан бағаға сатылуына байланысты жеңілдіктер сомасы);

- қолданылып жүрген заңдарға сәйкес кезекті және қосымша демалыстарға ақы төлеу (пайдаланылмаған демалысқа өтем ақы төлеу), сондай-ақ мемлекеттік міндеттерді орындаумен, медициналық тексерулерден өтумен байланысты уақыттар;

- заңдарда белгіленген жағдайларда кәсіпорындар мен ұйымдардың қайта құрылуына, қызметкерлер мен штаттағылардың қысқаруына байланысты жұмыстан босаған қызметкерлерге төлемдер телеу;

- қолданылып жүрген заңдарға сәйкес еңбек сіңірген жылдары үшін бір мезгілдік сыйақылар (осы кәсіпорындағы мамандығы бойынша жұмыс стажы бойынша үстемақылар) төлеу;

- қолданылып жүрген заңдарға сәйкес аудандық, экологиялық коэффициенттер бойынша шөлейтті, сусыз және биік таулы жерлердегі жұмысы үшін белгіленген коэффициенттер бойынша төлем төлеу; экологиялық қолайсыз жағдайлары бар аудандардағы үздіксіз жұмыс стажы үшін жалақыға заңдарда көзделген үстемақыларды төлеу;

- кәсіптік-техникалық училищені бітірген түлектерге және жоғары немесе арнаулы орта оқу орындарын бітіріп шыққандар жас мамандарға жұмыс басталар алдында демалысқа ақы төлеу;

- кешкі және сырттай жоғары және арнаулы орта оқу орындарында, сырттай аспирантура, кешкі (ауысымды) оқу орындарында, кешкі (ауысымды) кәсіптік-техникалық және сырттай жалпы білім беретін мектептерде ойдағыдай білім алып жүрген, сондай-ақ аспирантураға түскен жұмысшылар мен қызметшілерге берілетін оқу демалыстарына қолданылып жүрген заңдарға сәйкес ақы телеу;

- заңдарда көзделген жағдайларға сәйкес еңбек ақысы төмен жұмыстарды атқарғаны үшін ақы төлеу; уақытша еңбек қабілетін жоғалтқан жағдайда іс жүзіндегі жалақы мөлшеріне дейін заңдарда белгіленген қосымша ақылар төлеу;

- бұрынғы жұмыс орнындағы қызметтік айлықақысының мөлшерін белгілі бір мерзім ішінде сақтай отырып (заңдарға сәйкес) басқа кәсіпорындар мен ұйымдардан келіп жұмысқа орналасқан, сондай-ақ уақытша басқа жұмысын атқарған қызметкерлерге төленетін айлық ақылардағы айырмашылық;

- вахталық жұмыс кестесіне сәйкес кәсіпорынның орналасқан жерінен (жиналу пунктінен) жұмыс орнына дейін және кері қарай жолда жүрген күндері үшін, сондай-ақ ауа райының жағдайына қарай және көлік ұйымдарының кінәсінен жолда кідіріп қалған күндері үшін айлықақының тарифтік ставка мөлшерінде төленетін сомасы (вахталық әдіспен жұмыс істеген кезде);

- жұмысшы-донорға тексеруден өткен, қан тапсырған және өрбір қан тапсырған күннен кейін демалыс алған күндері үшін ақы төлеу;

- егер атқарылған жұмыс үшін есеп айырысуды тікелей кәсіпорынның езі жүргізетін болса, кәсіпорынның штатында тұрмайтын қызметкерлерге олардың азаматтық-құқықтық сипатта жасасқан шарттары бойынша атқарған жұмыстарына ақы төлеу. Бұл орайда, мердігерлік шарт бойынша жұмыс атқарғаны үшін қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеуге жұмсалатын қаржының мөлшері осы жұмыстардың (көрсетілген қызметтердің) және төлем құжаттарының сметалары негізге алына отырып белгіленеді.

Еңбек ақыдан аударылатын аударымдар.

Қазақстан Республикасының әрекет етіп тұрған заңына сәйкес жалақыдан аударылатын аударым бабында есептелген әлеуметтік салығы (9,5 % мөлшерлемесі бойынша) көрініс табады.

Әлеуметтік салықтың салық салу объекті болып жұмыс берушілердің еңбеккерлерге ақшалай немесе заттай нысанында төлеген шығысы жатады, оған салық салуға жатпайтын төлемдерден басқасы түгел кіреді.

7.3 Үстеме шығындарды басқарушылық есепке алу

Қазіргі басқару есебі шығындарды басқаруды қаржылық жауапкершілік орталығын бюджеттендіру және басқару негізінде жүзеге асыруды көздейді.

Соған байланысты кәсіпорында әр қаржылық орталыққа жеке бюджет жасалады. Қаржылық орталықтың бюджеттері кәсіпорын бюджетіне бірігеді.

Кәсіпорын үстеме шығыстарының есебін жүргізуде келесідей мәселелерді шешеді:

- негізгі үстеме шығыстардың пайда болу көздерін анықтау;
- шығындарды азайту себептерін анықтау;
- үстеме шығыстардың сметасы мен бюджетін жасау үшін негізгі көрсеткіштерді анықтау;

- үстеме шығыстардың динамикасын бақылау;

Үстеме шығыстарды бөлуді басқару шешімдерін қабылдау тұрғысынан қарастыратын болсақ, онда келесі негізгі мәселелер туындайды:

1. Өндірістің табыстылық бағасы мен әрбір өнімді өткізу деңгейі;

2. Компанияға қай өнім түрі көбірек пайда түсіреді;

3. Шығарылатын өнім ассортиментін өзгерту туралы шешім қабылдау;

Үстеме шығыстарды басқару есебін бақылаудың бір нұсқасы ABC-талдау бойынша жүргізіледі.

Бұл әдіс неғұрлым қарапайым, әрі жеңіл.

ABC-талдау әдісі үстеме шығыстарды таратуда келесі принципке сүйенеді: шығындардың пайда болу көздерінің аз ғана мөлшері салыстырмалы түрдегі шығындар

құнының көптігін көрсетеді. Үстеме шығыстармен байланысты негізгі мәселелерді қарастыруға болады:

-шығыстарды тікелей және үстеме шығыстарға бөлу – бұл әр кезде оңай бола бермейді, себебі шығыстардың кейбір түрі тікелей және жанама шығыстарға жатады.

-үстеме шығыстар тұрақты болып келеді;

-шығындарды ақырғы өнім арасында дұрыс бөліп тарату.

Үстеме шығыстарға өндірісті басқару, қызмет көрсету және ұйымдастыру шығыстары жатады.

Үстеме шығыстар – негізгі және көмекші цехтардың жұмыстарын ұйымдастыру шығыстары, сондай-ақ өндіріске қызмет көрсетумен байланысты шығыстар.

Үстеме шығыстарды бөлудің негізгі бағыттары:

- ақырғы өнімнің нақты құнын анықтау;
- қолданылған ресурстарды бөлу;
- жұмыскерлердің шығындарын қысқарту;
- сыртқы пайдаланушылар үшін шығыстар мен кірістерді салыстыру.

Үстеме шығыстармен байланысты негізгі мәселелерді қарастыруға болады:

-шығыстарды тікелей және үстеме шығыстарға бөлу – бұл әр кезде оңай бола бермейді, себебі шығыстардың кейбір түрі тікелей және жанама шығыстарға жатады.

үстеме шығыстар тұрақты болып келеді;

шығындарды ақырғы өнім арасында дұрыс бөліп тарату.

Үстеме шығыстарға өндірісті басқару, қызмет көрсету және ұйымдастыру шығыстары жатады.

Бірінші кезекте олар мыналармен байланысты:

аналитикалық шоттардың шығындар түрімен (жал төлемі, қызмет көрсету, еңбекақы);

бақыланатын шығындар орталығымен (өндірістік цех).

Үстеме шығыстар құрамына мыналар кіреді:

1. Жалпы өндірістік шығыстар - өндірістік жабдықтарды пайдалану және күтіп ұстау шығыстары;

2. Өндірістік қажеттерге пайдаланылатын қосымша материалдардың барлық түрлері;

3. Жұмысшылардың еңбекақысы. Цех персоналына, өндірістік құрал-жабдықтарға қызмет көрсететін жұмыскерлерге есептелген еңбекақы;

4. Еңбекақыдан аударымдар;

5. Негізгі құралдарды жөндеу. Бұл шығындар түріне жалпы өндірістік мақсатқа арналған өндіріс құрал-жабдықтары мен негізгі құралдарды жөндеу шығыстары кіреді.

6. Негізгі құралдардың тозуы мен материалдық емес активтердің амортизациясы;

7. Коммуналдық қызметтер. Бұл шығыстарға жалпы өндірістік мақсаттарға арналған негізгі құралдар мен өндірістік құрал-жабдықтардың жұмыс істеуі үшін тұтынылған электр қуатының, судың, жылудың, т.б. құны кіреді.

8. Жалгерлік ақы - өндірісте қолданылатын негізгі құралдарды жалдау бойынша төленетін жалгерлік ақы сомасы;

9. Өзге де шығыстар.

Өндірістік шығындардың синтетикалық есебі 8410 «Жүкқұжат шығыстары» шотында жүргізіледі.

Бұл активті жинақтаушы, таратушы шот болып саналады. Бұл шоттың құрамында мынадай шоттар ашылады: 8410/1 – «Негізгі өндірістің жүкқұжат шығыстары», 8410/2 – «Көмекші өндірістің жүкқұжат шығыстары».

Өндірістік үстеме шығыстар – бұл өндірісті басқару, қызмет көрсету, ұйымдастыру шығыстары. Олар бөлімше, цех, өндіріс сияқты өндірістік буындарда пайда болады.

Бұл шығындардың арналымы, сипаты және функционалдық ролі өндіріспен байланысты.

Жалпы өндірістік үстеме шығыстар кешенді баптардан тұрады және есепті мерзім соңында өнім түрлері бойынша, дайын өнім мен аяқталмаған өндіріс бойынша бөліп таратылады.

Жалпы өндірістік үстеме шығыстар 8410 «Жүкқұжат шығыстары» шотында есептеледі. Субсчет 8410/3 – «Жалпы өндірістік жүкқұжат шығыстары» шоты.

Сонымен қатар 8410 шотына бірнеше транзиттік шоттар ашылады:

- 8411 – «Материалдар»
- 8412 – «Цех персоналының еңбекақысы»
- 8413 – «Еңбекақыдан аударымдар»
- 8414 – «Негізгі құралдарды жөндеу»
- 8415 – «Негізгі құралдардың тозуы»
- 8416 – «Коммуналдық қызметтер»
- 8417 – «Жалгерлік ақы»
- 8418 – «Өзгелер»

№2 «Қорлар» ХҚЕС бойынша үстеме шығыстар екі түрге бөлінеді.

1. Тұрақты өндірістік үстеме шығыстар
2. Айнымалы өндірістік үстеме шығыстар.

Тұрақты өндірістік үстеме шығыстар өңдеу бойынша шығыстарға бөлу және өндірістік қуаттылықтың қалыпты өнімдеріне негізделеді және бұл шығыстар өнім көлеміне байланысты емес.

Өндіріс көлемі өзгерсе де, тұрақты өндірістік үстеме шығыстар өзгерусіз болып қалады.

Бұл шығыстарға мыналар жатады:

- негізгі қорлардың амортизациясы;
- ғимараттар мен жабдықтарға есептелген амортизация;
- өндірістік басқару шығындары.

Айнымалы өндірістік үстеме шығыстар өндіріс көлеміне тікелей байланысты, тәуелді болатын өндірістік шығыстар.

Бұларға жалпы өндірістік қажеттерге жұмсалатын материалдар және цех персоналының еңбекақысы жатады.

Жалпы өндірістік шығыстарды бөліп тарату белгілі бөлу базасы негізінде жүзеге асырылады.

Отандық тәжірибеде мынадай бөлу базалары қолданылады:

1. Өндіріс жұмысшыларының негізгі еңбекақысы;
2. Өндіріс жұмысшыларының негізгі еңбекақысы мен өндірістік құрал жабдықтарды күтіп ұстау және пайдалану шығындары;
3. Өнімнің, жұмыстың, қызметтің цехтық өзіндік құны.

Ірі өнеркәсіптік кәсіпорындарда өндіріс жабдықтарын ұстап тұру және пайдалану шығыстарының ерекше түрдегі есебі қажет.

Бұл шығыстарды 8410 - “Үстеме шығыстар” шоты құрамында «Өндіріс жабдықтарын ұстап тұру және пайдалану бойынша шығыстар» атты субшот ашылады.

Өндірістік құрал жабдықтарды пайдалану және ұстап тұру шығындарына мыналар жатады:

1. Жанар-жағармайлардың құны;
2. Өндірістік құрал-жабдықтың тозуы;
3. Өндірістік құрал-жабдықтарды ағымдағы жөндеуден өткізу;
4. Жабдықтарды күтіп ұстайтын, жүргізетін жұмысшылардың еңбекақысы;

5. Еңбекақыдан аударымдар;
6. Электр қуаты, бу мен судың құны;
7. Көмекші өндірістің қызметі;
8. Басқа да шығыстар.

Шығын тасымалдаушылар – шығындар деңгейіне әсер ететін себептер, олар оң және кері әсер етуі мүмкін.

Шығын тасымалдаушылар шығындар көлеміне әсер етеді және олар үстеме шығыстарды ақырғы өнім арасында бөлуге бағытталған.

Шығын тасымалдаушылардың көп кездесетін түрлері:

1. Өндірілген өнім көлемі
2. Жұмыс – сағат
3. Машина – сағат
4. Бастапқы шығындар
5. Материалдық шығындар
6. Еңбек шығындары

Тарату әдістерінің барлығы дерлік үстеме шығыстардың пропорционалды және пропорционалды емес тарату әдістеріне бөлінеді.

Кәсіпорында қалыптасқан шығындардың нақты деректері негізінде шығындардың әр түрі бойынша шығын тасымалдаушылар мен үстеме шығыстарды тарату коэффициенттері анықталады.

Бұл коэффициент таратуға негізделген шығындардың жалпы сомасын тасымалдаушы ретінде алынған суммалық факторға бөлу арқылы анықталады. Бұл коэффициент үстеме шығыстарды пропорционалды бөліп тарату үшін қолданылады.

Мысал А – Кеңсе заттары.

Компания кеңсе заттарына (қағазды қоса алғанда) айына 1 200 мың теңге шығын жұмсайды.

Компанияда екі бөлімше бар, олардың компания табысындағы үлестері 30% және 70%.

Кесте 7.1 – Кеңсе заттар үстемелік шығынын шаруашылық субъект арасына тарату

Бөлімше	Табыс (мың тг.)	Табыстан алынатын %	Шығыстарды бөліп тарату
1	2	3	4
Бөлімше 1	70 000	70 %	1200*0,7=840
Бөлімше 2	30 000	30 %	1200*0,3=360
Барлығы	100 000	100 %	1200

Кестені талдап көрсек, кеңсе заттарына кеткен шығын сомасы келесі бағытта таратылды:

бірінші бөлімше шығынына 840 мың теңге бөлінді;

екінші бөлімше шығынына 360 мың теңге бөлінді.

Барлық кеңсе заттар шығындары 1 200 мың теңге бөлінді.

Мысал Б. - Жал төлемі.

Жал төлемі көлемге байланысты бөліп таратылады.

Жал бойынша шығыстар (мың тг.) 6 000

1 м² кеткен жалдау бойынша шығыстар 24

Аудан (м²) 250

Компанияның 1-ші бөлімшесі 200 м² ауданды, ал 2-ші бөлімшесі 50 м² ауданды алып жатыр. Жал бойынша шығыстарды тарату төмендегідей болады.

Кесте 7.2 – Жал төлемі үстемелік шығынын шаруашылық субъект арасына тарату

Бөлімше	Алып жатқан аудан	Шығыстарды бөліп тарату
1	2	4
Бөлімше 1	200 кв.м	200*24=4 800
Бөлімше 2	50 кв.м	50*24=1 200
Барлығы	250 кв.м	6 000

Кестені талдап көрсек, жал төлеміне кеткен үстеме шығын сомасы келесі бағытта таратылды:

бірінші бөлімше шығынына 4 800 мың теңге бөлінді;

екінші бөлімше шығынына 1 200 мың теңге бөлінді.

Барлық кеңсе заттар шығындары 6 000 мың теңге бөлінді.

7.4. «Стандарт - кост» жүйесі

«Стандарт - кост» жүйесінің мәні мынада: есепте тек болғанды ғана көрсету емес, сондай – ақ болатынды да, нағыз емес лайықты мәселелерін ескереді және пайда болған немесе орын алған ауытқуларды көрсетуді көздейді. Осы жүйенің алдына қойған негізгі міндеті – ұйымның табыстарындағы ауытқулар мен шығындардың есебі. Оның негізінде қандайда бір өнім немесе жартылай фабрикатты дайындаумен байланысты материалдар, энергия, жұмыс уақыты, еңбек, жалақы және т.б. шығыстарының нормасын анықтау мәселелері кіреді.

Бұл белгіленген нормаларды асыра орындауға міндеттеу емес. Олардың 80%-ке жуығы орындалса, онда ол стандарт – кості жүйесінің мақсаты орындалған болып саналады.

Стандарттық жүйеде, өзіндік құнды есептеудің алгоритмі бар. Мәселен, бұйымды дайындаумен байланысты барлық операциялар нөмерленеді. Осы өнімге тиесілі кесімді және мерзімді жұмыстарының тізбесі анықталады. Мерзімді төленетін жұмыстарға кететін шығыстар операцияны орындау үшін қажет болатын стандарттық уақыты, стандартты сағатық мөлшерлемесіне көбейту арқылы анықталады. Материалдардың стандарттық құны стандарттық бағаның стандарттық шығысқа көбейтумен есептелінеді.

Стандарттық бағалар ретінде нарық жағдайында қалыптасқан бағалар қолданады. Олар франко – станция белгілеген шартымен есептелінеді.

«Стандарт - кост» жүйесі жағдайында стандарттар тек өндірістік өзіндік құн үшін ғана емес, сондай – ақ табыстылыққа әсер ететін басқа да факторлар үшін есептелінеді. Мысалы, сату көлемі үшін, коммерциялық және әкімшілік шығыстар үшін және т.б.

«Стандарт – кост» жүйесінің жалпы қағидаларын қарастыра келе ауытқуларды талдау мен есептеу әдістемесін көрсететін шығынға келетін болсақ, ол үшін ең алдымен материалдық шығындарына жасалатын стандартты есептеулер болып табыады. Мұнда ең бастысы - материалдардың бағасын анықтау қажет. Енді нақты еңбек шығындарының стандарттықтан ауытқуларын анықтау мен олардың пайда болу себептерін белгілеуіміз керек. Сағат бойынша төленетін еңбек ақының нысаны кезінде есептелген жалақының сомасы, жұмыстың нақты атқарылған уақыттың санына және еңбек ақының мөлшерлемесіне тәуелді. Демек, негізгі жұмысшылардың нақты есептелген еңбек ақысының ауытқу деңгейі оның стандарттық деңгейімен, яғни екі фактордың көмегімен анықталады, еңбек ақының мөлшерлемесі мен атқарылған сағаттардың саны бойынша ауытқулар, яғни еңбек өнімділігі бойынша.

Еңбек ақының мөлшерлемесі бойынша ауытқуларды нақты және стандартты еңбек ақысының мөлшерлемелерінің арасындағы айырмасына нақты атқарылған сағатқа көбейтіп барып анықталады.

«Стандарт -кост» жүйесі бойынша ең соңында үстеме шығыстарының нормадан ауытқуы есептеледі. Бұнда тұрақты және айнымалы шығындарға бөліп қарастырады. Тұрақты үстеме шығыстар бойынша ауытқулар – нақты үстеме шығыстарымен, оның шығарылған өнім көлеміне түзетіліп жазылған сметалық деңгейінің арасындағы айырмасы ретінде анықталады.

Ал, айнымалы үстеме шығыстары өндірістің негізгі жұмысшыларының еңбек уақытына тәуелді болады. Айнымалы үстеме шығыстарын негізгі өндірістің шығынына жатқызу нормативтік мөлшерлемесі мен норма – сағатқа есептелген нақты шығарылған өнім көлемін ескере отырып жүзеге асырылады.

Алынған ақпараттарды бухгалтер-талдаушы басшыға жиынтық кесте түрінде ұсынады. Ол кез келген менеджерге тусінікті және жеңіл оқылатын көрнекі құралы болуы керек. Осы ақпарат күтілетін табысты нақты қол жеткізетін табыспен үйлестіруге мүмкіндік береді. Ол үшін сметалық табысқа барлық жағымды ауытқуларды қосады да, ал жағымсыздарды шегереді. Демек, қарастырылып отырған өнімнің өзіндік құнын калькуляциялау мен шығындар есебінің жүйесі нақты мен сметалық шығындарының арасында пайда болатын жағымды және жағымсыз ауытқулардың себептерін жоюға, яғни шығындарды тиімді басқаруға мүмкіндік береді.

Өзіндік құнның есеп жүйесі мынадай үш бағыттарда ұйым табыстылығын арттыруға әсер етеді:

- 1) ұйым табысын төмендететін жағымсыз ауытқуларды анықтайды;
- 2) өндірістің өзіндік құны туралы менеджерге нақты мәліметтер берілген соң, осы берілген мәліметтің негізінде, сату бөлімі, сатылатын өнімнің көлемін жоспарлауға және оптималды бағаларды белгілеуге мүмкіндік алады;
- 3) калькуляциялаумен байланысты есептік жұмыстар ықшамдалады.

Осы үш мәселенің шешімімен «стандарт - кост» жүйесі өткен шығындардың есеп жүйесіне қарағанда, келтірілген шараларды ойдағыдай атқарады.

«Стандарт - кост» жағдайында ағымдағы есепте олардың нормалардан ауытқуы топшаланбайды. Нормативтік әдіс кезінде бұндай топшалау қолдануы мүмкін.

«Стандарт -косттан» дәстүрлі нормативтік есеп жүйесінің айырмашылығы ол сату процесіне бағдарланбаған, сондықтан бағаларды негіздеуге мүмкіндік бермейді.

Демек, «стандарт - кост» жүйесі бойынша калькуляциялау мен шығындар есебінің мәні мынадай:

келіп түскен материалдарға стандарттық бағалардан ауытқуларын жазу;
ақаудың құнын анықтау;

үстеме шығыстардың шын мәніндегі деңгейін стандарттықпен салыстыру.

Бүгінгі күні «стандарттық шығындар» түсінігі әлемдегі, барлық іскерлік салада, жалпы қабылданған түсінік болып саналады. Бірақ та, олар бірінші рет өндіріс сферасында пайда болғанымен, бүгінде стандарттық шығындар кәсіпкерліктің барлық аясына толығымен енді деуге болмайды.

Стандарттық шығындар деп қандай да бір қызметтің немесе өндірістің барысында алдын ала белгіленіп немесе жоспарланып қойған шығындардың деңгейін айтады.

Дәл осы бағыттар бойынша стандарттар – нормалары дайындалды, содан соң жүйеленген есептеулер «стандарт - кост» жүйесі болып аталуына ие болды. «Стандарт» - бұл бір өнім бірлігін өндіру үшін қажетті материалдық және еңбек шығындарының саны немесе алдын ала есептелген өнім бірлігінің өндірісіне қажет материалдық және еңбек шығындары; «кост» - бұл өнім бірлігін дайындауға кеткен өндірістік шығындардың ақшалай көрінісі.

Батыстық экономикалық әдебиеттерде «стандарт - кост» жүйесіне әр түрлі мағынадағы анықтамалар беріледі, сондықтан осы түсінікке әр түрлі мазмұндар кіреді. Бірақ та, барлық жағдайларда бұл жүйе тікелей өндіріс шығындарын реттеуге бағытталған бақылаудың құралы ретінде түсіндіріледі.

«Стандарт - кост» жүйесінің артықшылығына мыналарды жатқызады: бұйымды сату және өндіруге жұмсалуды тиіс, яғни күтілетін шығындар жөніндегі ақпараттармен қамтамасыз ету, алдын ала есептелетін өнім бірлігінің өзіндік құны негізінде бағаларды белгілеу, нормативтерден ауытқуларды және олардың пайда болу себептерін көрсете отырып табыстар мен шығыстар туралы есеп берулерді жасау.

«Стандарт - кост» жүйесі, басқа да қолданылып жүрген шығындар жүйесі сияқты, оның да артықшылықтары мен ерекшеліктері бар: біріншіден, қаражаттарды жұмсау процесінде стандарттардан ауытқуларды анықтаудың негізі болып оларды құжаттау емес, арнайы шоттардағы бухгалтерлік жазулардан көруге болады; екіншіден, стандарттардан ауытқыған бөлігін көрсетумен ерекшеленеді және осы ауытқуларды есептеу үшін арнайы бөлек синтетикалық шоттарын ашады, сосын – калькуляциялау баптары бойынша олардың факторларын жіктейді.

«Стандарт - кост» жүйесіндегі осы ерекшеліктері мынаны білдіреді: шығындарды басқару мақсатында әрқашан оларды қарастырғанда осы ауытқулардың қаншалықты ескеруге тұратындығы, қандай проблемаларды шешуде қолдануына болатындығы және нені көрсететіндігі, өндіріс шығындарын талдауда анықталған ауытқулардың маңыздылығы қарастырылады.

Стандарт - кост» жүйесінің басқа да көрнекті жайын толығымен тануға 1919 жылы АҚШ – да құрылған өндіріс - бухгалтерінің ұлттық ассоциациясы үлкен септігін тигізді. Бұл аталған ұйым бухгалтерлік мамандарын дайындау мен қайта дайындауда үлкен үлес қосқан.

«Стандарт - кост» түсінігі, басқа көптеген түсініктер сияқты, бастапқы уақытта әр түрлі атауларға ие болды. Әсіресе мынадай терминдерімен тығыз байланысады, атап айтсақ: «нормативтік өзіндік құн», «сметалық өзіндік құн», яғни алдын ала калькуляцияланған және т.б. түрінде қолданылады.

Басқаша сөзбен айтқанда, тарихи «стандарт - кост» отандық нормативтік есеп жүйесінің келешектегі көрінісі болып табылады.

1931 жылы басқарудың техникасы жөніндегі институты «стандарт - кост» жүйесінің тәжірибеде қолданылуы мен жүзеге асырылуының мүмкіндіктерін зерттеді. Осы мәселені шешуге қомақты үлесті профессор Жебрак М. Х. жүйені шығындар есебінің нормативтік әдісі ретінде ұсынды.

Өзін өзі бақылау сұрақтары

1. Негізгі өндіріс саласында не шығындар орын алуы мүмкін? Мысал келтіріңіздер. Бухгалтерлік есеп шоттарының үлгілік жоспарын бұл шығыс пен шығындар түрі қай шотта көрсетіледі?
2. Көмекші өндіріс саласында не шығындар орын алуы мүмкін? Мысал келтіріңіздер. Бухгалтерлік есеп шоттарының үлгілік жоспарын бұл шығыс пен шығындар түрі қай шотта көрсетіледі?
3. Жеке өндірістегі жартылай фабрикаттар өндірісі саласында не шығындар орын алуы мүмкін? Мысал келтіріңіздер. Бухгалтерлік есеп шоттарының үлгілік жоспарын бұл шығыс пен шығындар түрі қай шотта көрсетіледі?
4. Жүкқұжат шығыстары дегеніміз не? Бұл шығыс түрі не шығындарды құралады? Бухгалтерлік есеп шоттарының үлгілік жоспарын бұл шығыс пен шығындар түрі қай шотта көрсетіледі?

5. Әкімшілік шығыстары дегеніміз не? Бұл шығыс түрі не шығындардың құралады? Бухгалтерлік есеп шоттарының үлгілік жоспарын бұл шығыс пен шығындар түрі қай шотта көрсетіледі?
6. «Стандарттық шығындар» түсінігі алғашқы рет қай сферада пайда болды?
7. Стандарттық шығындар деп не шығындарды айтады?
8. «Стандарт - кост» жүйесінің басқа жүйелерімен салыстырғанда не артықшылықтары бар?
9. «Стандарт - кост» жүйесінің басқа жүйелерімен салыстырғанда не ерекшеліктері бар?
10. «Стандарт - кост» түсінігі, басқа көптеген түсініктер сияқты, бастапқы уақытта әр түрлі атауларға ие болды. Бұл не атаулар?
11. «Стандарт - кост» жүйесінің мәні не?
12. «Стандарт - кост» жүйесінің алдына қойлған негізгі міндет.
13. Франко – станция белгілеген шарт, дегеніміз не?
14. «Стандарт – кост» жүйесінің жалпы қағидалары.
15. Тұрақты және айнымалы үстеме шығыстар деп не шығыстарды түсінеміз?

Өзін өзі бақылау тестілері

1. Өндіріс көлемінің өзгерісіне байланысты өнімнің бір өлшеміне өзгермелі шығындар:

- а) Өзгермейді
- ә) Өседі
- б) Ұйымның іскерлік белсенділігіне байланысты өзгереді
- в) Азайып отырады
- г) Ұйым шешіміне байланысты өзгереді
- д) Маңызсыз өзгереді
- е) Өндіріс көлеміне байланыссыз тұрақты болып қалады

2. Дт 7450 Кт 2420 –бухгалтерлік жазудың мазмұны:

- а) Ұйым қызметкеріне негізгі құралдар төлемсіз берілгенде
- ә) Шаруашылық әдіспен құрылысқа пайдаланатын негізгі құралдарға есептелген амортизация сомасы
- б) Ағымдағы жал бойынша негізгі құралдарға есептелген тозу сомасы
- в) Операциялық жал бойынша негізгі құралдарға есептелген амортизация сомасы
- г) Есептелген амортизация сомасының есептен шығарылуы
- д) Есеп беруге тиісті тұлға арқылы негізгі құралдар сатып алынғанда
- е) Ағымдағы жал бойынша негізгі құралдарға есептелген амортизация сомасы

3. Цех басшысының тарапынан бақыланатын шығындар:

- а) Коммуналдық төлемдер
- ә) Пайыз шығындары
- б) Сату бойынша шығындар
- в) Әкімшілік шығыстар
- г) Кесімді еңбек ақы, материалдар
- д) Өндірістік жұмысшылардың еңбек ақысы мен материалдар
- е) Материалдар мен цех жұмысшыларының еңбек ақысы

4. Негізгі өндірістегі түнгі уақыттың қосымша төлемі:

- а) Үстеме шығындарға

- ә) Қорытынды пайдаға
- б) Сатылған өнімнің өзіндік құнына
- в) Өндіріс шығындарына
- г) + Негізгі өндірістік шығындарға
- д) Кезең шығындарына
- е) Негізгі өндіріс шығындарына

5.Бақыланбайтын шығындар:

- а) Әкімшілік шығындар
- ә) Өндіріске қосымша жұмсалынған шығындар
- б) Бюджеттеу кезінде жауапты тұлғалардың тарапынан бақылауға мүмкін болатын шығындар
- в) Ұйым қызметін басқаруға байланыссыз пайда болатын шығындар және оларға нарықтағы бағаның өсуіне байланысты материалдар бағасының өсуі, басқа шығындардың көбеюі жатады
- г) Кезең шығындары
- д) Ұйым тарапынан бақылауға мүмкін емес шығындар
- е) Ұйым қызметін басқаруға байланысты емес шығындар

6.Үстеме шығыстар:

- а) Қосымша өнім партиясына жанама шығындар
- ә) Қосымша өнім партиясына материалдық шығындар
- б) Цехтарды, учаскелерді басқарушылардың еңбек ақылары
- в) Негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің тозуы
- г) Өндірістік жұмысшылардың негізгі еңбек ақылары
- д) Өндірістік ғимараттарды жөндеу және күтіп ұстау шығындары
- е) Қосымша өнім партиясына тікелей шығындар

7. Реттелмейтін (бақыланбайтын) шығындар

- а) Жалдау бойынша шығындар
- ә) Негізгі материалдар
- б) Технологиялық қажеттіліктерге жұмсалған электр қуаты
- в) Өнімге байланысты жұмсалатын шығындар
- г) Өндіріске жіберілген қосымша материалдар
- д) Жалға алу (жалгерлік шығындар) және коммуналдық төлемдер
- е) Жұмыстан тыс уақытқа төлемдер

8. Әкімшілік шығыстар есепті кезең соңында көрсетіледі:

- а) Салық салынатын табысты азайтуға
- ә) Есепті жылдың бөлінбеген пайдасын азайтуға
- б) Шегерістерге
- в) Таза пайдаға
- г) Өндірістік шығындардың құрамына
- д) Жанама шығындарға
- е) Жылдық жиынтық табысты азайтуға

9. Негізгі өндірістегі көмекші материалдар шығынының түрі:

- а) Өзгермелі
- ә) Айнымалы
- б) Ауыспалы
- в) Тұрақты
- г) Үстеме

- д Шартты тұрақты
- е) Шартты өзгермелі

10. Басқару процесіндегі есепші сараптамашының орны

- а) Салық қызметкерлеріне талдау сараптама кестелерін дайындау
- ә) Бухгалтер сараптамашының қызметінің нәтижесінде құрылымдық бөлімшелердің қызметі бағаланады
- б) Қаржылық есепті дайындау кезінде көмек көрсетеді
- в) Бухгалтер сараптамашының есебі құрылымдық басқаруды объективті бағалауға мүмкіндік береді
- г) септік саясатқа өзгеріс енгізу үшін бұйрықтарды дайындайды
- д) Бухгалтер сараптамашы басқару аппаратын өндірістің қандай құрылымдарында жоспарлы көрсеткіштер орындалмағаны жөнінде ақпарат береді
- е) Аудиторлық тексеру кезіндегі құжаттарды дайындау

Жауаптар

- 1) а, д, е;
- 2) б, в, е;
- 3) г, д, е;
- 4) в, г, е;
- 5) в, д, е;
- 6) б, в, д;
- 7) б, в, д;
- 8) а, б, е;
- 9) а, ә, б;
- 10) ә, в, д.

VIII ТАРАУ. ӨЗІНДІК ҚҰНДЫ ШЫҒЫНДАРДЫ ТОЛЫҚ ҮЛЕСТІРУ БОЙЫНША (АБЗОРШЕН-КОСТИНГ) ЖӘНЕ АЙНЫМАЛЫ ШЫҒЫНДАР БОЙЫНША КАЛЬКУЛЯЦИЯЛАУ

8.1 Шығындардың толық таратылуы

Кейбір елдерде өнімнің өзіндік құнын калькуляциялау кезінде көбінесе батыс елдерінің өзінде екі бірдей әдісті қолданады: барлық жанама шығындарды ендіру негізінде, яғни «абзорпшен - костинг» пен «директ - костинг» жүйесін қолданады.

«Директ-костинг» жүйесін тәжірибеде қолданудың бірінші кезеңдерінде өзіндік құнға тек тікелей шығындары енгізілді, ал қалған барлық жанама шығыстар есеп беру кезеңіндегі қорытындысына, (яғни, қаржылық нәтижесіне) жатқызылып, есептен шығарылады, яғни аталған шығын табыстан шегіріледі.

Осыдан «-Direct - Costing -System» (тікелей шығындардың есеп жүйесі) жүйесінің аталуы келіп шықты. Осы аталған әдістің құндылығы мынада, онда оның табыстың (1) пен шығындардың (2) және сатылған өнім көлемнің деңгейі (3) өзара байланысты екенін көрнекті түрде баяндап береді.

Қазіргі кезде «директ-костинг» әдісінің бірнеше нұсқалар бойынша қолданылады:

классикалық «директ-костинг» ;

айнымалы шығын жүйесі;

өндірістік күшті жұмсауға байланысты ауысатын шығындар есебі жүйесі.

Ортақтығы оның, калькуляция тек жартылай өзіндік құнға толық емес жүргізіледі.

«Директ-костинг» түсінігі өнім көлеміне байланысты шығындардың тұрақты және айнымалы шығындар болып бөлінуі, осымен қоса тұрақты шығындар өнім бірлігінің өзіндік құнының калькуляциясына кірмейді.

Жалпы қазір бұл системаны қолдану мен тұрақты теориялық негізделгеніне қайнар көз болған ғалымдардың қайсысы екенін айту қиынырақ түседі.

«Директ-костингтің» құрылуының маңызды элементі болып нарықтық экономика болып табылады, осыдан келіп бухгалтерлік есепке де қажеттіліктердің өзгеруіне әкеледі, көрсетілетін ақпараттардың иілгіштігі мен аналитикалығы.

Есеп берудің алдында тұрған тапсырмалардың өзгеруі, өндірістік есептің тапсырмаларының өзгеруіне әкеледі, оның артынан «директ-костинг» әдісі бойынша ұйымдастырудың қолайлы да, тиімді мүмкіншіліктері ашылады.

Тікелей шығындарға негізделген басқарушы, яғни өндірістік есеп жүйесі ретінде директ-костингтің өзіне тән ерекшеліктерін және мәнін анықтау керек, есептеу әдістемелерін қалыптастыру, есептік жазулар сызбасын және басқа мәселелерді зерттеу қажет.

Өндірістік есепті ұйымдастыру – кез-келген фирма немесе шаруашылық серіктестіктің ішкі өзінің жұмысы.

Әкімшілік шығындарды қандай кескінде классификациялау; шығындардың шығатын жерін қанша бөлшектеу және оларды қалай жауапкершілік орталықтарымен байланыстыру керек; нақтылы немесе стандартты есепті ме, әлде толық немесе бөлшек шығындардың есебін жүргізуді өзі таңдайды.

«Директ-костинг» тұрақты және көлемге пропорционалды өзгеретін шығындарды өзіндік құнға бөлу ретінде анықталуы керек.

Тек негізгі шығындар мен айнымалы шығындар ғана запастармен шығарылған өнім бағасына енгізілуі керек.

Қалған шығындар тікелей табыс пен зияндарға жатқызылады. Бірақ «директ-костинг» жүйесінің маңызды бірінші кезекте шығынды бөліп және тек екінші мақсат болып запастарды бағалау табылады дегенді ерекше қарастыру керек. Осыдан қорытынды жасасақ «директ-костинг» табыс есебіне, зиян мен қосымша шифрлауға есеп беруіне әсерін жасауға ерекше көңіл бөлу болып келеді.

«Директ-костинг» – бұл өзіндік құнды есептеу жүйесі тек тікелей шығындар мен ауыспалы жанама шығындар ғана өнімнің өзіндік құнына кіруі керек деп Батыс германдық экономист Д. Бернер түсіндіріп кеткен.

Бұл көбінесе жартылай фабрикаттар мен дайын өнім запастарын есептеу жылдық баланс және шығындар сол есеп беру кезеңінде өндірілген өнімдерге шығын есебін құрау кезінде ғана қосылады.

«Директ-костинг» әдісін іс жүзінде қолданудың бірінші кезеңдерінде өзіндік құнға тек тікелей шығындары енгізілді, ал қалған барлық жанама шығыстар есеп беру кезеңіндегі қорытындысына (яғни, қоржылық нәтижесінде) жатқызылып, есептен шығарылады, яғни аталған шығын табыстан шегеріледі.

Осыдан «Direct – costing – System» (тікелей шығындардың есеп жүйесі) жүйесінің аталуы келіп шықты.

«Директ-костинг» әдісі өзіне тек тікелей шығындарды ғана енгізеді. Бұл арада олар өнімді өндірумен тікелей байланысты шығыстардың негізінде калькуляцияланады. Әрбір жағдайда өзіндік құнға енгізілетін шығындардың деңгейі әр түрлі болады, Бірақта жалпы алғанда осы тәсіл үшін, ондағы кейбір өнімді өндіру мен сатуға тікелей қатысты бар шығындар түрлері калькуляциялауға қатыспай-ақ табыстың есебінен өтелетіндігі белгілі.

Міне, осыдан толық емес өзіндік құнның есеп жүйесінің мәні келіп шығады. Бұл жүйеде өзіндік құнды есептеу қағидасы мынадан тұрады, онда шығындардың айнымалы бөлігі ғана жоспарланады (есептен алынады), яғни сол айнымалы шығындар

ғана иеленуші бойынша таратылады. Қалған шығындар (тұрақты шығындар) бөлігі жекелеген топқа жинақталады, калькуляциялауға енбейді.

«Директ-костинг» (маржиналды табыс немесе айнымалы шығындарды жабу есебінің) жүйесін қолдана отырып, өндіріс көлемі мен шығындар арасындағы (өзіндік құн, түсім, таза және маржиналды табыс) тәуелділікті және өзара байланысты жедел зерттеудің маңыздылығы зор.

«Директ-костинг» жүйесінің бірнеше айрықша ерекшеліктері де бар: бірінші - өндірістік шығындарды тұрақты және айнымалыға бөлу; екінші шектелген шығындар бойынша өнімнің өзіндік құнын калькуляциялау; үшінші – табысты есептеп шығарудың көпсатылығы.

Бірінші кезеңде дайын өнімді өндірудің көлемі тікелей шығындармен байланыстығы белгіленеді, өндірістегі кейбір өнім түрлерінің рентабельдігін көрсетеді. Екінші кезеңде бір шотта жинақталған жанама (тұрақты) шығындары, өнімнің әрбір түрлерін сатудан түскен пайдамен салыстырылады.

Тағы бір атап өтетін жайт, ол «директ-костинг» жүйесінің еңбек сыйымдылығын төмендетеді, есепті оңайлатады және көптеген қосымша аналитикалық мүмкіндіктерін береді.

Бірінші ерекшелігі, ол шағын кәсіпорындардың есебін ұйымдастыруға арналғандығымен көрінеді.

Екінші басты ерекшелік, шын мәнінде «директ-костингті» жүзеге асыру кезінде, ол бірінші жоққа шығарып, нақты нарық жағдайына қажет, батыс елдерінің тәжірибесі көрсетіп бергендей, үлкен және орта типтік өндірістегі, ішкі құрылымдары күрделі сериялы болып келетін ірі немесе жаппай типтік шаруашылық субъектілерінде басқарушы есептің дербес жүйесін құру, яғни қаржылық тұрғысынан тұрақты және өз күшіне сенетін қуатты шаруашылық субъектілерінде, және де өздігінше жетерліктей ұзақ мерзімге бағытталған ұзақ мерзімге бағытталған өзіндік құнды басқарудың ішкі жүйесін құру.

Мұндай жүйе нарықтық қатынастар жағдайында «директ-костингтің» ықпалынсыз немесе олардың элементтерінсіз қызмет ете алмайды.

8.2 Өзгермелі шығындар бойынша өзіндік құнның калькуляциясы

Соңғы жылдары индустриалды дамыған елдердің өнеркәсібінде директ-костинг деп аталатын өндіріске кеткен шығындарды есепке алу жүйесі кең тараған. Есептің бұл жүйесінде өндіріс шығындарының есебі тұрақты, айнымалы, өндіріс көлеміне пропорционалды өзгертін шығындар болып белінеді.

Өнімнің өзіндік құнына тек айнымалы шығындар енгізіледі. Тұрақты шығындар жеке шоттарда жинақталып, қаржылық нәтиженің шоттарымен тікелей жабылады.

Директ-костинг жүйесін пайдалану идеясы біз үшін жаңалық емес. 30-шы жылдардың басында көптеген отандық кәсіпорындар өндірілетін бұйымдарға кететін шығындарды тек жұмсалатын материалдар, еңбек ақы телеу және басқа тікелей шығыстар бойынша есепке алатын; үстеме шығыстар сол бұйымдарды өткізуден түскен табыстардың азаюына есептен шығарылатын.

Шығындарды өндіріске толық жатқызу жүйесі мен директ-костині жүйесі арасындағы негізгі айырмашылық мынау: бұл жүйеде өнімнің өзіндік құны ауыспалы шығыстар бойынша анықталады. Мұндай есепте жүйесі тұрақты шығындардың осы есептік кезеңде дайын өнім қоры ара қатынаста болмауына, аяқталмаған өндіріс келемінде белгіленбеуін әкеліп соғады.

Шығындарды тарату тәртібі үлгісінде көрсетілгендеі директ-костинг жүйесіндегі кірістік есеп екі көрсеткіштен тұрады:

Өткізуден түскен кіріс - Ауыспалы шығындар = Жалпы (маржиналды) табыс

Жалпы кіріс - Тұрақты шығындар = Таза (маржиналды) кіріс

Сонымен, директ-костинг жүйесінің негізі стандарт-кост жүйесінде жасалған, бірақ үстеме шығыстардың ауыспалы және тұрақты болып бөлінуіне байланысты соңғы шығыстар өткізуден түскен табыстан шығарылып тасталады, демек, өнімнің өзіндік құнын қалыптастыруға қатыспайды.

Директ-костинг жүйесін пайдалану белгілі қиындықтар туғызады: үстеме шығыстарды ауыспалы және тұрақты шығысқа дәлме-дәл етіп бөлу қиын; өзіндік баға шығару және баға қалыптастыру үшін өнімнің толық өзіндік құнын ешбір жүйесіз белгілеуге тура келеді. Сөйте тұра, шығындардың тұрақты және ауыспалы болып бөлінуі есеп жүргізудің бақылау және талдау мүмкіншіліктерін күшейтеді, өнімнің барлық түрінен түсетін жалпы (маржиналды) кірісті жылдам анықтап, осы орайда оңтайлы шешім қабылдауға мүмкіндік туғызады.

Жалпы тұрақты шығыстар ұйым қажет қуаттылығын қамтамасыз ете ме, жоқ па, қандау өнім шығарылатындығына қарамастан, бәрібір онда тұрақты шығыстар қатысады деп ойын түйіндейді. Мәселе бұл арада олардың өндірісте қатысуында емес, оның өндіріс деңгейіне тигізетін әсерін зерттеу.

Сондықтан бұл шығындар өндіріс көлемінен тәуелді емес, бірақ олар уақытымен тығыз байланыста болады.

Демек, жақтаушылар мынандай қорытынды жасайды: Тұрақты шығындар кезендік болып келеді, сондықтан оларды бірден өнімнің өзіндік құнына еңгізбей сату шығынына жазу керек деп санайды. Осы теорияны жақтайтындар тұрақты шығындарды маңызды деп санамайды.

Олар тұрақты және айнымалы шығындардың бар айырмашылығы, тек олардың өздеріне тән болатын қылығына, сондықтан көптеген басқарушылық шешімдерді қабылдау кезінде, шығынның қылығына (бағытына) жеткілікті көңіл бөлу керек деп санайды.

Қазақстанда «директ-костинг» элементтері көптеген ұйымдарда қолданыс таба бастады, ал ол өзіндік құнды басқару мен бақылау үшін екі бірдей тиімділікке жол ашты. Бұл арада кезендік шығындар ретінде қарастырылатын коммерциялықпен жалпыәкімшілік шығыстарына, яғни үстеме шығындарының тұрақты бөлігіне жаңаша көзқарасты қалыптастырып отыр, аталған есеп вариантының шарты бойынша, олар өзіндік құнды калькуляциялау объектілеріне енгізілмейді, ал ол сатылған өнімнен түсетін түсімнен шегріледі.

«Директ-костинг» жүйесінің бірнеше айрықша ерекшеліктері де бар: бірінші - өндірістік шығындарды тұрақты және айнымалыға бөлу; екінші шектелген шығындар бойынша өнімнің өзіндік құнын калькуляциялау; үшінші – табысты есептеп шығарудың көпсатылығы.

Бірінші кезеңде дайын өнімді өндірудің көлемі тікелей шығындармен байланыстығы белгіленеді, өндірістегі кейбірөнім түрлерінің рентабельдігін көрсетеді.

Екінші кезеңде бір шотта жинақталған жанама (тұрақты) шығындары, өнімнің әрбір түрлерін сатудан түскен пайдамен салыстырылады.

Тағы бір атап өтетін жайт, ол «директ-костинг» жүйесінің еңбек сыйымдылығын төмендетеді, есепті оңайлатады және көптегенқосымша аналитикалық мүмкіндіктерін береді.

Бірінші ерекшелігі, ол шағын кәсіпорындардың есебін ұйымдастыруға арналғандығымен көрінеді.

Екінші басты ерекшелік, шын мәнінде "директ-костингіні" жүзеге асыру кезінде, ол бірінші жоққа шығарып, нақты нарық жағдайына қажет, батыс елдерінің тәжірибесі көрсетіп бергендей, үлкен және орта типтік өндірістегі, ішкі құрылымдары күрделі сериялы болып келетін ірі немесе жаппай типтік шаруашылық субъектілерінде басқарушы есептің дербес жүйесін құру, яғни қаржылық тұрғысынан тұрақты және өз күшіне сенетін қуатты шаруашылық субъектілерінде, және де өздігінше жетерліктей ұзақ мерзімге бағытталған ұзақ мерзімге бағытталған өзіндік құнды басқарудың ішкі

жүйесін құру. Мұндай жүйе нарықтық қатынастар жағдайында "директ-костингін" ықпалынсыз немесе олардың элементтерінсіз қызмет ете алмайды.

Бүгінгі таңда бір ғана кәсіпорын әртүрлі қызмет түрімен айналысады және бұл қызмет түрімен түрлерінде бірдей емес табыс салықтары салынды.

Қазақстанда «директ-костинг» элементтері көптеген ұйымда қолданыс таба бастады, ал ол өзіндік құнды басқару мен бақылау үшін екі бірдей тиімділікке жол ашты. Бұл арада кезеңдік шығындар ретінде қарастырылатын коммерциялықпен жалпыәкімшілік шығыстарына, яғни үстеме шығындарының тұрақты бөлігіне жаңаша көзқарасты қалыптастырып отыр, аталған есеп вариантының шарты бойынша, олар өзіндік құнды калькуляциялау объектілеріне енгізілмейді, ал ол сатылған өнімнен түсетін түсімнен шегріледі.

Сөйтіп, тәжірибеде "директ-костинг" жүйесін қолдану үстеме шығынның дифференциалды есебімен байланысты болады деп тапшылайды.

Енді жоғарыда айтылғандардың растығын қуаттау үшін біз "директ-костинг" жүйесі бойынша шығындарды есептеу барысындағы есептік шоттағы жазуларын суреттеу арқылы дәлелдеп көріп, дәл осы мәліметті толық есеп жүйесімен салыстырайық.

Маржиналды табыс – бұл өнімді сатудан түскен түсім мен айнымалы шығындар бойынша есептелген, толық өзіндік құнның арасындағы айырма. Маржиналды табыстың құрамына ұйымның табыстары мен тұрақты шығындары кірді. Маржиналды табыстан тұрақты шығындарды мергеннен кейін таза табысты табамыз.

Өзін өзі бақылау сұрақтары

1. Өнімдерді өткізу мен қызметтерді көрсету бойынша шығыстар дегеніміз не? Бухгалтерлік есеп шоттарының үлгілік жоспарын бұл шығыс пен шығындар түрі қай шотта көрсетіледі?

2. Сыйақылар бойынша шығыстар дегеніміз не? Бухгалтерлік есеп шоттарының үлгілік жоспарын бұл шығыс пен шығындар түрі қай шотта көрсетіледі?

3. Операциялық жалдау бойынша шығыстар дегеніміз не? Бухгалтерлік есеп шоттарының үлгілік жоспарын бұл шығыс пен шығындар түрі қай шотта көрсетіледі?

4. Негізгі өндірісте коммуналдық шығындар орын алса, келесі бухгалтерлік жазулардың қайысына жүгінуге болады: Дт 3310 Кт 1030 немесе Дт 8110 Кт 3310?

5. Негізгі өндірісте еңбек ақы шығындары орын алса, келесі бухгалтерлік жазулардың қайысына жүгінуге болады: Дт 8110 Кт 3350 немесе Дт 3350 Кт 1030.

6. «Абзорпшен - костинг» терминіне анықтама беріңіз.

7. «Директ-костинг» терминіне анықтама беріңіз.

8. «Директ-костинг» калькуляциялау әдісінің неше нұсқауы бар?

9. Классикалық «директ-костинг» әдісі деп не тәсілді айтады?

10. «Директ-костинг» калькуляциялау әдісінде тікелей шығындар деп не шығындарды түсінеді?

11. «Директ-костинг» калькуляциялау әдісінде жанама шығындар деп не шығындарды түсінеді?

12. «Директ-костинг» калькуляциялау әдісінде әкімшілік шығындар деп не шығындарды атады?

13. «Директ-костинг» калькуляциялау әдісінде айнымалы шығындар деп не шығындарды атады?

14. «Директ-костинг» калькуляциялау әдісінде үстеме шығындар деп не шығындарды атады?

15. Маржиналды табыс дегеніміз не?

Өзін өзі бақылау тестілері

1. Кешенді шығындар:

- а) Бірнеше экономикалық элементтерден тұратын шығындар
- ә) Бірнеше экономикалық элементтерден тұратын және құрамды бөліктерге бөлуге жатқызылатын цехтық үстеме шығындар
- б) Бірнеше экономикалық элементтерден тұратын және құрамды бөліктерге бөлуге жатқызылатын шығындар
- в) Технологиялық процестерге байланысты жұмсалынған тікелей шығындар
- г) Құрамдық бөліктерге бөлуге келмейтін бір типті экономикалық элементтен тұратын шығындар
- д) Екі немесе одан да көп экономикалық элементтен тұратын және құрамды бөліктерге бөлуге жатқызылатын шығындар
- е) Өндіріс шығындарын жоспарлауға байланысты жұмсалынған шығындар

2. Жоспарланбайтын шығындар:

- а) Өндірістің нәтижесін бақылауға байланысты сметада көрсетілген шығындар
- ә) Нақты жұмсалынған шығындардың нәтижесі
- б) Өндірісті ұйымдастыру мен басқаруға байланысты сметада көрсетілген шығындар
- в) Өндірісті бюджеттеуге байланысты сметада көрсетілген шығындар
- г) Жоспарлы өзіндік құннан асып түскен қосымша және нормадан артық жұмсалынған шығындар
- д) Шығындарды бақылауға байланысты сметада көрсетілген шығындар
- е) Жоспарлы өзіндік құннан асып түскен қосымша, нормадан артық жұмсалынған және нақты жұмсалынған шығындардың соммасы

3. Дт 8410 Кт 1250 – бухгалтерлік жазудың мазмұны:

- а) Көмекші өндірістегі жұмысшылардың іс сапар шығындары есептен шығарылғанда
- ә) Өндірістік қызмет мақсаты үшін іс сапар шығындары есептен шығарылғанда
- б) Негізгі өндірістегі жұмысшылардың іс сапар шығындары есептен шығарылғанда
- в) Ұйымды жабу шығындары есептен шығарылғанда
- г) Ұйым қызметін тоқтатуға байланысты шығындар есептен шығарылғанда
- д) Жалпы әкімшілік мақсаттағы шығындар есептен шығарылғанда
- е) Сату шығындары есептен шығарылғанда

4. Дт 7510 Кт 1310 - бухгалтерлік жазу:

- а) Артық шыққан материалдардың құны
- ә) Кәсіпорын қызметін тоқтатуға байланысты материалдарды есептен шығару
- б) Қоймадан артық шыққан материалдардың құны
- в) Түгендеудің нәтижесінде артық шыққан материалдардың құны
- г) Ұйым қызметін тоқтатуға байланысты материалдарды есептен шығару
- д) Түгендеудің нәтижесінде артық шыққан материалдардың құны жалпы шығыстарға апарылғанда
- е) Ұйымның жалпы қызметін тоқтатуға байланысты материалдарды есептен шығару

5. Дт 7410 Кт 2410 - бухгалтерлік жазудың мазмұны:

- а) Есеп беруге тиісті тұлға арқылы негізгі құралдар сатып алынғанда

- ә) Басқа ұйымдарға негізгі құралдар төлемсіз берілгенде бастапқы құндарының төмендеуі
- б) Негізгі құралдар сатылғанда бастапқы құндарының өсуі
- в) Сату кезінде негізгі құралдарды есептен шығарғанда
- г) Жою кезінде негізгі құралдарды есептен шығарғанда
- д) Негізгі өндірістегі негізгі құралдарды есептен шығарғанда
- е) Қаржылық жалға беру кезінде негізгі құралдарды есептен шығарғанда

6. Негізгі материалдар

- а) Өнім өндіруге кеткен шикізат пен материалдар шығындарының көлемі, олар өздерінің құнын өндірілген өнімнің өзіндік құнына тікелей кіргізеді
 - ә) Өндірісті ұйымдастыруға кеткен негізгі шығындар
 - б) Өнімді дайындауға сатуға байланысты және оның өндірістік өзіндік құнына кіретін барлық материалдар
 - в) Өнімнің жеке түрлерінің қзіндік құнына тікелей еңгізілмейтін және шартты түрде бөлінетін материалдар
 - г) Өнім өндіруге кеткен шикізат пен материалдар шығындарының көлемі, олар өздерінің құнын өндірілген өнімнің өзіндік құнына бірден қосады
 - д) Өнім өндіруге жұмыстар мен қызметтер орындауға кеткен шикізат пен материалдар шығындарының көлемі, олар өздерінің құнын өзіндік құнға тікелей кіргізеді
 - е) Басқаруға кеткен негізгі шығындар

7. Жоспарланатын шығындар:

- а) Нормалар, нормативтер, лимиттер негізінде өнімнің белгілі бір көлеміне есептелген шығындар
 - ә) Нормалар, нормативтер, лимиттер негізінде өнімнің жұмыстар мен қызметтердің белгілі бір көлеміне есептелген шығындар
 - б) Өндірістің нәтижесін бақылауға байланысты сметада көрсетілген шығындар
 - в) Өндірісті бюджеттеуге байланысты сметада көрсетілген шығындар
 - г) Жоспарланатын шығындар – бұл кезең шығыстары
 - д) Өнімнің. Жұмыстар мен қызметтердің белгілі бір көлеміне есептелген шекті шығындар
 - е) Шығындарды бақылауға байланысты сметада көрсетілген шығындар

8. Дт 7210 Кт 3350 - бухгалтерлік жазу:

- а) Жұмыстың тоқтатылғаны үшін кінәсіз жұмысшыларға еңбек ақы есептелді
- ә) Негізгі өндіріс жұмысшыларына еңбек ақы есептелді
- б) Әкімшілік басқару қызметкерлеріне еңбек ақы есептелді
- в) Ұйымның бас менеджеріне есептелген еңбек ақы сомасы
- г) Көмекші өндіріс жұмысшыларына еңбек ақы есептелді
- д) Ұйымның бас есепшісіне есептелген еңбек ақы сомасы
- е) Цех мастеріне еңбек ақы есептелді

9. Жауапкершілік орталығы бойынша есепке алу (шығындар орталығы, пайда орталығы және инвестициялық орталық)

- а) Өнімді сатудан түскен түсімдер, шығыстар, ірі салымдар бойынша шешім қабылдау бойынша менеджер орталығының қызметі
 - ә) Аудитор үшін ақпараттар дайындау
 - б) Есептер арқылы шығыстар мен түсімдер үшін менеджер орталығы жауапты
 - в) Нақты бір күнге қалдық мәліметтері бойынша жүргізіледі
 - г) Салық агенттігі үшін ақпарат дайындалады

- д) Инвестициялық шешім қабылдау үшін ақпараттарды дайындау
- е) Аутсайдерлердің қызметін бағалау үшін ақпараттар дайындау

10. Өтіп кеткен шығындар:

- а) Шешім қабылдауға әсер еткен болашақ шығындар мен табыстар
- ә) Ұйымның табыс алу мақсатында жұмсалған және болашақ табыс әкелу мүмкіндігін жоғалтқан активтер
- б) Босалқыларды бағалауда есепке алынбайтын және кезең шығындар болып қарастырылатын ресурстар
- в) Болашақта ақшалай шығындарды көрсететін шартты шығындар
- г) Қолда бар және болашақта өндіріске жұмсауға жоспарланған шығындар
- д) Табыс алу үшін жұмсалынған шығындар
- е) Табыс алу үшін жұмсалған және болашақта табыс әкелу мүмкіндігін жоғалтқан шаруашылық құралдар

Жауаптар

- 1) **а, ә, б;**
- 2) **ә, г, е;**
- 3) **а, ә, б;**
- 4) **ә, г, е;**
- 5) **в, г, е;**
- 6) **а, г, д;**
- 7) **а, ә, д;**
- 8) **б, в, д;**
- 9) **а, б, д;**
- 10) **ә, д, е.**

ІХ ТАРАУ. ЗИЯНСЫЗДЫҚТЫ ТАЛДАУ ЖӘНЕ КЕШЕНДІ ӨНДІРІС ШЫҒЫНДАРЫНЫҢ ЕСЕБІ

9.1 Өндірістің зиянсыздығын талдау

Өндіріс қызметін жоспарлауда «шығын – көлем – пайда» талдауы жиі пайдаланылады. Егер өндіріс көлемі белгіленсе, онда тапсырыс портфеліне сәйкес осы талдаудың арқасында ұйым баланс ретінде де, таза пайда түрінде де табыстың белгілі бір шамасын алу үшін шығын шамасы мен сату бағасын есептейді. Осы талдаудың көмегімен жарнама шығыны, өнім бағасы немесе материал жабдығы, өндіріс құрылымы өзгергенде өндірістік бағдарламалардың әр түрлі нұсқаларын оңай санауға болады. Басқаша айтқанда, «шығын – көлем – пайда» талдауы өндірістік процестің бір немесе бірнеше параметрлері өзгертіндей болса, қандай дүниеге ие болып қалады дейтін сұраққа жауап алуға мүмкіндік тудырады.

Нарықты қалыптастыру және оны реттеудің әдісін әзірлеу – сұраныс, ұсыныс, баға тәрізді нарықтық элементтердің өзара байланысы мен олардың бір – біріне тәуелділігін анықтайды.

Жүйенің әрбір элементі өндіріс, шығын және табыстылық (маржиналды) факторларының ықпалына тәуелді болып, өзгеріп отырады.

Залалсыздықты талдаудағы мақсат – ұйымның өндірістік қызмет деңгейі (іскерлік белсенділігі) өзгергенде қаржылық нәтижесінің қандай күйде болатынын белгілеу.

Залалсыздықты талдау шығындары тұрақты және өзгермелі деп бөлуге негізделгендіктен, бөлудегі нақтылыққа, яғни бөлудің неғұрлым нақтылығына қарай

қабылданған шешім соғұрлым орнықты болады. Мұндай бөлу өзіне тұрақты ретінде де, өзгермелі ретінде құраушыларды қосатын аралас (жартылай өзгермелі) деп аталатын шығындардың болуын белгілі бір деңгейде қиындатады.

Өндірістің залалсыздығын талдау аз уақыт ішіндегі сату көлемі, шығындар мен пайданың арасындағы өзара байланысты анықтап береді.

Талдау нәтижесі бойынша ұсыныс берілетін кезеңде өндіріс қуаттылығы шектеулі.

Бұл арада басшылыққа өндіріс көлемінің шиеленіскен («өлі») сәтін, яғни сын көтермейтін осал тұсын анықтауға мүмкіндік тудыратын өнім шығарылымының талдауына баса назар аудартады. Барлық өнімді өткізуден түскен түсімге кәсіпорын шығыны тең болатын өткізу көлемінің мұндай сәті, яғни шиеленіскен сәт деп аталады. Бұл жүйеде пайда да, зиян да болмайды. Өндірістің зиянсыздығын талдау «шығындардың-көлемдердің-табыстардың» арақатынасын талдаудың қисынды жалғасы болып табылады.

Ұйым өзінің күнделікті нақты жағдайын талдау барысында, сол өндірістің зиянсыздығын талдауға басты орын береді. Демек, өндірістің зиянсыздығын талдау моделі біршама шектеулер мен болжамдар тұрғысында құрылуы мүмкін. Бірақ ол осындай жағдайларына қарамастан, шешім қабылдау барысында қолданатын ең күшті құрал болып табылады. Зиянсыздықты талдаудың мақсаты – белгілі бір деңгейде өндіріс көлемі (немесе оның өнімділігі) өзгерген жағдайда, қаржылық нәтижесі нендей өзгеріске ұшырайтынын анықтау болып табылады. Зиянсыздық нүктесіндегі деңгейін талдау ол барлық деңгейдегі басшыларға, болашақта дұрыс шешімді қабылдау үшін, шоғырланған түрдегі ақпараттарды береді. Талдаудың бұл түрі тәжірибеде үнемі қолданады, өйткені оның көмегімен әртүрлі балама бағдарламаға күрделі есептеулер жүргізбей-ақ тексеруге болады.

Сындарлы өндіру көлемінде графиктерді пайдаланудың негізгі бағыттарының бірі – ол күтілетін табыстың деңгейін есептеп шығаруды межейді. Бүгінде бизнестің табыстылығын арттырудың бес әдістері бар:

1. Сату бағасын көтеру;
2. Айнымалы шығындарды төмендету;
3. Тұрақты шығындарды төмендету;
4. Сату көлемін арттыру;
5. Сатылатын өнімнің құрылымын жақсарту.

Жүйенің бұл элементтерінің әрқайсысы: шығындарға; табыстылыққа (маржиналдылыққа) және басқа да өндірістің факторларына тәуелді болып келеді. Өндіріс көлемінің, сатудан түсетін жиынтық табыстың, шығындардың және таза табыстың арасындағы тәуелдігін зерттеу мақсатында өндірістің зиянсыздық деңгейін білу үшін талдау жасайды.

Әрбір кәсіпорындағы бақылау жүйесінің өзіндік ерекшелігіне қарамастан, ол мына тұрпатты рәсімдерді қамтуы керек:

- әр өнімнің пайдалылығын қадағалау;
- әр өнім бойынша алынған жалпы пайданы бақылау;
- нақты пайданың болжалдыдан ауытқуын анықтау;
- шығын құрылымының есебі, шектен тыс байқалмайтын шығындарды шығарып тастау;
- жекелеген өнімдерге келетін үстеме шығындардың орнын толтыру есебі;
- бағаны өзгертуде оның сұраныс икемділігіне әсері және кәсіпорында қолданылатын басқа да бақылау рәсімдері.

9.2 Өндірістің ауіпсіздік шегін анықтау

Халықаралық тәжірибеде шиеленіскен сәтті анықтау үшін мына әдістер қолданылады: теңестіру, маржиналдық табыс, графикалық. Осыған орай, бухгалтерлік басқару есебінің жүйесінде залалсыздық нүктесін есептеу үшін тағы да үш әдіс қолданылады:

- Математикалық (теңестіру әдісі);
- Маржиналдық табыс (жалпы пайда);
- Графикалық әдіс.

Математикалық әдіс (теңестіру әдісі) мына формула бойынша таза табысты есептеуге негізделген:

$$\begin{array}{ccccccc} \text{Өнімді} & \text{Өткізудің осы} & \text{Жалпы сомадағы} & & \text{Өнімді өткізуден} \\ \text{өткізуден-} & \text{көлеміндегі} & \text{тұрақты} & = & \text{түскен таза} \\ \text{түскен түсім} & \text{өзгермелі шығын} & \text{шығын} & & \text{табыс} \end{array}$$

Маржиналдық табыс әдісі математикалық әдіске балама болып табылады. Маржиналдық табыстың құрамына пайда мен тұрақты шығын сомасына теңестіріп өткізуі керек. Осы арада тепе – теңдік нүктесіне қол жеткізіледі.

$$\text{Маржиналдық табыс} = \text{Тұрақты шығын}$$

немесе

$$\text{Өнім бірлігінің} \quad * \quad \text{Өнім бірлігінің саны} = \text{Тұрақты шығын}$$

маржиналдық табысы

Бұдан

$$\text{Залалсыздық нүктесі} = \frac{\text{Тұрақты шығын}}{\text{Өнім бірлігінің маржиналдық табысы}}$$

шығады.

Маржиналдық табыс – бұл өнім өткізуден түскен түсім мен өзгермелі шығын арасындағы айырмашылық (егер есеп өткізілген өнімнің барлық көлемінде жүргізілетін болса) немесе өнім бірлігінің сату бағасы мен өнім бірлігіне келетін өзгермелі шығынның арасындағы айырмашылық.

Егер маржиналдық табыстан тұрақты шығынды шегеріп тастаса, онда пайданың шамасы алынады.

$$\text{Табыс} = \text{Маржиналдық табыс} - \text{Тұрақты шығын.}$$

Маржиналдық тәсілдемені ішкі фирмалық жоспарлау мен шешім қабылдаудың аспабы ретінде қарастыруға болады. Ол «шығын – көлем – пайда» талдауын жүргізу үшін керек. Шығын, шаруашылық қызметтің көлемі және пайданың арасындағы өзара байланысты қарастыруды пайдалылықтың табалдырығы деген анықтаумен жиі аталады (өндіріс көлемінің қиын шегі) немесе залалсыздық нүктесі.

Өнім маржиналдығы – бұл түсімге (бағаға) проценттік қатынаста көрінетін, өнім бірлігіне келетін маржиналдық табыс.

Маржиналдық талдау маржиналдық табысты енгізуге және шығындарды тұрақтыға, өзгермеліге топтастыруға негізделген.

Мынаны есте ұстау керек «тұрақты» және «өзгермелі» ұғымдары өнім бірлігінің шығындарына емес, жиынтық шығынға қатысты. Өнім бірлігіне қолдануда кері сурет байқалады; өндіріс көлемі өзгергенде тұрақты шығын өзгеріп, өзгермелі шығын өзгеріссіз қалады.

Мынаны есте ұстау қажет, залалсыздықты талдау барысында бірқатар ұйғарымдар қабылданады. Олардың негізгілері:

- өндіріс көлемі мен сату көлемі бірдей (тең);
- өнім бірлігінің сату бағасы сату көлемінің өзгеруіне қарай өзгермейді;
- қолданылатын материалдың, қызметтің бағалары мен еңбекақы өзгермейді;
- кәсіпорынның шығынын тұрақты және өзгермеліге нақты бөлуге болады;
- тек бір ғана тепе – теңдік (залалсыздық) нүктесі болады;
- өнімнің бір түрі өндіріліп, сатылады және көп номенклатуралы өндірісте сатудың тұрақты құрылымы сақталады;
- тек өндіріс көлемінің қолайлы диапазоны деп аталатын, яғни шығын, сату көлемі және пайданың арақатынасынан анықталатын кәсіпорынның іскер белсенділігінің интервалы талданады. Бұл диапазон болмаса осы заңдылық бұзылуы ықтимал, ал қабылданатын шешім дұрыс болмайды.

Бақылау рәсімдерін пайдалану болжанған пайданы алу үшін өндіріс көлемі қандай болуы керек, нақты пайда шамасына қол жеткізу үшін сатудың қандай бағасын белгілеу керек, кәсіпорын жұмысының қауіпсіздік (залалсыз) шегі қандай, қауіпсіздік аймағы өткізілген өнімнің құрылымы қандай, міне осыларды анықтау қажет.

Өнім бірлігінің сандық есебі залалсыздық нүктесін есепсіз–ақ теңестіруге негізделеді:

$$\frac{\text{Қалаулы пайданы алу үшін сатылған өнім бірлігінің саны}}{\text{Тұрақты шығын} + \text{Қалаулы табыс}} = \frac{\text{Тұрақты шығын} + \text{Қалаулы табыс}}{\text{Өнім бірлігінің бағасы}}$$

Есептеудің тікелей әдісі теңестіру бірден – бір негізі болып табылатын жалпы табыс әдісі деп аталады.

$$\text{Жалпы табыс (маржиналдық табыс)} = \text{Өнімді өткізуден түскен түсім} - \text{Өзгермелі шығын}$$

Мына фактіге назар аударған жөн: шешім белгіленген өндіріс диапазонының шегінде ғана қолайлы болмақ. Бұл диапазонсыз өнім бірлігінің өзгермелі шығыны мен сату бағасы басқаша болады. Кейде талдау үшін қауіпсіздік аймағын, сондай – ақ қауіпсіздік шегінің коэффициентін есептейді.

Қауіпсіздік аймағы = Жоспарланған сату – Залалсыздық нүктесінде өткізу

$$\text{Қауіпсіздік шегінің коэффициенті} = \frac{\text{Жоспарланған сату} + \text{Залалсыздық нүктесінде өткізу}}{\text{Жоспарланған сату}}$$

Залалсыздық нүктесі қауіпсіздік алаңын көрсетеді.

Жалпы талдаудан соң әрбір өнім немесе өнім ассортимент пайдасының жеке салым кестесі жасалады.

$$\text{Өнім пайдалылығы (рентабельность)} = \frac{\text{Өнім бірлігінің маржиналдық табысы}}{\text{Өнім бірлігінің бағасы}} * 100 \%$$

Өнімнің көлемі мен ассортиментіне әлдеқайда кең тарау үшін сегментті есептің көп сатылы деректеріне негізделген сегментті талдау әдісі пайдаланылады. Пайда деңгейі тек өніммен ғана анықталмайды, сондай – ақ әрбір аймақтың жалпы пайда сомасына салынған ақша бойынша да бағаланады. Кәсіпорынның маржиналдық табысының құрылымы нарық аймағы бойынша, ал аймақтың іші - өнім түрлері бойынша есептеледі. Кәсіпкерлік сегменттің бақылау формасы өндірістік бөлімшелер тарапынан әр өнімнің өткізу бағасын белгілеу сияқты рәсімді де қарастырады.

Сондықтан әрбір бөлімшенің пайда сомасына салынатын салым ақша өндірістің тікелей шығынына және кәсіпорынның таза табысының әсеріне емес, жалпы үстеме шығындардың жаппай жиынтықты орнын толтыратын салым ақша ретінде қарастырылады.

Егер өнім ассортименті маржиналдық салым ақшаның және таза табыстың деңгейімен анықталса, онда орташа өзгермелі шығындар сатудағы сияқты тура сондай үйлесіммен өзгереді. Мұндай жағдайда өткізудің жоғары деңгейі шығынды кемітеді.

Сатудың өсуіне өндіріс қуаты жетпейтін болса, онда ол қосымша инвестиция мен жұмысшы күшін іріктеуді қажет етеді және бұл өндірістің тиімділігін төмендететін, шығынды арттыратын салдар тудырады.

Бір атаумен аталатын өнім түрлерін шығаратын кәсіпорынның алдында өнім шығарылымның ассортименті мен оны өткізуді ұтымды жоспарлау міндеті пайда болады.

9.3 Кешенді өндіріс шығындарының есебі

Кешенді өндірістің талдамалық (аналитикалық) есебі әрбір цехта, өнім түрлері (егер олар әрқилы болса) және шығын баптары бойынша жүреді. Шығын номенклатурасы өндірістің күрделілігі мен сипатына тәуелді болып келеді, әдетте, ол өзіне: негізгі материалдарды, көмекші материалдарды, отын-энергетикалық және технологиялық шығыстарды, электр энергиясын, өндіріс мақсаты үшін пайдаланатын буды және суды, негізгі және қосымша жалақыны, жалақыдан аударылатын аударымдарды, үстеме шығыстарды қосады.

Қосымша өндірістің күрделілігі, сондай-ақ шығарылатын өнімнің, біртектестігі немесе біртектес еместігі көмекші өндірістің көрсеткен қызметінің өзіндік құнын есептеу үшін әртүрлі әдісті қолдануға мәжбүр етеді.

Көмекші өндірістің есеп айырысуы мен калькуляциясы біршама ерекшеленеді, өйткені кейбір цехтар бір-бірімен тығыз байланыста болады және тұрақты түрде бір-біріне қызмет көрсетеді: жөндеу-механикалық цехы жүк автомашина цехына ағымдағы жөндеу жұмысын жүзеге асырады, ал автотранспорт цехы жөндеу-механикалық цехына жүкті тасымалдайды.

Автомашинаның ағымдағы жөндеуінің өзіндік құнын есептеу үшін автомашинамен тасымалданатын жүктің өзіндік құнын білу керек, ал тасымалданатын жүктің өзіндік құнын есептеу үшін ағымдағы жөндеудің өзіндік құнын білу керек. Бұл жағдайда, өзіндік құны не математикалық, не есептік өзіндік құн бойынша (немесе өткен айдағы қызмет керсетудің, құны бойынша) есептелінеді. Математикалық әдіс анық болғанымен, іс жүзінде екінші әдісі кеңінен пайдаланылады. Көмекші өндірісте шығындар ай сайын таратылады, сондықтан онда қалдық қалмайды.

Тек жөндеу-механикалық пен аспаптар жасайтын цехтарды қоспағанда, бұл цехтарда ай соңында қалдықтары болуы мүмкін. Бұндай қалдықтарды есептік кезеңнің соңында өндірістік (басқарушылық) бухгалтериядан қаржылық бухгалтериясына беріледі.

Кешенді өндірістің көрсеткен қызметін және атқарған жұмысын тұтынушылар бойынша тарату үшін "Көмекші өндірістің көрсеткен қызметін тарату" деп аталатын талдамалы кестесін жасайды. Онда әрбір көмекші цехтардың жиынтық шығындары, өндірілген өнімнің саны керсетіледі: су қайнататын қазан цехы бойынша-будың тоннасы, компрестік қондырғы- қысылған ауаның куб метрі, электростанция-киловатт/сағаты, автотранспорт- тонна/километр. Содан соң жұмыс пен қызметтің өзіндік құнының бірлігі анықталады. Өзіндік құнның бірлігін анықтаған соң, жұмыс пен қызметті тұтынғандарға таратады.

Көмекші өндірістің өнімінің санын счетчиктердің көрсеткіштері бойынша немесе шамамен (шартты жолымен) анықтайды.

"Көмекші өндіріс қызметін таратудың" талдамалық кестесі үш бөлімнен тұрады.

Бірінші бөлімде өнімнің, жұмыстардың, көрсетілген қызметтердің және көмекші өндірістер шығындарынан, ондағы материалдық құндылықтардың іс жүзіндегі өзіндік құны есептелініп шығарылады және олардың жоспарлы өзіндік құны келтіріледі. Қабылданған және көрсетілген қарама-қарсы қызметтердің өзіндік құны тең болуға тиіс. Екінші бөлімде алынған және көрсетілген қызметтердің саны мен жоспарлы өзіндік құны, негізгі тұтынушыларға босатылған қызметтердің саны мен құны, материалдық шоттарға кіріске алынған құндылықтардың құны көрсетіліп, өнімнің, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің бір өлшемінің өзіндік құны анықталады.

Екінші бөлімнің деректері "Цех шығындарының" негізінде ведомосқа жазылады, содан соң өнімді, жұмысты және қызметті тұтынғандардың шоттары дебеттеледі де, 8210 шоты кредиттеледі.

Үшінші бөлімде көрсетілген қызметтің жабдықтаушысы болып саналмайтын бөімшелердің шығындарының таратылғаны көрсетіледі.

Технологиялық процестің сипатына және шығаратын өнімнің, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің біртектілігіне қарай қосымша өндіріс қарапайым және күрделі болып бөлінеді.

Қарапайым өндіріс біртекті, күрделілігі бірдей өнімдерді шығарады. Оларда, әдетте, аяқталмаған өндіріс пен шалафабрикалар (электр станциялары, бу-қазандық, компрессорлық және оттегі станциялары, автомобиль көлігі) болмайды.

Күрделі өндіріс алуан түрлі өнім түрлерін шығарады, оның аяқталмаған өндірісі болады және бұйымдардың, өнімдердің, жұмыстардың және көрсетілген қызметтердің түрлері бойынша есеп жүргізуді талап етеді. Күрделі өндіріске жөндеу, модельдік (үлгілік), аспаптық, ыдыс цехтары жатады.

Мысал:

Кәсіпорынның құрамында көмекші өндіріс ретінде: автотранспорттық, жөндеу механикалық, бу - қазандық цехтары бар болсын делік. Олардың ішінен жөндеу-механикалық цехы-күрделі цех болып саналады, ал қалған екеуі қарапайым цехтар қатарына жатады.

Ай ішінде көмекші өндіріске мынадай шығындар жатқызылды:

Қарапайым өндірістің калькуляциясы. Қарапайым өндірісінде өнімнің, қызметтің және жұмыстың өзіндік құнының бірлігі ықшамдалған тәсіл бойынша калькуляцияланады: шығарылған өнімге, жұмысқа, қызметке қатысты шығын сомасын сол өнімнің санына бөледі (өзара көрсеткен қызметтерін шегеріп барып).

- Бу қазан цехы. Бу қазан цехының таза өзінің, шығыны 2610080 теңге құраған, ал жөндеу-механикалық цехының көрсеткен қызметі (құрал-жабдықтарды жөндеу бойынша) - 175150 теңге құраған, автотранспорт цехының көрсеткен қызметі (есептік құны бойынша) - 382719 теңге құраған.

1 тонна бұдың есептік өзіндік құны — 185 теңге құраған (өткен айдағы нақты шығындарының деңгейінен алынған).

Ағымдағы айда жылжыту үшін 14397 тонна бу шығарылған, енді ол счетчиктердің көрсеткішіне сәйкес тұтынушылардың арасына таратылады:

Негізгі тұтынушыларға көрсетілген қызметтің нақты өзіндік құны 2920049 теңге құраған: 2610080 + 175150 + 382719 - 1340 x 185 (жоспарлы өзіндік құны бойынша жөндеу-механикалық цехының көрсеткен қызметі). Негізгі тұтынушыларға көрсетілген қызметтің нақты өзіндік құнының бірлігі 223,64 теңгеге тең болған (2920049 : 13057).

Негізгі тұтынушыларға көрсетілген қызметтің нақты өзіндік құны туралы мәліметтің (223,64 теңге) және тұтынылған қызметтің саны туралы ақпараттың негізінде бу қазанының шығындары тиісті тұтынушылары бойынша есептен шығарылады.

- Автотранспорт цехы. Автотранспорт цехының тасымалдаған жүгінің саны 18957 ткм құраған (ағымдағы айдың жол парағының мәліметі бойынша). Ал автотранспорт цехының өзі жасаған шығын 3414419 теңге құраған, қарама-қарсы қабылданған қызметтің деңгейі — 253861 теңге құраған Өткен айдың нақты өзіндік құны туралы мәлімет бойынша бір т/км-дің жоспарлы өзіндік құны 193 теңге құраған.

Жоспарлы өзіндік құн бойынша қарсы көрсетілген қызметтің сомасы цехтар бойынша мынаны құраған:

бу қазан цехы бойынша - 382719 теңге (1983 т/кмх193);

жөндеу-механикалық цехы бойынша — 100360 теңге (520 т/кмх193).

Жоғарыда келтірілген мәліметтер бойынша негізгі тұтынушыларға көрсетілген қызметтің нақты өзіндік құнының сомасы 3185021 теңге құраған (3414419+253681-382719-100360). Негізгі тұтынушыға көрсетілген қызметтің көлемі 16454 т/км құраған (18957-1983-520). Негізгі тұтынушылар бойынша шығындардың, жалпы деңгейін (3185021) негізгі тұтынушыларға көрсетілген қызметтің көлеміне (16454) бөлеміз де, 1 т/км нақты өзіндік құнын табамыз, ал ол біздің мысалда — 193,57 теңге құраған (3185021:16454).

Жасалған калькуляцияның және жол парағының негізінде транспорттық қызметті тасымалданған жүктің т/км бойынша есептелген санына пара-пар (пропорционалды) етіп тұтынушылардың арасына таратылады.

Кешенді өндірістің калькуляциясы. Шығындардың талдамалық есебі жөндеу түрлері және жөнделетін объектілер бойынша, дайындалған аспаптар, керек-жарақтар, модельдер (үлгілер) түрлері немесе топтары бойынша жүргізіледі. Әрбір есеп (калькуляция) объектісіне талдамалық есеп ведомосы немесе карточкасы ашылады. Онда айдың басындағы аяқталмаған өндіріс қалдықтары, ағымдағы ай ішіндегі шығындар, есепке алынған шығындарды азайту тәртібімен есептеп шығару (материалдардың қайтарылуы, өндіріс қалдықтары), дайын өнімді кіріске алу, атқарылған жұмыстар мен көрсетілген қызметтердің құнын есептеп шығару, ай соңындағы аяқталмаған өндіріс қалдықтары көрсетіледі.

Жеке орындауға қабылданған цех тапсырысы тапсырыстар кітабына жазылады және олар белгіленген мерзімде орындалуы тиіс. Накладнойда, жұмысшының нарядында және басқа құжаттарда тапсырыстың нөмірі көрсетіледі. Бұл жұмсалған әрбір шығынды тиісті тапсырысқа жатқызуға қажет. Материалдар бір тапсырысқа қажет шегінде қоймадан босатылады. Пайдаланбаған материалдар тапсырысты орындағаннан кейін қоймаға қайтарылады және сол қайтарылған материалдардың құнына тапсырыстың шығыны азайтылады.

Әрбір тапсырыстың өзіндік құны цех мәліметтерінің негізінде бухгалтерияда есептелінеді. Өзіндік құнның калькуляциялық-карточкасының негізінде ай сайын 920 шоттың кредитінен тиісті тұтынушыларға есептен шығарылып отырады.

Мысалға, жөндеу-механикалық цехының еңбеккерлері негізгі цехтың (кесу және пішу) құрал-жабдықтарына күрделі жөндеу жұмысын жүргізген, сондай-ақ бу қазан және автотранспорт цехтарына ағымдағы жөндеу жұмысын жүргізген және олардың өндірісіне қажет құрал-саймандарды әзірлеген.

Накладной мен нарядтың негізінде жұмыс түрі мен тұтынушылары бойынша тапсырыстарды топтастырады, содан соң бүкіл жөндеу-механикалық цехы бойынша шығындарын анықтайды, олар келесі түрде жасалады:

Бу қазаны мен автотранспорт цехының жөндеу-механикалық цехына көрсеткен қызметі қарама-қарсы қабылданған өткен айдағы қызметтің нақты өзіндік құны туралы мәліметтің негізінде анықталған есептік құны бойынша көрсетілген:

- бір т/км өзіндік құны — 193 теңге;

- бір тонна будың өзіндік құны - 185 теңге.

Күрделі және көмекші өндірістеріндегі өнімнің, жұмыстың, қызметтің өзіндік құнын дұрыс есептеу үшін аяқталмаған өндірістің деңгейін анықтаудың үлкен маңызы

бар екенін атап өткен абзал. Нақтылап айтқанда, осы екі әдіс бойынша, яғни: іс жүзіндегі өзіндік құны бойынша да, есептеп шығару жолымен де бағалауға болады.

Күрделі көмекші өндірістердегі өнімнің, жұмыстар мен көрсетілген қызметтердің іс жүзіндегі өзіндік құны әрбір талдамалық (аналитикалық) шот (тапсырысы) бойынша анықталады. Бұл үшін, әдетте, әрбір талдамалық шот бойынша аяқталмаған өндіріс қалдығына осы шоттың бір ай ішіндегі есепке алынған шығындары қосылады және айдың соңында аяқталмаған өндірістің сомасы алынып тасталынады. Осыдан келіп шыққан айырмашылығы шығарылған өнімнің, жұмыстар мен көрсетілген қызметтердің іс жүзіндегі өзіндік құнын құрайды.

Көмекші өндіріс қызметін тарату кестесін жасаған кезде оның бірінші бөлімінде негізгі тұтынушының көрсеткен қызметінің нақты өзіндік құны анықталады.

Алдымен негізгі тұтынушының тұтынған қызметін табады (ол бойынша мысалы: бу қазаны бойынша - 13057, ал автотранспорт цехы бойынша - 16454 болады). Содан соң негізгі тұтынушының көрсеткен қызметінің нақты өзіндік құнын (2920049; 3185021) сол тұтынушының тұтынған қызмет санына бөледі (13057; 16454). Егер де біз жоғарыда алынған қызметтің өіндік құнының бірлігін (223,64) көмекші өндірістің көрсеткен қызметінің санына көбейтсек (13057), нәтижесінде, негізгі тұтынушының көрсеткен қызметінің нақты өзіндік құнының сомасын аламыз. Онда әрбір цех бойынша жоспарлы өзіндік құны көрсетілген.

Өзін өзі бақылау сұрақтары

1. Өндірістің зиянсыздығын талдау әдістері
2. «Критикалық нүкте» қалай табылады?
3. Зиянсыздықтың модельдері
4. Залалсыздықты талдау барысында қалыптасқан ұйғарымдар
5. Залалсыздықты талдаудағы мақсат не?
6. Залалсыздықты талдау барысында тұрақты шығындар деп не шығындарды айтады?
7. Залалсыздықты талдау барысында өзгермелі шығындар деп не шығындарды айтады?
8. Залалсыздықты талдау барысында аралас шығындар деп не шығындарды айтады?
9. Зиянсыздық нүктесі дегеніміз не?
10. Бүгінде бизнестің табыстылығын арттырудың қандай жолдары бар?
11. Өндірістің зиянсыздық деңгейін дегеніміз не?
12. Халықаралық тәжірибеде шиеленіскен сәтті анықтаудың қандай әдістері бар?
13. Кешенді өндіріс шығындарының есебі қалай жүргізіледі?
14. Қосалқы өнімнің өзіндік құнын калькуляциялау қалай анықталады?
15. Өндірістік шығындар есебіндегі өлшемдер мен құжаттар.

Өзін өзі бақылау тестілері

1. Жалпы пайданың деңгейіне факторлар әсері:

- а) Өткен жылғы алынған пайда сомасы
- ә) Өткен жылғы өндірілген өнім көлемі
- б) Өнімді сатудан түскен түсімнің ауытқуы
- в) Өндірістік шығындардың нормадан ауытқуы
- г) Өткен жылғы алынған зиян сомасы
- д) Өнімді сату бойынша шығындардың нормадан ауытқуы
- е) Өткен жылғы таза пайда сомасы

2. Залалсыздықтың нүктесі сипатталады:

- а) Тұрақты шығындар табыс
- ә) Түсімде жоқ залал да жоқ
- б) Баға ауыспалы шығындар
- в) Табыс үлкен шығындар
- г) Түсім үлкен зиян
- д) Түсім жалпы шығындар
- е) Табыс та зиян да жоқ

3. Өтеушіліктің ішкі коэффициенті анықталады:

- а) Нақты ақша қаражаттарының таза түсімі - күрделі салым бойынша бастапқы инвестициялық кірістер
- ә) Нақты ақша қаражаттарының таза шығысы - күрделі салым бойынша бастапқы инвестициялық шығындар
- б) Белгілі бір кезеңдегі кірістер - осы кезеңдегі шығындар / Дисконт нормасы
- в) Белгілі бір кезеңдегі кірістер- осы кезеңдегі шығыстар / Дисконт нормасы
- г) Белгілі бір кезеңдегі табыстар - осы кезеңдегі шығындар/ Дисконт нормасы
- д) Нақты ақша қаражаттарының шығысы - күрделі салым бойынша бастапқы инвестициялық табыстар
- е) Нақты ақша қаражаттарының таза түсімі - күрделі салым бойынша бастапқы инвестициялық зияндар

4. Өндіріс көлеміне қатысты басқару шешімдерінің негізделуі:

- а) Ұйымның қаржылық есептілік ақпараттарына
- ә) Өткен жылғы алынған пайда көлеміне
- б) Өткен жылғы алынған пайда немесе зиян көлеміне
- в) Өткен жылғы жіберіп алынған мүмкіндіктер
- г) Қаржылық есеп берудің ақпараттарына
- д) Өткен жылғы өндіріс көлеміне
- е) Қаржылық есептіліктің мәліметтеріне

5. Пайдалылық индексі анықталады:

- а) Түсімдердің ағымдағы құны / жоба бойынша жылдық шығын сомасы
- ә) Түсімдердің ағымдағы құны / жоба бойынша инвестициялық шығындардың орташа сомасы
- б) Жобаға салынған шығындардың орташа сомасы / жоба бойынша жылдық пайда
- в) Жобаға салған шығындардың орташа сомасы / жоба бойынша жылдық табыс сомасы
- г) Инвестициялық жоба бойынша түсімдердің ағымдағы құны / жоба бойынша инвестициялық шығындардың орташа сомасы
- д) Түсімдердің ағымдағы құны / жоба бойынша инвестициялық шығындардың орташа құны
- е) Түсімдердің ағымдағы құны – жоба бойынша жылдық зиян

6. Материалдарды тасымалдау бойынша жабдықтаушылар қызметі:

- а) Дт 8410 "үстеме шығыстар"
 - ә) 1310 "шикізаттар мен материалдар" шотының дебетіне Перемешивать
- ответы:
- б) 1310 "шикізаттар мен материалдар" шотына
 - в) Дт 1310 "шикізаттар мен материалдар"

- г) 7110 "сату шығындары " шотына
- д) Дт 1310 "шикізаттар мен материалдар " шығысына
- е) Дт 8110 "негізгі өндіріс"

7.Ұйымның зиянсыздығын талдау кезінде таза пайда анықталады:

- а) Өткізуден түсім +өнім өндірісіне жұмсалынған өзгәрмелі шығындар - тұрақты шығындар
- ә) Өткізуден түсім - өнім өндірісіне жұмсалынған өзгәрмелі шығындар - шартты айнымалы шығындар Перемешивать ответы:
- б) Сатудан түсім - өзгәрмелі шығындар - тұрақты шығындар
- в) Өткізуден түсім +өнім өндірісіне жұмсалынған өзгәрмелі шығындар +тұрақты шығындар
- г) Өткізуден түсім - өнім өндірісіне жұмсалынған өзгәрмелі шығындар - тұрақты шығындар
- д) Өткізуден түсім +өнім өндірісіне жұмсалынған өзгәрмелі шығындар - тұрақты шығындар
- е) Өткізуден түсім -өнім өндірісіне жұмсалынған өзгәрмелі шығындар - шартты тұрақты шығындар

8.Дайын өнім өндірісіндегі нормадан артық жұмсалынған материалдық шығындар:

- а) Өнімнің өзіндік құнына
- ә) Қорытынды зиянға
- б) Қорытынды пайдаға
- в) Жалпы табысқа
- г) Негізгі өндіріс шығындарына
- д) Кезең шығындарына
- е) Негізгі өндірістегі өнімнің өзіндік құнына

9. Өнімнің маржиналдылығы:

- а) Маржиналдық кіріс / өнім көлемі *100%
- ә) Маржиналдық кіріс / таза табыс көлемі *100%
- б) Маржиналдық кіріс / жалпы табыс көлемі *100%
- в) Маржиналдық кіріс / өзіндік құн *100%
- г) Маржиналдық кіріс / шығын көлемі *100%
- д) Маржиналдық табыс / өнім көлемі *100%
- е) Маржиналдық кіріс / өндірілген өнім көлемі *100%

10. Залалсыздықты маржиналдық табысты есептеуге болады:

- а) Жалпы табыстан жиынтық тұрақты шығын айырмасы
- ә) Түсімнен жиынтық өзгәрмелі шығынның айырмасы
- б) Түсімнен жалпы шығындар айырмасы
- в) Сатудан түскен түсімнен жиынтық айнымалы шығынның айырмасы
- г) Түсімнен ауыспалы шартты ауыспалы шығынның айырмасы
- д) Операционды табыстан кезең шығындарының айырмасы
- е) Түсімнен жиынтық шартты ауыспалы шығынның айырмасы

Жауаптар

- 1) б, в, д;
- 2) ә, д, е;
- 3) б, в, г;

- 4) а, г, е;
- 5) ә, г, д;
- 6) ә, б, в;
- 7) а, б, е;
- 8) а, г, е;
- 9) а, д, е;
- 10) ә, в, г.

X ТАРАУ. БЮДЖЕТТЕУ, БЮДЖЕТ ТҮРЛЕРІ ЖӘНЕ БЮДЖЕТТІК БАҚЫЛАУ

10.1 Бюджет анықтамасы және мәні

Басқарушы есеп басқарушылық шешімдердің тиімділігін алдын ала бағалауға, оптималды түрде ресурстарды бөлімшелер арасында бөлуге, ұйымның даму жолдарын белгілеуге және дағдарыс жағдайын болдырмауға қолайлы жағдай туғызатын бюджеттеу жүйесіне сүйенеді.

Бюджет - бұл бөлімшелердің және ұйымның қызметін толығымен сандық көріністе көрсететін жоспарлы көрсеткіштер.

Батыс елдерінің басқарушы есебінде кездесетін "бюджет" термині біздегі "смета" терминіне жақын ұғым екенінде дау жоқ. Кейде басқарушы есебіндегі "бюджет" ұғымын "жоспар" ұғымының синонимі ретінде пайдаланады.

Бюджет - жорамалданған әрекеттерді орындауға дейін жасалатын қаржылық құжат болып табылады. Осы әрекет болашақ қаржылық операцияның болжамы ретінде саналып, содан соң ол бюджеттеу кезеңіне өтеді. Басқару есебіндегі бюджеттеуді жоспарлау процесі деп түсіндіріледі. Жоспарлау процесі бақылау процесімен тығыз байланысты. Жоспарлау мен бақылау ұйымды басқарудың ең қажет атрибуттары болып табылады.

Бұл кезде басқару деп белгіленген жоспарға сәйкес, ұйымның өз мақсатына жету үшін жасалатын қызметтің қамтамасыз етілгенін айтады. Басқарудың кейбір жекелеген түрлерін, яғни олардың нақты мазмұндылық қызметін практиктер мен теоретиктер әртүрлі бағалайды.

Жалпы алғанда шешім қабылдау процесін, еркін қалыптасатын процесс іспеттес, болашақпен байланысты жасалатын жоспарлау процессі ретінде қарастыруға болады. Осыдан, жоспарлауды кең мағынада қарастырсақ, онда ол болашақтағы оқиғалармен байланысты болатын басқарушылық шешімдерін жүйелі түрде дайындау негізінде қабылданатындығын білдіреді, ал оны шұғыл мағынада ұғынатын болсақ, онда ол болашақтағы оқиғаларды анықтаумен байланысты, тек ағымдағы шаралардың болашақтағы шешімдерімен үлесімді дайындалғанын көрсетеді.

Жоспарлаудың басты мағынасы ол жұмыстың тиімділігі мен өнімділігін арттырудан тұрады, ал олар өз кезегінде мыналар арқылы жүзеге асырылады:

- ұйымдағы барлық оқиғаларды үйлестіру және мақсатты бағдарлау;
- тәуекелділікті анықтау және олардың деңгейін төмендету;
- бөлшектеу, демек соның арқасында процестерді оңайлату;
- өзгеріске бейімдеу, икемділігін арттыру.

Сондықтан біз бюджетті басқаруды интеграция мен координация тұрғысынан қарастырамыз. Координация - бұл белгіленген мақсаттарға жету үшін ұйымның функциональды бөлімшелері мен цехтары бойынша, өндірістің барлық факторларын теңгеру және олардың қолайлы жағдайын тауып алу. Координация тұжырымдамасының байымдауынша, мысалы, жабдықтау бөлімі өзінің жоспарларын өндірістік қажеттіліктермен интеграциялайды, ал өндірісті басқару бөлімі болса, олар құрал-жабдықтардың пайдалануын және персоналдардың тұтынуын жоспарлау үшін сату бюджетімен байланыстырады. Ұйым басшыларының мүдделері менеджерлердің мүдделерімен қақтығыспауын қадағалап отырады. Өйткені, жоспарлау жүйесі жаңа көкжиектерді түсінуге және өндірісті ұлғайтуға, сәтсіздіктерден сақтануға көмектеседі. Одан басқа да, бюджеттелетін қызметтер ұйымның тұтас жылдық циклін қамтуы мүмкін, бұл жерде басшы жаңа жылдың бюджетін үйлестіреді және талқылайды, содан соң ұйым ішіндегі әртүрлі бөлімдердің, топтардың және цехтардың нақты өнімділік көрсеткіштерін қадағалайды. Бұл жыл сайынғы қайталанатын процестің жиынтық шоттары емес, керісінше, ақша қаражаттарының қозғалысын және міндеттемелерге тиесілі тоқсан сайын, тіптен ай сайын қажет бюджеттерін жасауға бағытталған іс-әрекеті. Демек, жоспарлау ұйымды басқарудың бірінші кезектегі технологиясы. Бюджеттеу процесі ұйымда мынадай ретінде қолданылады:

1. Потенциалды нарықтық мүмкіндіктер тұрғысынан ұйымдардың пайдаланған ресурстарын жоспарлау әдісі;

2. Болжау бойынша ұйымның қызметін үнемі және жүйелі қадағалап отыратын құралы (негізінен бұл болжау бюджеттің жоспарлық аспектісімен үйлестіріліп жасалады);

3. Ұйымның ішкі әр түрлі топтарының қызметін бақылау құралы;

4. Ұйымның мақсатына жетуге арналған жергілікті жердегі басшыларды ұмтылдыратын желісі;

5. Жоғарыдағы басшымен субъект ішіндегі басқа да мүдделі топтардың ынталары мен ұмтылыстарын байланыстыратын құралы;

6. Ұйым ішінде әртүрлі мүдделі топтардың арасындағы қақтығыстарды шешетін құралы;

Осы алты алғы шарттардан шығындардың жіктелуі сияқты, бюджеттеу де басқарудың әртүрлі мақсаттарына жауап беретіндігін түсінуге болады.

Осы алты негізі себептерді зерттей келе, яғни ондағы бюджеттеудің көрініс табуы, келесідей әрекеттердің пайда болуымен, атап айтсақ: өндірістің жоспарлануын жөнге қою үшін технологияларды ірікеу процесімен; қажет инвестицияның деңгейін белгілеумен және ұйым қаржыландырудың нысандармен байланысты.

Сосын материалдық ресурстармен жабдықтау; құрал-жабдықтарын монтаждау; білекті мамандарды іріктеу, дайындау және жұмысқа алу; ШС-ін басқарудың ұйымдық оптимальды құрылымын жасау және т.б осы сияқты өндірісті

жөнге қоюдың ұйымдық-техникалық және экономикалық шаралар бойынша кешенді жұмыстарын жүргізеді. Осы аталған барлық жұмыстарды аяқтағаннан кейін оларды тақтылайды және ұйымның белгіленген мақсатына жету үшін функционалдық бөлімдер мен цехтар бойынша өндірістің барлық факторларын баланстайды. Әр бөлім өз жоспарын өндіріс қажеттіліктерімен интегралдайды және бір мезгілде орындаушыларға жауапкершілікті бекітеді, сондай-ақ коммуникация мәселелерін, ұйымның құрылымдық әлсіз буындарын анықтайды.

Шаруашылық жағдайының өзгерісі кезінде әкімшілік пен менеджерлер тарапынан икемді бюджеттерді пайдалану қарастырады. Әдетте бюджет бір жылға, тоқсанға, айға жасалынады. Көптеген ұйымда "тайғанақ" (айнымалы) бюджеттер жасалынады: жеткілікті ұзақ уақыт кезеңіне жасалған бюджет жылға орындау процесінде түзетіледі (мыс: ай сайын). Бұндай түзетулер, шаруашылық жұмысында өзгеретін жағдайды дәл ескеруге мүмкіндік береді.

Ұйымдағы бюджеттің жасалу процесін бюджеттік цикл деп атайды және ол мына кезеңдерден тұрады:

- жалпы ұйымның және құрылымдық бөлімшелерінің қызметін жоспарлау;
- шаруашылық қызметті бағалау кезінде пайдаланатын көрсеткіштерді анықтау;
- жаңа оқиғалардың пайда болуына байланысты, жоспарға енетін өзгерістерді талқылау;
- ұсынылған түзетулерді ескере отырып жоспарларды түзету.

10.2 Бюджет түрлері және оларды жасау ерекшеліктері

Бюджеттер кең мағынада екі негізгі бөліктен тұрады: ағымдағы бюджеттер, яғни ұйымның өндірістік қызметін көрсететін бюджет, қаржылық есеп берудің болжамын көрсететін қаржылық жоспар.

Негізінде өндіріс процесі жаңа өнім шығаруға арналған. Бұл процесте жұмысшылар еңбегімен еңбек құралын пайдаланып, еңбек заттарынан жаңа өнім шығарады. Өндіріс процесінде экономикалық тұлға - ол адам еңбегі, еңбек құрал-жабдығы шығыны, еңбек материалдары қосылып жаңа өндіріс шығынын құрайды. Бұл экономикалық элементтердің нақты нұсқасы жаңа өнім шығыны ретінде үш түрге бөлінеді. Олар - жұмысшылар еңбек ақысы, өндіріс материалдарының құны және өндіріс процесіне қатысатын еңбек құралдарының амортизациясы.

Өндіріс процесіне қатысты бұл шығындарды өндірістің негізгі немесе тікелей шығындары деп атайды. Бұл шығындардан басқа өндіріс процесінде қосалқы шығындар болады, оларды өндірісті басқару және өндіріске қызмет ету шығындары деп аталады. Өз кезегінде, осы өндіріс процесінің қосалқы шығындары күрделі екі топқа бөлінеді: жалпы өндіріс шығыны және жалпы шаруашылық шығыны болып табылады.

Ал енді, осы өндіріс процесіне қатысты шығындардың бәрі қосылып өндіріс өнімінің нақты өзіндік құнын құрайды. Немесе осы шығындардың қорытындысының жиынтығын жаңа өнімнің өндірістік өзіндік құны деп атайды.

Өндіріс процесінің ең соңғы нәтижесі ол жаңа өнім.

Операциялық бюджет - ұйымның шаруашылық қызметінің арнайы техникалық - экономикалық көрсеткіштері арқылы баяндалады, онда оның сатып алынатын материалдық ресурстарының бағасы, сатылатын өнімнің бағасы, өнімді сатудың көлемі, өндіріс көлемі, өндірістік - шаруашылық қызметінің кезеңі және басқа да жекелеген жақтары сипатталады.

Операциялық бюджет келесідей жоспарлы құжаттардан тұрады:

1. Сату бюджеті;
2. Өндіріс бюджеті;
3. Тікелей материалдық шығындардың бюджеті;

4. Тікелей материалдық ресурстарды сатып алудың жоспары;
5. Тікелей еңбек шығындарының сметасы;
6. Жоспарлы кезең аяғына қалатын өндірістік және тауарлы қорлардың жоспары;
7. Сатылған өнімнің өзіндік құнындағы тікелей және үстеме шығындардың сметасы;
8. Сатылған өнімнің өзіндік құнындағы жалпы әкімшілік шығындарының сметасы;
9. Операциялық қаржылық нәтижесінің жиынтық есебі.

Бюджеттің атқаратын қызметі (функциясы) бақылау мен бағалаудың құралы ретінде, ол нақты көрсеткіштерді болжамдық көрсеткіштермен салыстырғанда ғана шаруашылық етуші субъектісінің қызметін аша түседі.

Жоспарлауда, есеп пен талдауда тұрақты және айналмалы шығындардың жеке есебі жолымен пайданы анықтау мен болжамдаудың қарапайым және сенімді әдісі бар. Бұл әдістің мәні келесіде:

1. Экономикалық объектінің (өндіріс, өткізу, әкімшілік және қаржылық шығындар) функциясына қатысы бойынша шығындар элементтерін бөлу, сондай – ақ қысқа мерзімді кезеңде өндірістің жағымды шарттары кезінде өндіріс пен өткізудің көлемінің өзгерісіне байланысты көлемдері өзгертін тұрақты және айнымалы шығындарға шығындар элементінің бөлінісі.

2. Айнымалы шығындардың өнімнің өзіндік құнына жатқызылуы. Өнімді өткізуден түскен табыс пен оның өзіндік құны арасындағы айырма маржиналдық табысты, яғни тұрақты шығындарды жабуға дейін өнімнен түскен табысты білдіреді. Өйткені айнымалы шығындар экономикалық объектінің қызметінің нәтижесі болып табылатындықтан, онда оларды өнімнің өзіндік құнына жатқызу қажет болады.

3. Тұрақты шығындар олардың пайда болу кезеңіне табыстар мен шығындар есебіне жатқызылады және өнімді өткізуден түскен табысты алу үшін табыстардың жалпы шотынан алынады.

4. Аяқталмаған өндіріс пен өткізілмеген өнім (кезең басында және аяғында) айнымалы шығындар бойынша бағаланады. Осыған байланысты келесілерді атап өту керек:

- өткізілген, сондай – ақ өткізілмеген өнім мен аяқталмаған өндірістің өзіндік құнына айнымалы шығындар жатқызылатындықтан, ал өндіріс пен өткізуге кеткен тұрақты шығындар пайда мен шығын шотына жатқызылса, онда ешқандай есепке алынбаған шығындар қалмайды;
- айнымалы шығындар тікелей және жанама шығындардың бөлігін қосатындықтан, бұл әдіс жанама айнымалы шығындардың үлестіру мәселесін шешуге көмектеседі;
- өнімнің айнымалы өзіндік құны өте маңызды болып келеді, өйткені өнімді сату үшін минимальды баға болып табылады. Өнімнің өзіндік құнына айнымалы шығындардың элементтерінің көлемінің өзгерісі әсер ететіндіктен және қысқа мерзімді кезеңде тұрақты шығындар көлемінің өзгерісін өткізу мүмкін емес болғандықтан, бұл табыс пен пайда тұрақты шығындардың нәтижесі емес, айнымалы шығындардың нәтижесі болып табылатынын білдіреді. Маржиналдық табыс сомасы өндірістің бар немесе жоғына қарамастан пайда болатын тұрақты шығындардың барлығын немесе бір бөлігін жабуда қатысады. Осыған маркетингте маржиналдық табыс пен өндіріс көлемінің шекті нүкте әдісі негізделген.

10.3 Басқару шешімдерін қабылдау

Ұйым басқарушы есеп жүйесін енгізу туралы шешімді қабылдау үшін, алдымен біршама дайындық жұмыстарын жүргізу керек. Басқарушы есепті өндіріске енгізудің басты себептері болып мыналар табылады:

- ұйымның іс-әрекетінің негізгі тиімділік көрсеткіштерінің нашарлауы: табыс, капитал мен айналым рентабельділігі, өтімділік және т.б.;

- ұйымның менеджментіне ұсынылатын талаптардың өз деңгейінде болмауы, калькуляциялау мен талдау, жоспарлаудың ескірген әдістері;

- ұйымда қолданып жүрген басқару мәнері мен есеп пен талдаудың әдістері менеджерлерді қанағаттандырмауы (мысалы, жекелеген өнімдер бойынша нақты сату тиімділігіне қатысты нақтылықтың жоқтығы немесе олардың топтарында, немесе жекелеген бөлімшелердің істерінде тиімділіктің нақты көрініс таппауы т.б.);

- ұйымда жекелеген бөлімдер арасында орындалған жұмыстар мен келісілген шарттардың үйлесімділігінің жоқтығы;

- жаңа жағдайда қызмет етуге бейімсіздігі және бюджеттеудің жоқтығы т.б.

Бірақ басқарушы есеп жүйесін енгізу үшін, ұйымда қолайлы жағдай пісіп жетілуі керек. Егерде оның қызметіндегі негізгі көрсеткіштер нашар-лай бастаса, онда аталған шешім қабылданбайды, бірақ осындай кезеңнің алғашқы сатысында (яғни, дабыл қаға бастаған шағында) ол қабылдануы мүмкін. Өйткені басқарушы есеп жүйесін енгізу процесі көп еңбек пен қара-жатты талап етеді. Бірақ ондай шешім қабылдар алдында, ұйымдағы психо-логиялық ахуалды да зерттеген жөн. Басқарушы есеп жүйесін дайындау туралы шешім қабылданып, орында-ушылар тағайындалған соң, басқарушы есептің инструменталдық базасы қалыптастырылады. Басқарушы есеп құралдарын менеджмент тәжірибесіне енгізуден бұрын, оларды ұйым нақты жағдайларына бейімдеу және әзірлеу керек. Бірінші кезекте келесі көрсеткіштерді есептеу мәселесі қозғалады:

- шығындарды: айнымалы және тұрақты етіп бөлу;

- ұйымда жоспарлау немесе бюджеттеу жүйесін (мұнда стратегиялық та, жедел жоспарлауда) қалыптастыру;

- өнімдер мен шығындардың пайда болу орындары бойынша шығындарды есептеу;

- шағымдағы қызметтері мен инвестициялардың тиімділігін есеіпсу;

- жоспарлы және нақты көрсеткіштердің ауытқуларын талдау.

Басқарушы есептің бұл аталған құралдары (инструменттері) бойынша сәйкес есептеулер арнайы әдебиеттерінде келтірілген. Егерде бұл әзірленген инструменттер (құралдар) қолданушылардың ойынан шықпаса, онда оны одан әрі жетілдіру мәселесі қозғалады. Бұл арада шығындарды айнымалы және тұрақты етіп бөлудің мәселесі үлкен пікір сайысты туғызуы мүмкін. Аталған мәселе көптеген шаруашылықтарда бүгіннің өзінде жүзеге асырыла бастады. Сондықтан кез келген шаруашылық нарықтың қатан занына төзіп беру үшін, оның кейбір талаптарына бейімделуі керек:

- талданатын объектілері нақты және түсінікті болуы;

- ұйымдағы бөлімшелердің қызметінің нәтижелеріне берілген түсініктемесі (интерпретациясы) менеджерлер үшін дәлелді болуы;

- тексерушілерде (бақылаушыларда) белгілі бір тәуелсіздікке ие болуы және олардың аргументациясының орынды болуы;

- "клиенттер" (менеджерлер) тарапынан бақылаушыларға достық сеніммен қарауы;

- коммуникация мен ынтымақтастықты қатар алып жүруі.

Бұл кезең өте ұзаққа, шамамен үш жылға дейін созылуы мүмкін. Бұл кезеңдерден кейін орнықты кезеңі (фазасы) басталады және ол келесідей белгілерімен көрінеді:

- бухгалтер-талдаушылардың қызметіне менеджерлердің сенімі артады, соның арқасында олардың бірлескен жұмыстары және коммуникациясының көлемі өседі және бөлімшелердің жұмыс нәтижесі айтарлықтай жақсарады;

- басқарушы есептің қызметтері ШС-нің ұйымдастырушылық құрылымында, олар ең жоғары иерархиялық деңгейіне ие болады және шешілетін мәселелердің спектрі ұлғаяды;

- бақылау-аналитиктері менеджерлердің жақсы серіктесі бола бастайды және барлық жерде басқарушы есептің тиімділігі туралы пікірлер таратыла бастайды

Өнім ассортименті мен өндіріс көлеміне қатысты басқарушылық шешім қаржылық есеп берудің ақпараты негізінде қабылданады. Үлкен ассортиментпен өнім шығаратын кәсіпорын оны әр түрлі жолдармен геофикалық, территориялық орналасуы әрқилы тұтынушыларға сатады: үлкен және кіші мөлшерде, көтерме сауда және бөлшек сауда арқылы, жеткізумен және жеткізусіз және т.б. Мұндай тәжірибе өнім түрлері және нарық сегменті бойынша алынатын табыс туралы жеке есеп беруді талап етеді.

Жекелеген сегмент бойынша қаржылық есеп беру өзіне жалпы соманы қосу керек және кәсіпорынның жалпы қаржылық есеп беруінде жазылуы қажет.

Әрбір өндірістік бөлімшелердің шығыны кәсіпорынның барлық деңгейіндегі өндірістік шығынның бір бөлігі болып табылады және ол өндіріс тиімділігімен, өнім түрлерімен, жұмыс уақытының толық пайдаланылуымен және т.б. бақылануы керек.

Әрбір кәсіпорындағы бақылау жүйесінің өзіндік ерекшелігіне қарамастан, ол мына тұрпатты рәсімдерді қамтуы керек:

- әр өнімнің пайдалылығын қадағалау;
- әр өнім бойынша алынған жалпы пайданы бақылау;
- нақты пайданың болжалдыдан ауытқуын анықтау;
- шығын құрылымының есебі, шектен тыс байқалмайтын шығындарды шығарып тастау;
- жекелеген өнімдерге келетін үстеме шығындардың орнын толтыру есебі;
- бағаны өзгертуде оның сұраныс икемділігіне әсері және кәсіпорында қолданылатын басқа да бақылау рәсімдері.

Нарықтық экономикада фирма (кәсіпорын) қызметінің мақсаты пайда табу екені белгілі. Дәл бұл шарт кезінде фирма тұрақты жұмыс істей алады және өсу үшін негізбен қамтамасыз етеді. Фирманың тұрақты табысы салынған капиталдан алынатын дивиденд түрінде көрініс табады, жаңа инвесторларды тартуға септігін тигізеді және фирманың меншік капиталының өсуіне әкеледі. Бұл мәселенің өте маңызды аспектісі болып бухгалтерлік, кейіннен экономикалық пайда алуудың алғашқы қадамы ретінде фирма қызметінің залалсыздық тұжырымдамасы табылады.

Экономикалық көзқарасы бойынша залалсыздық ұзақмерзімді тепе – теңдік жағдайында болатын қазіргі бәсекелес нарықта фирманың қалыпты күйі. Мұнымен қатар экономикалық пайда, яғни фирманың шығындары инвестицияланатын капитал табысының орта нарықтық ставкасы, сондай – ақ кәсіпорынның қалыпты табысы қосылған кезде пайданың анықтамасы қарастырылады. Осыдан залалсыздық анықтамасы келесі түрде болады.

Іс жүзінде, егер фирманың бухгалтерлік пайдасы бар болса, яғни сатудан түскен табыс пен сатылған өнімнің өндірісіне кеткен ақшалай шығыстардың сальдосы оң болса, онда ол экономикалық пайда мағынасында залалсыздық нүктесіне жетпеуі де мүмкін. Мысалы, фирма пайдасы оның меншік капиталына орташа нарықтық пайызға қарағанда аз болуы мүмкін. Нәтижесінде өте жоғары пайда алуға көмектесетін капиталды қолданудың тиімді әдістері болады. Сөйтіп, залалсыздық нүктесінің түсінігі бір уақытта фирма қызметінің тиімділік критеріі болып табылады. Залалсыздық нүктесіне жетпеген фирма қалыптасқан нарықтық құрылым көзқарасы бойынша тиімсіз

әрекет етеді. Бірақ бұл жайт өз бетімен фирманың жұмысын тоқтату себебі болып табылмайды. Бұл сұраққа жауап беру үшін фирманың шығын құрылымын жете зерттеу қажет.

Фирма тиімді жұмыс атқаруы үшін фирма өз пайдасын жоғарылатуы қажет. Пайданы жоғарылату процесі экономикалық мағынада залалсыздық нүктесін іздеу процесіне теңестіріледі. Пайданы жоғарылату процесін талдау кезінде келесі негізгі түсініктер қолданылады.

Шекті табыс - өнім шығарылымының бір бірлікке өсуі кезінде фирманың жиынтық табысы өзгертін мөлшер.

Шекті шығын - өнім шығарылымының бірлікке өсуі кезінде фирманың жиынтық шығындары өзгертін мөлшер.

Орташа толық шығындар – шығарылатын өнімнің бірлігіне келетін толық шығындар үлесі (яғни тұрақты шығындар + айналмалы шығындар + қайтарылмайтын шығындар).

Микроэкономика курсынан белгілі: кейбір уақыттан бастап (шығарылымның кейбір көлемінен) айналмалы шығындар қисығы өспелі, ал шекті табыс қисығы кемімелі болып табылады. Пайданы жоғарылату мақсаты үшін негізгі болып шығарылымды бір бірлікке өсіру кезіндегі шекті табыс пен шекті шығын арасындағы арақатынас табылады. Шекті шығындар шекті табыстан аз болса, шығарылым өсімі фирма табысының өсуіне әкеледі; шекті шығындар шекті табыстан жоғары болса, фирманың шекті табысының өсуіне өнім шығарылымының төмендеуі әкеледі. Енді максимальды табыс пайда болатын нүктенің критерийлерін анықтауға болады.

Фирманың максимальды табысы шекті табыс шекті шығынға тең болғандағы өндіріс көлемі кезінде пайда болады.

Оптималды нүктеде пайда немесе шығынға жететіндігін анықтау үшін фирма өнімінің бағасы мен орташа толық шығындар арасындағы қатынасты қарастыру қажет. Ең қолайлы болып оны графикалық түрде көрсету табылады.

Өзін өзі бақылау сұрақтары

1. Бюджеттік цикл деген ұғымның анықтамасын беріңіз.
2. Сату бюджеті дегеніміз не?
3. Өндіріс бюджеті дегеніміз не?
4. Тікелей материалдық шығындардың бюджеті дегеніміз не?
5. Тікелей материалдық ресурстарды сатып алудың жоспары дегеніміз не?
6. Тікелей еңбек шығындарының сметасы дегеніміз не?
7. Жоспарлы кезең аяғына қалатын өндірістік және тауарлы қорлардың жоспары дегеніміз не?
8. Сатылған өнімнің өзіндік құнындағы тікелей және үстеме шығындардың сметасы дегеніміз не?
9. Сатылған өнімнің өзіндік құнындағы жалпы әкімшілік шығындарының сметасы дегеніміз не?
10. Операциялық қаржылық нәтижесінің жиынтық есебі дегеніміз не?
11. Бюджеттеу барысында келесі бухгалтерлік жазу нәтижесін талдаушы қалай папайдаланады: Дт 8110 – Кт 1310 ?
12. Бюджеттеу барысында келесі бухгалтерлік жазу нәтижесін талдаушы қалай папайдаланады: Дт 8110 – Кт 1350 ?
13. Бюджеттеу барысында келесі бухгалтерлік жазу нәтижесін талдаушы қалай папайдаланады: Дт 8110 – Кт 3350 ?
14. Бюджеттеу барысында келесі бухгалтерлік жазу нәтижесін талдаушы қалай папайдаланады: Дт 8110 – Кт 3150 ?

15. Бюджеттеу барысында келесі бухгалтерлік жазу нәтижесін талдаушы қалай папайдаланады: Дт 8110 – Кт 3210 ?

Өзін өзі бақылау тестілері

1. Сауда саттықты жоспарлау

- а) Негізгі бюджетті дайындаудың екінші кезеңі
- ә) Сауда саттық бюджетінің негізі
- б) Кәсіпорын қызметінің моделі
- в) Басқару функциясы
- г) Өткен кезең өндірісін талдау
- д) Сауда саттық бюджетінің дайындау базасы
- е) Сауда саттық бюджетінің жобасы және оны бағалау

2. Өнімнің өзіндік құнының бюджетін жасаудағы бюджеттер:

- а) Өнімнің өзіндік құнының бюджеті жасалмайды
- ә) Тікелей және үстеме шығындардың бюджеті
- б) Өндіріс, материалдарды сатып алу, еңбек ақы бюджеті, үстеме шығындардың бюджеті
- в) Жабдықтау, өндіріс, сату бюджеті
- г) Өндіріс, материалдарды сатып алу, еңбек шығындары, үстеме шығыстардың бюджеті
- д) Толық өзінді құн бюджеті
- е) Өндіріс көлемі, материалдарды сатып алу, еңбек ақы шығындары, үстеме шығындардың бюджеті

3. Басқару есебіндегі бюджет:

- а) Ұйым және оның бөлімшелерінің қызметін сандық көріністе көрсететін жоспарлы көрсеткіштер жүйесі
- ә) Ұйымдардың не сату керек екендігін анықтайтын көрсеткіштер жүйесі
- б) Ұйым және оның бөлімшелерінің қызметін толығымен сандық көріністе көрсететін жоспарлы көрсеткіштер жүйесі
- в) Ұйымның өткен мерзімдегі көрсеткіштерін анықтайтын жүйе
- г) Ұйым және оның бөлімшелерінің қызметін толықтай сандық көріністе көрсететін жоспарлы көрсеткіштер жиынтығы
- д) Ұйым және оның бөлімшелердің өндіріс процесін қадағалайтын процесс
- е) Ұйымдардың не өндіру керектігін анықтайтын көрсеткіштер жүйесі

4. Бюджеттік жүйенің түрлері

- а) Сауда саттық бюджеті
- ә) Статистикалық бюджет
- б) Негізгі және статистикалық
- в) Бас және операциялық
- г) Өндірістік бюджет
- д) Негізгі және функционалдық
- е) Негізгі және жедел

5. Өнімді өткізуден түсетін түсімдер көлемін жоспарлау және өткізу көлемін жоспарлауға қатысты өнім көлемі

- а) Негізгі бюджетті әзірлеу үшін қажетті мәлімет
- ә) Тиелген өнім саны
- б) Сату көлемін есептеу үшін қажетті ақпарат

- в) Өткізілген өнім көлеміне байланысты келіп түскен ақша қаражаты
- г) Өткізу бюджетінде бейнеленеді
- д) Өндірістік бюджетте бейнеленеді
- е) Түсімді есептеуге қажетті мәлімет

2. Нөлдік база бойынша смета құру

- а) Төменгі звеноның дайындаған шешім пакеті негізінде әрбір звеноға шешім әзірленеді
 - ә) Негізгі бюджет негізінде
 - б) Статистикалық бюджет түрі
 - в) Өндірістік бағдарлама негізінде
 - г) Жедел бюджет негізінде
 - д) Бюджеттеу үрдісі төменгі звенодан басталады
 - е) Сауда бюджеті негізінде жасалады

3. Кәсіпорынның қызметін толық және құрылымдары бойынша бағалау көрсеткіштері, жоспарлардың нұсқаларын есептеу, түзетулер ескерілген жоспарлау

- а) Қаржылық бюджетті құру
- ә) Басқару қызметі
- б) Бюджеттік цикл
- в) Бюджетті құру бірізділігі
- г) Операциондық бюджетті құру
- д) Бюджетті құру үрдісі
- е) Жоспардың орындалуын бақылау

4. Сату бюджеті, өндірістік бюджет, материалдық бюджет, еңбек бюджеті, өндірістік үстеме шығындар бюджеті, өнімнің өзіндік құн бюджеті, есепті кезең соңындағы қорлар бюджеті, өткізілген өнімнің құн бюджеті, коммерциялық шығындар бюджеті, әкімшілік шығындар бюджеті

- а) Қаржылық бюджет
- ә) Бюджет элементі
- б) Функционалдық бюджет
- в) Міндетті бюджеттер
- г) Мемлекеттік бюджеттер
- д) Операциондық бюджет
- е) Жеделдетілген бюджет

5. Жауапкершілік орталықтары бойынша есеп жүргізгендегі смета (бюджет):

- а) Қаржылық
- ә) Икемді
- б) Өзгеріске түсетін
- в) Нормативті
- г) Жоспарлы
- д) Өзгертуге болатын
- е) Операционды

6. Менеджерлер жұмысының тиімділігін бағалау, қызмет түрлерін басқару және ынталандыру, құрылымдық бөлімше қызметтерін координациялау, операцияларды жоспарлау

- а) Сатып алу бюджетін құру

- ә) Бюджеттеу Перемешивать ответы:
- б) Өнімге жасалатын тапсырыс бойынша мүмкіндіктер
- в) Бюджет функциясы
- г) Сатуды жоспарлау бойынша шешімдер қабылдау
- д) Сметаны құру мақсаты
- е) Қабылданған бюджеттің функциялары

Жауаптар

- 1) ә, д, е;
- 2) б, г, е;
- 3) а, б, г;
- 4) в, д, е;
- 5) б, г, е;
- 6) а, б, д;
- 7) б, в, е;
- 8) б, д, е;
- 9) ә, б, д;
- 10) в, д, е;

ГЛОССАРИЙ

Ағымдағы қалпына келтіру құны – есептілік күніне активті сатып алу нәтижесінде мемлекеттік мекемеде туындауы мүмкін шығындар;

Амортизация – пайдалы қолдану мерзімі ішінде активтің құнының жүйелі бөлінуі.

Активті алмастыру құны – бұл активтің жалпы пайдалы әлеуетін алмастыру үшін қажет құн. **Активтің өтелетін құны** – сатуға және оның тұтыну бағасына (пайдалану құндылығын) жұмсалатын шығындарды алып тастағанда активтің әділ құнының ең көп мәні.

Активтің құнсыздануы – ішкі немесе сыртқы факторлардың әсерінен туындаған активтің елеулі арзандауы.

Ақша қаражатының ағыны – ақша мен олардың баламаларының ағындары (түсімдері) мен шетке кетуі (төлемдер).

Ақшалай балама – ақша қаражатының белгілі бір сомасына оңай айырбасталатын және құндылықтың өзгеруінің елеусіз тәуекеліне ұшырайтын қысқа мерзімді, жоғары өтімді инвестициялар.

Ақшалай емес (монетарлы емес) баптар – ақшалай болып табылмайтын баптар.

Ақшалай (монетарлы) баптар – иелікте бар ақшалай қаражат, алуға немесе тіркелген немесе анықталған сомада төлеуге жататын активтер мен міндеттемелер.

Аннуитет – белгілі жылдар саны ішінде жүйелі төлемдер арасындағы тең аралықтағы, бір бағыттағы төлемдердің ағымы.

Алдын ала жасалатын калькуляция - өнімді шығарғанға дейін өндіріске қажетті деңгейдегі шығындардың мөлшерін топшылайды.

Активтің құнсыздануынан болатын шығын – оны алмастыратын құннан асатын активтің баланстық құнының сомасы.

Ағымдағы шығын нормасы - өндірістің жоспарланған тиімділігін камтамасыз ететін аз уақыт аралығындағы шығын.

Азаймалы шығын - өзгермелі шығындардың әр түрлілігі. Шығынның өсу қарқыны ұйымның іскер белсенділігінің өсу қарқынынан бәсең болады.

Айналымдылық коэффициенті - материалдар тобының қорларына жұмсалған күрделі қаржының орташа сомасын ТМҚ (тауарматериалдық құндылықтар) осы тобының қорын ұстауға кететін жыл сайынғы жалпы шығын сомасына бөлу арқылы алынатын шама.

Айырбасталмайтын операциялар – айырбастаулы болып табылмайтын операциялар. Айырбасталмайтын операцияларды жүзеге асырғанда мемлекеттік мекеме не шамамен құнына тең айырбасқа тікелей тапсырусыз басқа ұйымнан құн алады не шамамен құнына тең айырбасқа тікелей алусыз басқа тарапқа құнды тапсырады.

Айырбасталатын операциялар – бұл операцияларды жүзеге асыру кезінде мемлекеттік мекеме алынатын активтерге/қызметтерге, өз міндеттемелерін өтеуге айырбасқа шамамен құнға тең баламаны тапсырады (негізінен ақшалай қаражат, көрсетілетін қызметтер немесе қолдануға басқа активтерді ұсыну түрінде).

Ақпарат - белгілі бір пән туралы білімізді кеңейтетін фактілер, деректер, қадағалау.

Ақпараттық есеп беру - кәсіпорын басшыларына бөлімшелерде болған оқиғалар туралы хабарлайды. Сұрау салу бойынша жасалады.

Алдын ала жасалатын калькуляция - өнімді (қызметті, жұмысты) шығарғанға дейін өндіріске қажетті деңгейдегі шығындардың мөлшерін топшылап алдын ала олардың өзіндік құнын табу.

Амортизация - тозу дәрежесіне қарай еңбек құралының құнын осы құралдың көмегімен өндірілетін өнімге біртіндеп көшіру процесі.

Ауқымды база - шығын өзін белгілі бір түрде көрсететін әрі нақты білінетін тенденциясы болатын ұйымның іскер белсенділігінің белгілі бір кезеңі.

Ауылшаруашылық қызметі – субъектінің биологиялық активтерді сату, ауылшаруашылық өнімін алу немесе қосымша биологиялық активтерді өндіру мақсатында биологиялық активтердің биоөзгеруін басқаруы.

Ауытқу - алдын ала белгіленген нормативтер немесе сметалық деректер мен нақтының арасындағы арифметикалық айырмашылық.

Аяқталмаған өндіріс - технологиялық ерекшеліктің күшімен белгілі бір сәтте дайын өнімге айналмаған өндірістік ресурстар шығыны.

Әділ құн – актив айырбастала алатын сома, ол бойынша жақсы хабардар, мұндай операция жасауға ниетті, тәуелсіз тараптар арасында операциялар жасағанда міндеттеме өтеле алатын сома.

Бағалау - шешім қабылдаудың барлық жүйесін талдаудың соңғы процесі; қойылған мақсатқа (кері байланыс) жету анықталады; ауытқу себептері: жоспарлау кемшіліктері; оперативті шешімдер санын көбейтуге әкелген іс-қимылдың қолайсыз жақтары; бақылау жүйесінің басқару талаптарына сәйкессіздігі; қате мақсатты таңдау айқындалады.

Бағамдық айырма – басқа валюталық бағамдар бойынша бір валюта бірлігінің бірдей санын басқа валютаға қайта есептеу кезінде туындайтын айырма.

Бағдарланбаған шешімдер — стандартталған емес, әлсіз құрылымдық жағдайындағы жаңа шешімдер үшін, әдеттегі мәселелерді шешуде қолданады.

Бағдарланған шешімдер — алдың-ала белгіленіп, дайын процедурасы бойынша жүретін, дәстүрлі және стандартталған шешімдер.

Базистік стандарттар - жылдың басында белгіленіп, жыл бойы өзгеріссіз қалады.

Бақыланатын шығындар – кәсіпорында жұмыс істейтін тұлғаның - басқару субъектілерінің тарапынан бақылауға көнетін шығын.

Бақыланбайтын шығын - кәсіпорында жұмыс істейтін тұлғаның - басқару субъектілерінің тарапынан бақылауға көнбейтін шығын.

Бақылау - менеджер, басшылық тарапынан нақты және толық жоспарларды тексеруді жүзеге асыру.

Бақылау үдерісі - пайда болған ауытқуларды ашу мен жоюға мүмкіндік беретін, кәсіпорын қызметін бұрын белгіленген тапсырмаларды орындауға бағыттайтын жоспарлау мен талдауды аяқтау процесі Басқару есебінің ақпараты оперативті басқаруда бухгалтерлік мәліметтермен нығайтылады және кейде толықтырады. Өз кезегінде қаржылық есеп мәліметтері жанжақты қарастырылады; басқару есебінен түсетін ақпаратпен толықтырылады.

Бақылаушы шоттар - сол кезең операцияларының жиынтық сомасы бойынша жазбалар жасалатын жиынтық шоттар. Бақылаушы шоттар жүйесі қаржылық және басқару есебі арасын байланыстыратын буын болып шығады және есептік жазбалардың толықтығы мен дұрыстығын анықтауға жол ашады **Бас (жалпы) бюджет (смета)** - барлық ұйымның қызметін қамтитын қаржылық құжат.

Баланстық құн – ол бойынша актив немесе міндеттеме бухгалтерлік баланста танылатын сома.

Басқару аппараты - кәсіпорын қызметіне басшылық жасайтын қызметкерлердің немесе басқа өндірістік бірліктердің жиынтығы.

Басқару есебінің қағидалары - кәсіпорын қызметінің үздіксіздігі; жоспарлау мен ептеу (жоспарлы-есептік) үшін кәсіпорын бөлімшелерінің іс-әрекет нәтижелерін бағаларын өлшеу бірдей бірлігін пайдалану; басқару мақсатымен алғашқы және аралық ақпараттың жалғастығы, сабақтастығы және бірнеше рет пайдаланылуы; ішкі есеп беру көрсеткіштеріне басқару деңгейлері арасындағы қатынастық байланыс негізі ретінде қалыптастыру; шығындарды, қаржыны, коммерциялық қызметті басқарудың бюджеттік (сметалық) тәсілдерін қолдану; есеп объектілері туралы тура ақпаратты қамтамасыз етудің толықтығы мен талдаушылығы; есеп саясаты белгілеген кәсіпорынның өндірістік және коммерциялық циклдарын көрсететін мерзімділік.

Басқару есебінің құрамдас бөліктері - жабдықтау-дайындау қызметінің басқару есебі, өндірістік қызметінің басқару есебі, қаржылық - өткізу қызметінің басқару есебі, ұйымдастыру іс-әрекетінің басқару есебі.

Басқару функциясы - объектіге жалпы біріктірілген процестер немесе әрекеттер, шешімдер жиынтығы және өндірісті басқару бойынша шешілетін міндет.

Биологиялық актив – жануар немесе өсімдік.

Болашақ кезеңдердің кірістері – болашақ кезеңдерге жатқызылған, бірақ іс жүзінде есепті кезеңде алынған кірістер.

Болашақ кезеңдердің шығыстары – осы кезеңде жүргізілген, бірақ болашақ кезеңдерге жатқызылған шығыстар.

Бөлек алынатын өнім өндірісінің пайдалылық орталығы - жауапты орталықтардың әр түрлілігі, онда табыс шығарылған өнімдердің ақшалай көрінісі болады, ал шығын пайдаланылған ресурстар, пайда - өндірістік ресурстардың берілген мөлшеріндегі кірістер мен шығыстардың арасындағы айырмашылық.

Бухгалтерлік басқару есебі - ұйым қызметін жоспарлау, бақылау және оның өзгегінен басқарылуы үшін басқарушы қызметкер ақпаратпен қамтамасыз ететін бір ұйымның аясындағы қызмет түрі. Басқару есебіндегі ақпарат базасының негізіне - кәсіпорын шығындары туралы деректер жатады.

Бухгалтерлік есеп - бухгалтерлік қаржылық және бухгалтерлік басқару есебін айрықшалайды. Біріншісінің мақсаты сыртқы пайдаланушыларды бухгалтерлік ақпаратпен қамтамасыз ету, екіншісінікі - ішкі пайдаланушылар.

Бухгалтерлік модель - өндіріс көлемінің өзгерісіне қарай жиынтық табыс пен шығынға желілік тәуелділік графигі.

Бір шеңберлі (интеграцияланған) жүйе - қаржылық және басқарушылық есепке шоттар мен бухгалтерлік хаттаудың (жазбаның) бірыңғай жүйесі қолданылатын бухгалтерлік есепті ұйымдастыру.

Бірыңғай жалпы зауыттық мөлшерлеме - бөлімшелермен орындалған және бір тапсырысқа қатысты барлық жұмыс уақытындағы бірдей шығыны бар өндірістік бөлімшелерге үстеме шығынды бөлу мөлшерлемесі.

Бюджет - жоспардың сандық көрінісі оның орындалуын бақылайтын құрал және реттеу әдісі.

Бюджеттендіру – кәсіпорын мен оның бөлімшелерінің қызметін басқару әдісі.

Бюджеттеу - өндірістегі қысқа мерзімді жоспарлау.

Валюталық бағам - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкімен бірлесіп белгіленген тәртіппен айқындалған, бір валютаны екіншісіне айырбастау коэффициенті.

Дайын өнім - өндірістің барлық стадияларынан өткен, техникалық талаптар мен стандарттарға сай келетін, пайдалануға дайын қоймаға өткізілген немесе сатуға арналған өнімдер.

Директ-костинг» – өзіндік құнды есептеу жүйесі **Жалпы өнім** – есептік кезеңде шығарылған барлық дайын өнім құнынан өз өндірісінің жартылай фабрикаттар құнын алып тастағандағы өнімдер құны. Оған басқа жақтарда және өзінің әлеуметтік сферасында көрсеткен қызметтерінің құны да қосылады.

Жалпы өнім – есептік кезеңде шығарылған барлық дайын өнім құнынан өз өндірісінің жартылай фабрикаттар құнын алып тастағандағы өнімдер құны.

Жанама шығындар бірнеше өнім түрлерінің өндірісімен байланысты, өнімнің өзіндік құнына оларды тарату арқылы енгізілетін шығындар.

Жартылай фабрикаттар - өндеудің алғашқы этаптарынан ғана өткен, әлі де өндеуді қажет ететін бұйымдар. Дайын өнімді баланста іс жүзіндегі өзіндік құнымен бейнелейді.

Жоспарлы калькуляция - өнімге (жұмысқа, қызметке) және бұйым бірлігіне мүмкін болатын шығындардың деңгейінде анықталады, бірақ ол кезде жалақының, энергияның, отынның, материалдардың нормасы, өндірістің технологиясы, сондай-ақ резервтері ескеріледі.

Ең аз жалдау төлемдері – жалға алушыдан шартты жалдау төлемін, жалға беруші төлейтін қызметтер мен салықтардың төлемі бойынша соманы немесе оған қайтарылатын соманы алып тастағанда жалдау мерзімі бойы талап етілетін немесе талап етіле алатын төлемдер.

Есептеу әдісі – операциялар мен оқиғалар орын алған есепті кезеңдегі (ақшалай қаражаты мен олардың баламаларының нақты түсімі мен төлеміне байланысты емес) оларды жасау фактісі бойынша танылатын бухгалтерлік есеп әдісі.

Есеп саясаты – барлық мемлекеттік мекемелер үшін бірыңғай болып табылатын, мемлекеттік мекемелер қаржылық есептілікті жасау және ұсыну кезінде қолданатын қағидаттар, негіздер, ережелер, қағидалар мен тәжірибе.

Инвестициялық жоба — бұл экономикалық пайда табу мақсатымен ұзақ мерзімге жұмсалатын ақшалай және басқа да ресурстар.

Калькуляция - өнімнің бір бірлігін өндіруге кеткен шығындардың ақшалай бейнедегі көрінісі.

Калькуляциялық өлшем бірліктері - натуралды бірліктер (дана, метр, килограмм, тонна, литр); ірілендірілген бірліктер (артикул, преysкурант, 100 дана

дайын өнім); шартты-натуралды бірліктер (100% спирт, 3,2% сүт), сандық бірліктер (теңге, доллар, евро), еңбек бірліктері (норма сағат, норма тәулік).

Кейінгі (немесе кезекті) калькуляция өнім шығарылғаннан соң бухгалтерлік есеп мәліметтері бойынша жасалын калькуляция.

Көпшілік өндіріс – үздіксіз ұзақ уақыт ағымда бір түрлі өнім шығаратын өндіріс типі.

Маржиналды табыс – бұл өнімді сатудан түскен түсім мен айнымалы шығындар бойынша есептелген, толық өзіндік құнның арасындағы айырма.

Міндеттемелер – бұл өткен мәміленің нәтижесі, ол жүзеге асқандықтан қарызданушының міндеттемесінің пайда болғанын, белгілі бір әрекеттің кредитор пайдасына жасалатындығын көрсетеді

Мөлшерлеу (нормалау) - ресурстардың барлық түрлерін тиімді пайдалану мен шығындарды өнімге айналдыратын ең өнімді жолдарды іздестіруді қамтамасыз ететін оңтайлы нормалар мен нормативтерді ғылыми негізделген есептеу процесі. Мөлшерлеусіз қорлар мен іс жүзіндегі шығындар жағдайын бақылау мен басқару есебі жүйесін ұйымдастыру мүмкін емес. Мөлшерлер бақылау жүйесінің негізгі ретінде жауапкершілік, азық-түлік және операциялар орталықтары бойынша жіктеледі және топтастырылады.

Нормативтік калькуляция ағымдағы жоспарлы калькуляцияның бір түрі болып табылады.

Өнімнің өзіндік құнының нақты (есеп беру) калькуляциясы нақты шығындармен сипатталады, ал ол жоспардан кәсіпорынға байланысты себептері бойынша да (өнімді өндірудің орындалуы немесе орындалмауы, кейбір шығындар түрлерінің артық немесе кем жұмсалуды) және оған байланыссыз себептері бойынша да (материалдарға бағанын өзгеруі, амортизациялық аударымдардың нормасы, суға, газға, жылуға, электр энергиясына тарифке өзгерістер енгізілуіне байланысты) ауытқуы мүмкін.

Өндіріс бюджеті - субъектінің алдын ала толтырып, орындалуы мерзім соңына дейін бақылауда болатын өнімдерді, қызметтер мен жұмыстарды өндірудің үдеріс жоспары.

Өндірістік есептің негізгі мақсаттары - _ассортименті және сапасы бойынша өнім шығаруды есептеу; өзіндік құнды төмендетуге шаралар өткізу; өнімнің өзіндік құнын дұрыс калькуляциялау; өндірістің пайдаланылмаған резервтерін айқындау.

Өндірістің зиянсыздығы- өндірісте не табыс, не зиян болмағанда қалыптасатын жағдай.

Релевантты шығындар – ұйымда басқарушылық шешімдер қабылдау үшін қолданылатын өндірістік шығындар жиыны.

Сату бюджеті – субъектінің алдын ала толтырып, орындалуы мерзім соңына дейін бақылауда болатын өнімдерді, өызметтер мен жұмыстарды тұтынушыға өткізу жоспары.

Сметалық калькуляция - бұл жоспарлы калькуляцияның бір түрі, ол жоспарланған және жаңадан игерілген бұйымның негізінде жасалады. Ол жоспарлы калькуляцияны жасауға негіз бола алады.

Табыстар – бұл ұйымның негізгі және негізгі емес қызметінің нәтижесі.

Тауарлы өнім – есептік кезеңде шығарылған, өз өндірісінің және тапсырысшының материалдарынан жасалған, техникалық бақылаудан өтіп, қоймаға тапсырылған өнімдер құны.

Топтастыру мен жинақтап қорыту, бақылаушы шоттарды пайдалану - белгілі бір белгілер бойынша объекті туралы ақпаратты жинақтауға және жүйелендіруге мүмкіндік беретін тәсіл. Топтастырылған ақпарат іс-әрекет нәтижелерін бағалау мен шұғыл және стратегиялық шешімдер қабылдау үшін тиімді пайдаланады.

Түгендеу - объектінің іс жүзіндегі жағдайын, сондай-ақ есептік мәліметтерден ауытқушылықты, есепке алынбаған құндылықтарды, шығындарды, кем шығуды, ұрлықты анықтау тәсілі.

Тікелей материалдық шығындардың бюджеті - субъектінің алдын ала толтырып, орындалуы мерзім соңына дейін бақылауда болатын тікелей материалдық шығындардың жоспары.

Тікелей еңбек шығындарының сметасы - субъектінің алдын ала толтырып, орындалуы мерзім соңына дейін бақылауда болатын тікелей еңбек шығындарының жоспары.

Тікелей шығындар алғашқы құжаттардың негізінде белгілі өнім (қызмет, жұмыс) түріне жатқызуға болатын шығындар. Оларға материалдық шығындар, еңбек ақы және одан аударымдарға шығындар жатады. Барлық тікелей шығындар калькуляциялық шоттарда бейнеленеді.

Үстеме шығындар - өндірісті басқарумен және қалпында ұстаумен байланысты шығындар.

Шамаланған калькуляция-нақты шығындар және тоғыз айдың ішінде алынған өнімдер немесе басқа да кезеңге есептелген шығындар деңгейінде жасалады

Шартты - ауыспалы шығындар - өнім шығару көлеміне сәйкес азайып немесе көбейіп отыратын шығындар.

Шартты – тұрақты шығындар - өнім шығару көлемі өзгергенде шамасы өзгермейтін шығындар.

Шығын – белгілі бір мақсатта пайдаланылған ресурстардың ақшалай баламмен көрсетілген шамасы.

Шығыс – бірлестіктердің, кәсіпорындардың, ұйымдардың өнімді өндіруге (жұмыстарды орындауға, қызметтерді көрсетуге), айналысқа жіберуге және өткізуге ақшалай нысанда жұмсаған шығындар жиынтығы.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Өндірістік және басқарулық есеп: Оқу құралы / Нуркашева Н.С, Жарылкасинова М.Ж, Алайдарқызы Қ. Кеулімжаев Қ.К.- Алматы, 2019.- 244 б
2. Кеулімжаев Қ.К, Нуркашева Н.С, Жарылкасинова М.Ж. Өндірістік және басқарушылық есеп: Оқу құралы.- Алматы, 2019.- 244 б.
3. Тайгашинова К. Басқару есебі:Оқу құралы.-Алматы: ЛЕМ,баспасы,2011.- 332б.
4. Товма, Н.А. Управленческий учет: Учебное пособие / Н.А. Товма.- Алматы: Қазақ университеті, 2019.- 184 с.
5. Управленческий учет.: Учебное пособие / Н.А. Товма.- Алматы: Қазақ университеті, 2019.- 184 с.
6. Сарбасова А.Қ., Бейсенбаев Ж.Т. Экономика және өндірісті ұйымдастыру: Оқу құралы.- Алматы: Қазақ университеті, 2010.- 184 б. 18, 6 мб
7. Жапаров К.Ж., Сатубалдина В.С.Басқару есебі-2 Оқу-әдістемелік кешені - Қостанай: А.Байтұрсынұлы атындағы ҚМУ, 2010 –108 б
8. Серебренников, Г.Г. Основы управления затратами предприятия: Учебное пособие .- Тамбов: Изд-во ТамбГТУ, 2010., 0, 6 Мб.
9. Управленческий учет: Учебное пособие / Н.А. Товма.- Алматы: Қазақ университеті, 2019.- 184 с.

10. Сарбасова А.Қ., Бейсенбаев Ж.Т. Экономика және өндірісті ұйымдастыру: Оқу құралы .- Алматы: Қазақ университеті, 2010. 18, 6 мб.
11. Туребаева, Ж.К. т.б.Басқару есебі 1 : Оқу құралы. - Шымкент: "Мирас" университеті, 2018. - 273б.
12. В.Ф. Володько. Организация производства и управление предприятием. Минск БНТУ, 2017, 13,2 Мб
13. Жаксыбергенов А.Г Организация и планирование производства на предприятиях. Алматы: РИО АТУ, 2016. - 235 с. 2,50 мб
14. Меньщикова Ф.Ф. Экономика и организация производства, Пермь, 2016. 49 Мб
15. Попова Л.А. Управленческий учет – 1. Темиртау, 2016., 8,4 Мб
16. Алданиязов, К.Н. Управленческий учет и анализ: Учебное пособие / К.Н. Алданиязов.- 2-е изд.- CD.- Алматы: NURPRESS, 2014.- 204 с.: 2.46 мб.
 1. Волкова О. Н.Управленческий учет. Москва, 2017. 69 мб
 2. Управленческий учет 1: Учебник / А.А. Корженгулова.- Алматы: Фортуна полиграф, 2019.- 230с.
 3. Нургазина, Ж.К. Управленческий учет: Учебник; Алматы: Фортуна полиграф, 2019.- 280с.